

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шапшақ...

АБАЙ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

6/2014

МАУСЫМ

МАЗМҰНЫ

Әлия НИСТАЛИНА, Жанаргүл ҚАБАШЕВА.	<i>Көкейкесті көзқарас</i>	
	Тіл дамыту – ой дамыту.....3 ҰБТ-ға әзірлеуде қазақ әдебиеті пәнінен оқушы білімін тұрақтандыру жолдары.....19	
Әсем ШІРІМОВА.	<i>Авторлық бағдарлама</i>	
	«Махамбеттану» қолданбалы курсы.....25	
<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>		
Бақытжамал БАЗЫЛРАХМАНҚЫЗЫ.	Қайталау сабағы – лексикадан.....32	
Рабиға СҰЛТАНҚҰЛҚЫЗЫ.	Лексика әлемі.....37	
Роза БЕКМОЛДИНА.	Эвфемизм мен дисфемизм.....42	
Әсел ЕРМЕНТАЕВА.	Төл сөздің төлеу сөзге айналуы.....45	

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Марфуға СЛЯМҚАНҚЫЗЫ.	Абайды оқы, ерінбе!.....48
Әсел ЖАПАЕВА.	Өлең – өмір, өлең – өнер.....51
Самал ҮМІТБАЕВА.	Ш.Мұртаза. «Бесеудің хаты».....56
Аманкүл ПАЛУАНОВА.	«Әнші» әсері.....61
Есениз БАЗАРОВ.	Біржан сал – Абай ауылында.....65

Жас маманға жәрдем

Айжан АБАДИЛОВА.	Дауысты дыбыстар және жаттығу жұмыстары.....70
Аян ЕҢСЕБАЕВ.	Көнерген сөздер мен архаизмдер.....73
Әсемгүл ӘБШЕВА.	«Абай жолы» композициясы мен жыры.....76
Адуаш ТӨРЕХАНОВА.	«Батыр Баян» болмысы.....82
Жүрсін ҚАМЫШЕВА.	«Туған жер» жайлауында.....84

Сыныптан тыс сабақ

Жаңагүл ҚОСАҚБАЕВА.	«Асыл сөз» зияткерлік байқауы.....90
---------------------	--------------------------------------

Бір тақырыпқа - қос мақала

Жазира ТӨЛЕУБАЕВА.	Аңызға айналған ғұмыр.....99
Ғазиза ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ.	Әрі ақын, әрі жырау.....114

Әдебиет әлемінде

Гүлбарам ШӘРБЕКОВА.	«Өксікпен өткен өмір».....118
Роза ОРЫМБЕКОВА.	Желден жүйрік жануар.....121
Майра МАХАНБЕТҚҰЛОВА.	Махамбет өлеңдеріндегі өзгешеліктер.....126
Гүлназ ҚАЛИМАЖАНОВА.	Сымбатты сұлу дүние.....130
Тілекші ҚАНАТҚАЛИЕВА.	«Сұлушаш» поэмасы.....134
Құрманжан НҮРБЕКҚЫЗЫ.	«Күралай сұлу» құпиясы.....138

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұрселді Уәлиұлы.

**Әлия НИЕТАЛИНА,
Б.Сүлейменов атындағы
орта мектептің мұғалімі.**

Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы.

ТІЛ ДАМУЫ – ОЙ ДАМУЫ

Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады. Тіл дамыту – жүйелі түрде үнемі жүргізіліп отыратын оқу жұмысы. Бірақ қазақ тілін оқыту әдістемесінде тіл ұстарту мәселесі әлі нақтыланбай, жүйелі жүргізілмей келеді.

Қазақстан Республикасының орта білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Әрбір баланың жеке тұлғалық қасиеттерін ашу, оның ізденісіне, бейімділігіне көмек беру, жағдай туғызу және осылайша оған түпкілікті өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру – білім берудің түпкі мақсаты», - делінген. Бұл тұжырым тікелей тіл дамыту алдындағы қазіргі мақсатты айқындайды. Сонымен тіл дамыту арқылы жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру, олардың қабілеті, дарынын дамыту,

өзін-өзі тануына тікелей ықпал ету, өмірге бейімдеу қазіргі тіл дамытудың негізгі мақсаты болып табылады. Тіл дамыту жұмысының түрлері мен әдіс-тәсілдерін өз тәжірибеме сүйене отырып баяндамақпын.

Тіл дамыту жұмысы негізінен екі бағытта жүргізіледі.

Ауызша тіл дамыту:

Жазбаша тіл дамыту:



<p>1. Көркем әдебиет оқу. 2. Пікірталас. 3. Рөлдік ойындар. 4. Сыныптан тыс шаралар.</p>	<p>1. Көркем шығармаға жоспар құрғызып, кейіпкерлеріне мінездеме жазу. 2. Сурет бойынша әңгіме жазу. 3. Тақырып бойынша мәтін құрастыру, ой толғау жазу. 4. Бір жағдаят, фабула айтып, сол бойынша әңгіме құрау. 5. Мәтіннің алғашқы бөлігін оқып, жалғасын дамытып жазу. 6. Әдеби кейіпкерлермен сырласу, оларға ашық хат. 7. Ұсынылған тақырыпқа сценарий жазу. 8. Оқып жатқан көркем шығармаға рецензия жазу. 9. Жыл ішіндегі қызықты оқиғалардан күнделік жазу. 10. Мектеп, ауыл өмірі, игі бастамалар, үлгілі істер, т.б. туралы мақала жазу. 11. Тақырыптық және еркін тақырыптағы шығарма жазу.</p>
--	--

Тіл дамыту сабақтарының алдына қойып отырған мақсаты – оқушы тілін дамыта отырып, шығармашылық сөйлеу және жазу деңгейін көтеру. Тіл дамыту сабағын әр мақсатта түрлендіріп өткізген тиімді. Бірде сурет бойынша шағын мәтін құрастыру, белгілі бір тақырыпта мақала, әңгіме, суреттеме жазу немесе тақырыптық шығарма, әдеби кейіпкерлермен сырласу, авторға хат жазу немесе өлең жолдарының жазылмаған соңғы екі тармағын ұйқастырып, ойлап табу тапсырылады.

Сондай-ақ өлең жолдарын қарасөзге айналдырып жазу, қарасөзбен берілген ойды өлеңмен жеткізу де оқушы ойының ұшқырлығын дамыта түседі. Мұндайда бір-екі өлең жолдарын жұмбақтап жазып, келесі жолдардың құпиясын шешуді өздеріне қалдырамын.

Тіл дамыту жұмысы мынадай мақсаттар негізінде жүргізіледі:

1. Аз сөзге көп мағына сыйғызу.
2. Ойын бейнелі, айшықты жеткізу.
3. Ауызекі сөйлеу тіліндегі мәнерлілік, айқындылық, нақтылық, жүйелілік.
4. Жазба тілдегі жаттықтық, сөздерді түрлендіре пайдалану, шешендік сауаттылық, жазу мәдениетіне қойылатын талаптарды меңгеру.

Көркем әдебиет оқу – рухани қазына

Тілді дамыту көркем әдебиет оқу арқылы да жүзеге асады. Психологтердің зерттеуіне сүйенсек, бүгінгі оқушылар үлкен кітаптың алдында қорқыныш сезімдерін білдіреді. Көркем әдебиет оқымайды. Әдебиет сабақтарының сипаты көркем әдебиетпен тығыз байланысты. Түпнұсқаны оқымаған оқушы көркем өмірдегі шындықты шынайы ұғынбайды.

Тіл құдіреті мен әдебиет күші адамды рухани байытып, жанын сұлуландырады, ізгілікке, адамгершілікке баулиды. Бұл орайда пәндік сабақтарға ғана арқа сүйеп қана қоймай, сыныптан тыс оқу бойынша дәрісті дамыта түсу керек. Сыныптан тыс оқуға арналған шығармаларды мұғалім оқу жылына және жазғы демалыс кезіне бөлген дұрыс. Әрбір оқушы оқып шыққан шығарманың авторын, негізгі кейіпкерлерін, қысқаша мазмұнын, өздеріне ұнаған,

ерекше әсер қалдырған тұстарды арнаулы дәптер-журналға түсіріп отырады.

P/C	Кітаптың аты, авторы, шыққан жылы	Қысқаша мазмұны	Басты кейіпкерлер	Өзіндік пікір (ұнаған сөздер, мақал-мәтел)
-----	-----------------------------------	-----------------	-------------------	--

Оқыған көркем әдеби кітаптарының бірінің мазмұны бойынша мына жоспар сұрақтарына жауап жазады:

1. Кітаптың авторы, аты, қай жерде, қай баспада, қашан басылған?
2. Шығарманың қысқаша мазмұны.
3. Басты кейіпкерлер және олардың бойындағы ұнамды, ұнамсыз қасиеттер.
4. Шығарманың айрықша ұнаған жерлері мен жеке көріністері, кейіпкерлердің ісі, табиғат суреті.
5. Шығарманың идеясы.
6. Шығарманың тілі, көркемдік ерекшелігі, стилі.
7. Өзіңнің қорытындың.

Кейін төселе келе шығарманың идеясы мен композициясы, тіл ерекшелігі, портрет, суреттеулер жөнінде пікір білдіруде оқушының тіл шеберлігі, дағдысы қалыптаса бастайды. Сабақта жеке тақырыптардың мазмұнын айтқызумен, образдарды талдаумен шектелмей, оқушылардың сыншылдық көзқарасын оятып, «Автордың айтпағы, ұсынар идеясы не?, Шығарманың берер тәлім-тәрбиесі қандай?» деген сұрақтарға жауап табуға құлшындыру керек. Сондай-ақ сыныптан тыс оқыған шығармасына пікір жазып, тәуір жазылғандарын үлгі етіп, өзгелерге оқып, жетістік, кемшілік тұстары да айтылып, ортада пікір

тудыруға болады. Сыныптан тыс оқуға ұсынылған шығармалардың ұнаған жерлерінен үзінді келтіріп, оған талдау жасау тапсырылады. Шығармашылық талдау жаттығулары арқылы оқушы көркем шығармада қолданылатын метафора, эпитет, тенеулердің рөлі айрықша екенін түсініп, өмір құбылыстарын бейнелі түрде танытудың аса тиімді тәсіл екендігін ұғына алады.

Көркем әдебиет – сөз өнері, көркем шығармадағы шындық, халықтың асыл ойлармен зерлеген баға жетпес рухани қазынасы. Көркем әдебиет көкірек көзінді ашады, адамзат өмірінің картинасын тұтастай көз алдыға әкеледі. Сен өзіңше ой түйіп, қорытынды жасайсың. Қалай өмір сүру керектігінің жауабын табасың. Қилы тағдырлар, адамдар тобы, жауыздық пен ізгілік, жомарттық пен сараңдық, зұлымдық пен парасат та, шұрайлы сөз де – бәрі сонда. Оқырманның көз алдында жаңа әлем туады. Сыры мол беймәлім әлем оқушының білу құштарлығын оятады. Оқушыда шығармашылық жұмыспен шұғылдануға әрекет пайда болады. Шынайы өмірді көркем шығармадан оқып, қиялы шарықтаған оқушы Бибігүл Иманғазинаның «Тауқымет» романын оқығаннан кейін сезім-толғанысын былайша өрнектейді: «...Міне, кітаптың соңғы беті де жабылды. Еңсемді көтеріп, еріксіз ой жетегіне ілесіп кете бардым. Тап осы сәтте мен жапанда жалғыз қалған бәйтеректей алай-дүлей күй кешудемін. Қандай аянышты тағдыр десенізіші! Бір адамның басына осыншама қасірет төгетін өмірге қалай ғана әділ деп төрелігін айта аларсыз. Иә, өмір әділетсіз. Алайда өмір атты телегей теңіздің тереңіне бойлап, сарқылмас асыл-маржан қазыналарын алақанына қондыра білген

жандардың да куәгері бола отырып, кей жағдайда «бұл ойым жөнсіз-ау» деп те қаласыз. Сонда қалай, өмірдің әркімге деген көзқарасы, мейір-шапағаты түрліше болғаны ма? Расында да, ойлап қарасақ, тағдырымен ыңғайласып «біреу тойып секірсе, енді біреуі тоңып секіреді» емес пе? Қызық, өмірдің мұншама екіжүзділігін бұрын қалай сезбегенмін?..

Әлі де ой жетегіндемін. Арылып кетуге дәрмен жоқ секілді. Жан дүнием астаң-кестең. Егер сенсеңіз қандай сезімді кешіп отырғаным өзіме де беймәлім тәрізді. Ар тазалығын сақтауға ұмтылған сол бір жас қыздың жұдырықтай ғана жүрегіндегі зор қайғыны бөліскім келгендей ме, қалай? Әйтеуір оған дегенде қаталдыққа салынған қайран өмірге көңілім әбден қалғандай. Бүлдіршіндей қыз өмірге еш жазықсыз емес пе еді?! Шіркін, өмір суықсың-ау. Осы мінезіңе қарсы тұрар дүлей күштің жоқтығы, әрине, өкінішті. Бейкүнә қыз бір күндері шыр етіп жарық дүние есігін орыны толмас зор қайғыны өткерсем деп ашып па еді?! Қайтсем екен, жабырқау көңіліме медеу болу үшін шығарманың көңілді мезеттерін қайта оқысам ба екен? Тағы да терең ойға шомдым. Менің асау толқындай шарпыған сезімді ой керуені ілестіріп әкетіп бара жатты»

(Айнұр.) Көркем әдебиет оқу арқылы ой-қиялы дамып, өмір сырын түсінген оқушы сезімін тым тәуір жеткізіп отыр.

Әдеби кейіпкерлермен сырласу, оларға ашық хат.

М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамалмен сырласу.

Қадірлі Жамал!

... Кезінде ауыл-аймақты ауызыңа қаратқан дарынды бойжеткен едің. Ақыл-көркіңмен, зеректігіңмен көзге түстің. Көп ұзамай қызықты күндерің таусылып, қайғылы, мұңды шақ туды. Таз әрі ақылсыз Жұман сенің үкілі үмітіңді қиды. Сол бір шілдеханадағы Ғали есімді жігітпен бір-біріңе іштей сыр ұқтырып, жарасқан сәттеріңе сырттай куә боп қуанып едім. Тағдырдың сендерге салған ауыр салмағы алда екен.

«Өмірлік біргеміз» деп үміттеніп жүргенде тағдырдың жазуы болар, Ғали аяқ астынан ауырып дүние салды. Өзегің өртеніп, үмітің сөнген сорлы Жамал Ғалидың қабірін кұшақтап, іштегі мұң-шерінді айтып, көзден жас ағыздың. Мұнан әрі тозаққа өз ризашылығыңмен түсіп, Жұман босағасында мағынасыз өмір кештің. Сенің жас өміріңнің базары, мән-мағынасы Ғалимен бірге кетті. Соны сезінген сен бұл дүниеден баз кештің. Сен өз бостандығың мен бақытың жолында күресе білдің. Тағдырдың тәлкегі аз болмады. Сол заманда сендей қазақ қызының жеңіліс табуы – заңды құбылыс. Сол күресте жеңіліс тауып, үмітіңнің үзілуі – заман шындығы. Әлегі көп кер заманға лағынет айтқаннан басқа лаж жоқ.. (Жайнагүл).

М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі

Ақанға хат.

Ақан мырза!

Сені де бір елдің азаматы дейді-ау!.. Панасыз, бейшара жандарды мүсіркеудің орынына қорладың. Кәрі ананың жан азабы адами сезіміңді оятпады ма?

Күнәсіз, пәк қыздың арын таптауға қалай дәтін шыдады? Тазалығы мен мөлдір жастығын қорлап, нәзік жанды мазақ еттің. Шарасыз жанның үміт-қиялын, жастық жалынын сөндірдің. Сенің хайуаннан артық жерің жоқ. Ар жазасы бар жазадан ауыр. Сен ар жазасы алдында адам жаны түршігерлік ісіңе жауап беретін боласың. Сендей көрсоқыр, опасыз арсыздарға бұл өмірде орын жоқ! (Айнагүл).

Жазба жұмыстары оқушының ойын дамытатынына өз тәжірибемде көз жеткіздім. Оқушылардың тілін, ойын дамытуда, байланыстырып сөйлеуге машықтандыруда жазу жұмысы басты рөл атқарады. Жазу арқылы оқушы тақырыпты тереңірек түсінеді, қызығушылығы артады, ойын дамытады, жазу дағдысын қалыптастырады. (Жалғасы бар).

Тіл дамыту жұмыстарының бір түрі – **шығармашылық жазба жұмыстары**. Шығармашылық жазба жұмыстары оқушылардың танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі. Шығармашылық – ойлау қабілетінің ең жоғарғы қасиеті. Ойды басқаларға әсем де көрікті жеткізудің жолдарын, әдіс-тәсілдерін меңгеру үшін шығармашылық жазу жұмыстарының түрлерімен терең танысып, оларды жазып дағдылану қажет. Шығармашылық жұмыс – әр адамның өз бетімен жеке отырып жазатын ой еңбегі. Шығармашылық оқушыны ізденуге жетелейді, өз ісіне сын көзбен қарауды үйретеді. Шығармашылық үлгідегі өз бетіндік жұмыстар кезінде оқушы өзінің болжау, топшылау, түрлі құбылыстар мен жағдаяттарды танып білу қабілеттеріне сүйене отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа шешім табады, өзіндік жаңалық ашады.

Оқушының шығармашылықпен еңбектенуі үшін оған қозғау салып, көңіліне сенімділік ұялату керек. Егер оқушының өлең немесе әңгіме жазуға бейімі болса, оған мейлінше көңіл бөліп, қолдап отыру қажет. Нәтижесінде оқушылардың тіл байлығы дамиды, қиялдай біледі, өзіндік шығармашылығы қалыптасады.

Шығармашылық жұмыстың алуан түрлері бар. Өздігінен жүргізілетін шығармашылық жұмыс түріне аяқталмаған жұмыстарды жалғастыру, реферат, баяндама, пікірлер жазу, шағын зерттеулер жүргізу, жағдаяттық жаттығулар, тақырып бойынша мәтін құрастыру, әңгіме құрастыру, ойтолғау, салыстырмалы мінездемелер жазу, кейіпкер портреті, эссе, авторға немесе кейіпкерге хат жазу, мәтінді оқумен, талдаумен байланысты тіл дамыту жұмыстары жатады.

Мәтінді оқумен, талдаумен байланысты тіл дамыту.

Әке мен бала

Біреудің үлкен ұлы қатты науқастаныпты. Ата-анасы өліп қала ма деп уайымдапты. Әкесі үлкен ұлын өте жақсы көреді екен. «Үлкені өлгенше, кішкенесі өлсейші, оның қайғысы жеңілірек болар», - депті. Сонда анасы айтыпты: «Бәрібір қай бармақты шапса да, жанға бірдей батады».

Тапсырма: Төмендегі мәтінді мәнерлеп оқып, қандай даналық сөздің барын әңгімелеп бер. (Ананың балаға алалығы жоқ.) «Ананың көңілі балада» деген тақырыпта ойыңды жазбаша білдір.

Ит өршелене үрді

Ит басын алдыңғы аяқтарына салып жатып алып өршелене үрді. Оның тура алдында дуалға жабысып,

бүрісіп мысықтың баласы отыр. Ол жалынышты мияулайды. Ал оның жанында талас немен тынар екен дегендей, оны қызықтап екі бала тұр. Бір әйел мұны терезеден көре сала, далаға жүгіріп шықты. Ол итті қуып жіберді де, балаларға кейіп:

- Ұялсаңдаршы! – деді.

- Неменеге ұяламыз? Біз ештеңе істеген жоқпыз,- деді балалар таңданып.

- Сол ештеңе істемегендерің ұят-ақ,- деді ызалы әйел. (В.Осеева)

Тапсырма: Әйел неге кейіді, балалар өздерін неге кінәлі санамады? Екі баланың ісі, қылығы сендерше орынды ма, өздерің қандай әрекет жасаған болар едіңдер? «Тіршілік атаулыны сүйе біл» деген тақырыпта шағын шығарма жазыңдар.

Бір сабақ жіп

Баяғыда бір шал мен кемпірдің жалғыз қызы болыпты. Күндердің күнінде қыздың шешесі дүние салады. Айлар өтеді, жылдар өтеді. Бірде үсті-басы тозып кеткен қызын көрген әкесі: «Қызым, басқа ештеңе істемесең де, үстіңе күніне бір сабақ жіп іл», - депті.

Қызы әкесінің айтқанын орындамақ болып, етегіне күніне бір сабақ жіп іліп, өткізе беріпті. Бір күні жолаушылап келген әкесінің алдынан қызы жүгіріп шықса, қыздың үстіндегі жалбыраған жіптерінен әкесінің аты үркіп, тулап, өлтіріп кете жаздапты. Өз қызын әзер таныған әкесі кетердегі қызына айтқан сөзі есіне түсіп, қапаланған түрмен жерге қарапты.

Тапсырма: Мәтінді оқып, қыздың қатесі неде, әкесінің неге ренжігенін түсіндір. Қызға мінездемелік сипаттама жаз. Қыздар тәрбиесіне байланысты

мақал-мәтелдер жазып, олардың мағынасын анықта. «Қыздарға әсемдік жарасады» айдарымен үздік суретті альбомдар конкурсын өткізуге дайындал.

Жағдаяттық жаттығулар

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту үшін жағдаяттық жаттығулардың рөлі зор. Мәселен, сіз азаттық жыршысы Махамбет көрмесіне бардыңыз. Досыңызға көргеніңізді, алған әсеріңізді әңгімелеп беріңіз.

Тағы да сіз кітапханаға бардыңыз, кітапханашымен қалай сұхбаттастыңыз?

Кітапханада

- Сәлеметсіз бе, маған «Қазақ энциклопедиясы» керек еді.

- Сіз мұнда жазылғансыз ба?

- Жоқ, бірақ жазылғым келеді.

- Онда аты-жөніңіз, тұратын жеріңізді айтыңыз.

- Кітапты үйге алып кетуге бола ма?

- Иә, бірақ айтылған уақытта алып келу керек.

- Егер кітапты жоғалтып алсам ше?

- Ондай жағдайда айыппұл төлейсіз.

- Жаңа келіп түскен әдебиеттерді қалай білуге болады?

- Кітапхана ішінде екі түрлі компьютерлік және журналдық каталогтар бар.

- Каталогтың қай түрін пайдаланған жөн?

- Компьютерлік каталогты пайдаланған тиімді.

Жол үстінде

- Қызым, қай жерден түсесің?

- Шалқар қаласынан түсемін.

- Оқудамысың? Демалысқа бара жатырсың ғой.

- Иә, Абай атындағы Қазақ педагогика университетінің филология факультетінің екінші курсын тәмәмдап, елге қайтқан бетім.

- Болашақ мұғалім екенсің ғой. Мұғалімдік – жауапты мамандық. Бұл жолды қалай таңдадың?

- Бұл мамандықты таңдауыма ешкім кеңес берген жоқ. Бұл – менің жүрегіммен ұнатқан мамандығым.

- Мұның өзінде үлкен бір сыр жатқан сияқты.

- Әлі есімде 6-сыныпта М.Әуезовтің «Өнерлі қонақтар» деген «Абай жолы» романынан үзінді оқыдық. Осындағы Абай бейнесі, оның дүниетанымы, өмірге көзқарасы маған ерекше әсер етті. Сөйтіп романды толық оқып шықтым. Мен Абай мен Мұхтардай даналарды насихаттау үшін әдебиет пәнінің мұғалімі болуды ұйғардым. Мені мұғалімдікке итермелеген жағдай осы еді.

- Сендей есті, қарапайым қазақ қыздары көп болса ғой.

- Сізді түсінемін. Қазіргі қазақ қыздарына көңіліңіз қалғандай.

- Дұрыс айтасың, қызым. Қыздар тәрбиесіне мен түгіл қоғам аландауда. «Қызға – қырық үйден тыйым» деген тәрбиелі ұғымды халық бекер айтпаған.

Диалогтік тілдесім барысында оқушылар жұп болып та, топ болып та, ұжым болып та бір-бірімен тілдік қарым-қатынасқа түседі. Диалогтік оқыту амал-тәсілі оқушыларды сөйлесуге, белсенділікке, өзара пікір алысуға итермелейді.

Тақырып бойынша мәтін құрастыру, ойтолғау жазу.

Тақырыптық мәтін жоспарлары.

Менің жазғы демалысым

1. Жазғы демалысыңды қайда, кіммен, қалай өткіздің?
2. Демалыста қандай пайдалы жұмыстар істедің?
3. Қандай кітаптар оқыдың, оқыған кітаптарыңның ішінде ұнағаны қайсысы? Ол несімен ұнады?
4. Жазғы демалыстың оқушылар үшін мәні.

Менің қалаға алғаш келуім

1. Қалаға келе жатқандағы көңіл-күйің қандай болды?
2. Қалаға кіммен, немен келе жаттың?
3. Қалаға келе жатқандағы мақсатың не?
4. Сенің алғаш көрген қалаң несімен ерекшеленеді?
5. Қала тіршілігі мен ауыл өмірінің айырмашылығы қандай?
6. Өзінді қала тұрмысына, жаңа ортаға қалай бейімдедің?

Достық

1. «Достық» дегенді қалай түсінесің?
2. Кіммен доссың, оны қашаннан білесің?
3. Досыңның қандай жақсы қасиеттері бар? Оның ұқыптылығы, уәдеге беріктігі, жолдастыққа деген адамгершілігі қандай?
4. Достар қандай болу керек?

Шаруашылыққа көмек

1. Шаруашылықтың қай бөлімінде жұмыс істедіңдер?
2. Міндеттелген тапсырманы қалай орындадыңдар?
3. Жолдастарыңның ұйымшылдығы, белсенділігі қалай көрінді?

4. Араларыңда жалқаулар болды ма, болса оны қалай ұялттыңдар?

5. Үлкендер сендердің еңбектеріңді қалай бағалады?

6. Еңбек еткен қандай болады екен?

7. Өзің ер жеткенде қандай еңбекте көріңгің келеді?

8. «Ердің атын еңбек шығарады» деген мақалды қалай түсінесің?

Ойды көрікті жеткізудің амал-тәсілдерінің бірі – **тілдің суреттеме құралдарын** пайдалану. Адам баласы бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым-қатынас жасайды. Тілдік қатынас арқылы пікір алысады, ой бөліседі. Осындай сөйлесу барысында тілдің түрлі көркемдік құралдарын пайдаланады. Ойды көрікті жеткізудің амал-тәсілдерінің бірі – тілдің суреттеме құралдарын пайдалану. Тілдің көркемдегіш құралдарына эпитет, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха, символ, кейіптеу, аллегория жатады. Оқушылар бұларды көркем шығармалардан оқып, танысып жүр, бірақ күнделікті өздерінің сөйлеу тілдерінде және жазба жұмыстарында қолдануға шорқақ. Оның себебі олардың мәнді мағынасы мен көркемдік құнына назар аудара бермейді. Тілдің суреттеме құралдарына терең үнілген, оған қызыққан, сырын ұғынған адамдар әдемі сөйлейді, шығармасын тартымды жазады. Мына бір үзіндіні оқып қарайықшы:

«... Май айы келді. Айнала жұпар атып, тіршілік атаулы түлеп тұр. Ажарында мың арудың сыны бар, кеудесінде мың ақынның тұнып жатқан жыры бар, көкірегінде табиғаттың таусылмайтын, жан тебіренер күйі бар. Бұлақ сылдырап ағады, бұлбұл тамсанта, тамылжыта, үзілте ән салады. Ақ балтыр қайыңдар,

тәкаппар, бойшаң теректер жапырағын жайып, самал желмен сыбдыр қағады. Далаға шықсаң, гүл иісі, нұрын төккен күн иісі. Жер-ана өзінің апай төсіндегі алып анарымен Тіршілік атты перзентін емірене емізіп жатқандай. Бәрі мамырлап, бәрі балбырап, тамылжып тұр. Бұл – көктем көркі, оның ең кенжесі, ең еркесі майысқан сұлу Майдың көркі. Бұл көрікті жырға да, күйге де сыйғыза алатын ешкім жоқ. Бұл көрік қанша қараса да тояттатып көрген емес.»

Үзіндіден майдың мамыражай әдемі шуақты күнінің әсем көрінісі көз алдымызға келеді. Мәтінді сүйсініп оқымасқа болмайды. Оның сыры – тілдің суреттеме құралдарының орынды қолданысында.

Тапсырма: Төмендегі үзінділерден тілдің суреттеме құралдарын тап. Ойыңды осылайша көркем жеткізуге талаптан.

...Темір пештің ішінде сөніп бара жатқан қызыл шоқтар көзін қысып, күлге оранып, ақырын ғана ұйқыға кетіп барады...

...Қаланы қапталдай орап, мұнартып тұратын көк зеңгір қалың орман астаң-кестең. Шашын жайып жіберген ақ қайыңдар жазықсыз қираған қарағай бауырын жоқтап, ақырын ғана сыңсып, жылап тұрғандай. Қалың орманның өрт шалған тұстары түскен тістің орынындай кетіліп қалыпты да, қап-қара болып опырайып тұр.

...Ақ балтыр қайыңдар, үкідей құлпырған күзгі егіс батар күнмен мың құлпырып, алтын теңіздей жайқалады.

...Шәйза қара көздерін түнертіп, әлденеден айырмай ұзақ отырады. Қоңыр көлеңке үйдің қоңыр сәулесі Шәйзаны да қоңырландырып, сұрғылтқа таңдық түс береді. Үй де қоңыр, көлеңке де қоңыр. Қоңыр үйдегі тұрмыс та қоңыр. Қоңыр үйдегі Шәйзаның ойы да қоңыр. Қоңыр ойлы Шәйзаның әні де қоңыр. Қоңырлатып, ыңырсып өлең айтып отырады. Өлең емес, қоңыр күймен ішіндегі зарын төгіп отырады...

...Қызусыз ғана қызарып, көзін әлі ашпағандай, сазарып қана шапақ шашпай бедірейіп Қарағандының күзгі күні шығып келеді. Қатпарланған қоңыр бұлттар бірдемеге ренжігендей қабақтары салыңқы, шегініп кейін сырғып барады.

...Қурауы жеткен күзгі қау мен ақ селеулер сылқ-сылқ күлгендей сытырлай жанып, дүрілдей жөнелді. Тар жер ошақта қапаста қалғып қана жанған от желкем күнде жазыққа шығып алған соң, ойнақ салып кетті. Қызып алған өрттің алды кейін қалып бара жатқан ұсақ-ұланға қарамай, дүркіреп ілгері кетіп барады. Өрттің артқы жағында мың-мыңдаған шолақ-шолақ от-жыландар оршып түсіп бара жатқандай көрінеді. ...

Қорытындылай келгенде, тіл дамыту жұмыстары оқушылардың пәнге қызығушылығын, ауызша сөйлеу, жазбаша жазу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Ең бастысы, өз ойын әсерлі де еркін жеткізе білулеріне, сауаттылықтарының артуына да себеп болады. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстары шығармашылық мәнде жүргізіліп, дұрыс ұйымдастырылса, оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсініп

білуіне, үйренуіне, білген нәрселерін ауызша, жазбаша тілде қолдана білуіне жағдай жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Т.Қордабаев. «Қазақ тіл білімінің мәселелері».
2. Т.Жұмажанова. «Кластан тыс оқу барысында тіл дамыту». А., 1971.
3. М.Балақаев. «Қазақ тілінің мәдениеті».
4. Ө.Айтбаев, Н.Уәлиев. «Өнер алды». А., 1978.
5. «Ел аузынан». А., 1989.
6. Ғ.Мүсіреповтің шығармалар жинағы.



Жанаргүл ҚАБАШЕВА,
Айдархан атындағы жалпы орта
білім беретін мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңажол ауылы.

ҰБТ-ҒА ӘЗІРЛЕУДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫ БІЛІМІН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мақсаты: оқушы білімін арттыру, көркем шығармаларды терең меңгертіп, талдауға, зерттеуге үйрету. Міндеті: әдебиетті сүйіп оқитын, елжанды азамат қалыптастыру. Талғаммен оқып, эстетикалық көзқарасын анықтаған шәкірт тәрбиелеуге бақытталған.

Күтілетін нәтиже: 1. Алған теориялық білімін практикада нақты қолдану. 2. Көркемдеп шешен сөйлеу. 3. Ақын-жазушылардың жазу стилін, ерекшеліктерін айқын ажырата білу. 4. Ақын-жазушылардың шығармашылығының беймәлім тұстарына зерттеу жүргізу. 5. Оқушының шығармашылығын дамыту. 6. ҰБТ-ден жоғары балл жинап, мамандық иесі атану.

Бүгінгі күнде тәуелсіз мемлекетіміздің білім беру саласында оқытудың көптеген жаңа әдіс-тәсілдері, инновациялық технологиялар молынан енуде. Қазіргі кезде мұғалімнің қажетіне жарайтын жаңа мазмұнда әдістемелік құралдар, көрнекіліктер мол. Білім берудің әдіс-тәсілдерін таңдаған кезде тек бір технологияны пайдаланып сабақ беру арқылы оқушыны шығармашылыққа баулу мүмкін емес. Дегенмен, дидактикалық материалдар мен қосымша әдебиеттерді таңдап, тиімді пайдаланған жөн.

ҰБТ жүйесі енгелі әдебиет пәнін таңдаушы оқушылардың саны да азаюда. Көркем әдебиет оқитын, көркемдік қуаты жоғары шығарма жазатын оқушылар да некен-саяқ. Таңдау пәні ретінде әдебиетті таңдайтын шәкірттер болашақ мамандықтарын шығармашылықпен, өнермен байланыстырады. Өнермен және шығармашылықпен айналысқысы келетін талапкерлер құр тест тапсырмаларын жаттағаннан ешнәрсе ұтпайды, керісінше, жоғары балл жинай алмай ұтылады. ҰБТ-де қазақ әдебиеті пәнінен ұсынылатын тест тапсырмалары оқушылардың әр кезеңдегі әдебиет туралы білімдерін, әдебиеттің көрнекті өкілдерінің өмірін, шығармашылығын меңгеру дәрежесін оқып зерделеген туындының тектік, жанрлық сипатын, әдеби-теориялық ұғымдарды меңгеруін анықтайды.

Тест тапсырмаларының қиындығы үш деңгейде беріледі. Оңай бірінші деңгейдегі «А» -9, қиындығы орташа екінші деңгей «В» -10, үшінші деңгейде «С»-6 тапсырма ұсынылады. Әр кезеңге байланысты тапсырмалар 1 не 2 сұрақтан енген. Ұлы Отан соғысы мен одан кейінгі жылдардағы әдебиет кезеңінен көбірек 7 сұраққа дейін тапсырма енгізіледі. Оқушыны ҰБТ-ға әзірлеуді өз іс-тәжірибемде бірнеше кезеңге бөлемін:

1. Оқушының не себепті әдебиет пәнін таңдау пәні ретінде таңдау жасағанын анықтау.

2. Әдеби мәтінмен танысу, оқып-үйрену.

3. Алған білімді меңгеру, талдау, зерттеу.

Бірінші кезеңде әр түрлі ойландыратын тапсырмалар беріп, оқушының «нені білетінін», «нені білмейтінін» айқындаймын. Мектеп оқулығындағы біліммен шектелген оқушыға ақын-жазушылардың шығармаларын топтап ұсынамын. Ежелгі дәуір әдебиеті, жыраулар шығармашылығын, айтыс ақындарының айтыстарын оқытып, оқығанын есте сақтауын, түсінгенін, ақындардың өлеңдерін салыстыруын қадағалаймын. Асан қайғы мен Бұқар жыраудың ел бүтіндігін жырлаған толғауларын кезек-кезек оқытып, айырмашылығын, көркемдік әдеби теориялық ерекшелігін талдаймыз.

Ортақ тақырып: бейбітшілік.

Еділ бол да, Жайық бол,

Ешкімменен ұрыспа,

Жолдасыңа жау тисе,

Жаныңды аяп тұрыспа.

Асан қайғы.

Орыспенен соғысып,

Басына мұнша көтерген

Жұртына жаулық сағынба.

Бұқар жырау.

Проблемалық сұрақтар қою арқылы екі жыраудың да көкsegені – бейбітшілік, ел тәуелсіздігі екендігін табамыз.

Цифрлар бізге не дейді?

Шоқан Уәлиханов (кестені толтыру).

1835 ж -----

1847-1853 ж. ж -----

1852 ж -----

1853 ж -----

1855 ж -----

1856 ж -----

1858-1859 ж . ж -----

1859-1861 ж ж -----

1863-1864 ж ж -----

1865 ж -----

Ахмет Байтұрсынов.

Ел қамын көтерген шығармалар:

----- . Өлеңдерінің атауын жазып, үзінді келтіріп, бір шумағына талдау жасайды. Оқушы ақынның бір шығармасына пікір жазып, әдеби-теориялық талдау жүргізеді және осы шығарманың ізімен шағын әңгіме не реферат жазады.

Прозалық шығармаларды талдағанда Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» хикаятын оқып, алған әсерін қысқаша жазады және сюжеттік желі бойынша тарауларға ат қояды, сатылай кешенді талдау жасалынады.

Атауы: Ғ.Мүсірепов. «Ұлпан» хикаяты.

Жанры: проза (хикаят).

Тақырыбы: Ақнар атанған қазақтың ел сүйіспеншілігіне бөленген қызының тағдыры.

Идеясы: қиындыққа бас имеген Ұлпан ананың ақылымен елді билеуі, ананы құрметтеу.

Хикаяттың композициялық құрылысын жазады:

1. Экспозиция.
2. Оқиғаның басталуы.
3. Оқиғаның дамуы.
4. Оқиғаның шиеленісуі.
5. Оқиғаның дамуы.
6. Оқиғаның шешімі.

ҰБТ тапсырмаларынан «Ұлпан» хикаятынан алынған сұрақтарды тауып, жауабын жазады және хикаят желісі бойынша тест сұрақтарын құрастырады.

«Ойлан да салыстыр».

«Тұңғыш» > Авторлардың алғаш жазған әдеби шығармалары мен соңғы кезде жазған туындыларын салыстыра талдау.

«Соңғы» >


«Жылдар сөйлейді».

Кесте толтыру.

XIX ғ. Айттыс ақындары: XX ғ. Тарихи роман жазған жазушылар: XX ғ әдебиет зерттеушілер. XX ғ. 60 жылдардағы поэзия өкілдері: XX ғ. Аяғында жазылған шығармалар: Мемлекеттік сыйлық иегерлері:	
Жетіспей тұрған цифрларды табыңыз: 1. О. Сүлейменов. «Аз и Я» 19.....; 2. М.Әуезов. «Абай» драмасы, 19.....; 3. М.Мағауин. «Аласапыран», 19.....; 4. Қ.Аманжолов. «Ақын өлімі туралы аңыз», 19.....; 5. О.Бөкей. «Мұзтау», 19..... .	

Блок-сызбаларды жиі пайдалану да оқушының білімін, әдеби сауатын арттырады.

Б.Майлин.



Тақырыпқа байланысты топтастыру тапсырмалары:

1. Аналар тақырыбына қалам тербеген ақын-жазушылар;
2. Өндіріс тақырыбына жазған жазушылар;
3. Табиғатты жырлаған ақындар;
4. Комедиялық шығармалар жазған драматургтер;
5. Саяси өлеңдер шеберлері;
6. Тілдік ерекшеліктері ұқсас ақын-жазушылар;
7. Газет шығарумен айналысқан ақын-жазушылар;
8. Қазақтың қалам ұстаған арулары.

Қазақстан тарихы пәнімен пәнаралық байланыста да тапсырмалар ұсынылады. Мысалы:

ХҮІІІ ғ. тарихи оқиғалар:	ХҮІІІ ғ. жыраулар поэзиясы:
ХІХ ғ. тарихи жағдайлар:	ХІХ ғ. саяси шығармалар жазған ақындар:
XX ғ. 1916 ж ұлт-азаттық көтеріліс:	1916ж ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған өлең-жырлар:
XX ғ. асыра сілтеу науқаны:	XX ғ. басындағы колхоздастыру кезеңінде дүниеге келген шығармалар:

Әзірлік сабақтарын жүйелі үйлесімді түрде өткізсе, оқушының білімі нәтижелі болатыны хақ. Әдеби шығармаларды оқып қана қоймай, оқушының белсенділігін күшейтіп, қызығушылығын арттыра алсақ, оқушы ҰБТ-дан да жоғары балл жинайды және білімін тереңдетіп, ізденіспен жұмыс істеуге дағдыланады.

Әсем ПРИМОВА,
Абай атындағы
№138 орта мектептің мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

«МАХАМБЕТТАНУ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ

(7-8 сынып)

Түсінік хат

Әдебиетіміздің даму кезеңіндегі әрбір дәуір өз ақынын туғызады десек, қазақ ақындарының әрқайсысы өзінше қайталанбас шығармашылық тұлға ретінде жеке-дара көріне алады. Сондай дара таланттардың бірі – Махамбет Өтемісұлы.

Махамбет Өтемісұлы - қазақ халқының семсер жырлы батыры, Ақ Жайықтың ары, Нарыннан шыққан нар ұлы, жырларын жер жүзі қазақтары жатқа білетін бірегей ақын. Махамбеттің әр сөзі – саф алтындай салмақты да түсінікті. Оның елді ауызына қаратқан шешен екендігін айтсақ, ақынның тұлғасы дараланбай, көп ақынның бірі ғана болып қалар еді. Шынында, Махамбет – көпшілік тыңдап-тыңдап орынында қалдырып кете беретін шешен ғана емес, уытты сөзімен елді соңына ерте білген тілдік тұлға.

Махамбет поэзиясы – аса күрделі дүние. Ақынның өткен заман шындығын, белгілі бір ортаның мәдени,

саяси, әлеуметтік сипатын, ұлттық болмысын, ділін, танымын әр алуан көркем образдар арқылы таныта білген экспрессивті поэзиясын жас ұрпаққа таныту мақсатында «Махамбеттану» курсының оқытылуының маңызы бар деп ойлаймын.

Бағдарлама екі түрлі бағытқа негізделген. Бірінші бағытта – ақын өлеңдерінің мәні, тарихи-әлеуметтік сипаты туралы теориялық білімдерін қалыптастыру.

Екінші бағытта оқушының мәнерлеп оқу дағдысын, өлең құрылысына талдауын, көркемдік ерекшеліктерін, этнолингвистикалық сөз қолданысын таба білу дағдыларын практикалық тұрғыда қарастыру.

Бағдарлама құрылымы мынадай бөліктерден тұрады: оқу материалының мазмұны мен құрылымы, тақырыптық жоспар, оқушының дайындығына қойылатын талаптар.

Курс- аптасына 1 сағаттан, жалпы-34 сағат.

Теориялық материалдарға – 29 сағат.

Шығармашылық, зерттеу жұмыстарына – 4 сағат.

Қорытынды – 1 сағат.

Бағдарлама жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған.

Күтілетін нәтиже: 1. М.Өтемісұлы өмірі, оның поэзиясы, тарихи-әлеуметтік маңызы туралы білім, білік дағдыларын қалыптастыру; 2. Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу арқылы ақындық болмысын, автордың ұстанымын түсінуге баулу; 3. Оқушылардың өз бетімен ізденушілік-зерттеу қабілеттерін дамыту.

Курстың мақсаты: Махамбет поэзиясы – қазақ әдебиеті дамуындағы жаңа белес. Ақын әдебиетімізге жаңа леп, жаңа бейнелі ой әкеліп, отты, уытты поэзияның

үлгісін танытты. Махамбет Өтемісұлының жырларын жас ұрпақ санасына сіңіру арқылы оның ақындық, азаматтық бейнесін таныту. Қазақ әдебиетіндегі өзіндік орынын бағамдау.

Курстың міндеті: көркем шығарманы эмоционалды қабылдауға, бейнелі және зерделі ойлауға, ақынның көзқарасын түсінуге машықтандыру; әдеби тақырыпқа баяндама және реферат жазып, өзінің баяндамасының және әдеби-сын, проблематикалық мақаланың аннотациясы, жоспары, тезисін дайындай алу; оқушылардың ішкі жан әлемін рухани-адамгершілік құндылықтармен байытып, көркемдік талғамын кеңейту, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, көркем шығармаларды өз бетінше іздеп, қызығып оқуға дағдыландыру; әдеби-теориялық білімін сауатты қолдана алу, ауызша және жазбаша тілін дамыту;

Оқушылардың дайындығына қойылатын талаптар:

1. Махамбет Өтемісұлының поэзиялық туындыларын ұлттық құндылық, мәдени мұра, тарихи-көркем шежіре ретінде түсініп оқып, оларға талдау жасай алуы;

2. Бағдарламада ұсынылған әдеби мәтінді, үзінділерді, өлеңдерді дұрыс, мәнерлеп оқи алулары;

3. Көркем мәтіндерді ауызша мазмұндап айтып беруі;

4. Бағдарламаға сәйкес ақын өлеңдерін жатқа айта алуы;

5. Өлең сөздің құрылымдық элементтерінің (өлшем, ырғақ, ұйқас, шумақ) мән-мағынасын, негізгі ұғымдарын білуі және практикалық қолданыста ажырата алуы;

6. Мәнерлеп оқудың барлық элементтерін (дауыс ырғағы мен екпіні, олардың бірде жоғары, бірде бәсең болуы; оқу қарқынын (бірде келте, бірде ұзақ кідіріс жасау) практикалық тұрғыда қолдана алуы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.Мұқанов. Халық мұрасы. «Қазақстан», А., 1974, 203-215-б.

2. З.Қабдолов. Ерлік пен елдіктің өшпес рухы. «Егемен Қазақстан», 7 тамыз, 2001.

3. Ұ.Асыллов. Аллдаспан ақын туралы алты дәріс. «Арыс», А., 2005.

4. Ү.Жалекеқызы. Махамбет өлеңдеріндегі Исатай бейнесі// Қазақстан мұғалімдері, 1 мамыр 2003 (№10-11).

5. Б.Майтанов. Махамбеттің автопортреті // Қазақ әдебиеті, 12-18 қыркүйек 2003, (№36) 10-б.

6. Махамбет энциклопедиясы. А., «Өлке», 2004.

7. Махамбет. Жорық жырлары. А., 2007.

8. Қ.Өмірәлиев. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. А., «Ғылым», 1976.

9. Махамбет әлемі/ Махамбет және тілтаным. А., «Арыс», 2004.

10. Р.Сыздықова. Махамбеттің әр сөзін түсініп оқысақ // Қазақ әдебиеті, 01.08.2003.

Бағдарламаның тақырыптық-күнтізбелік жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Сабақ түрі	Пәнаралық байланыс	Әдіс-тәсілдер
1	Кіріспе. Махамбет Өтемісұлының	1	Ізденіс	Қазақстан тарихы	Баяндау, иллюстративті

1	өмірі мен шығармашылығы	1			
2	Махамбет өлеңдерінің тарихи-әлеуметтік сипаты	1	Интеграциялық сабақ	Қазақстан тарихы	Түсіндіру, салыстыру
3	Ақын шығармаларының жинақталып, зерттелуі	1	Танымдық сабақ	Әдебиет тарихы	Проблемалық ізденіс
4	Махамбет жырларындағы романтикалық сарын. «Ұлы арман»	1	Талдау сабақ	Тарих	Сатылай кешенді талдау
5	«Арғымақтың баласы» өлеңі	1	Ізденіс	Қазақстан тарихы	СТО әдістері
6	«Атадан туған аруақты ер»	1	Жаңа білімді меңгерту	Қазақстан тарихы	СТО әдістері
7	«Ерлердің ісі бітер ме», «Ұл туса»	1	Дәріс сабақ	Қазақстан тарихы	Түсіндіру, зерттеу
8	«Соғыс», «Орай да борай қар жауса»	1	Жаңа білімді меңгерту	Қазақстан тарихы	Проблемалық ізденіс
9	Махамбет өлеңдеріндегі Исатай бейнесі. «Тайманның ұлы Исатай»	1	Жаңа білімді меңгерту	Қазақстан тарихы	СТО әдістері
10	«Әй, Махамбет, жолдасым»	1	Ізденіс сабақ	Қазақстан тарихы	СТО әдістері
11	«Мұнар күн»	1	Жаңа білімді меңгерту	Әдебиет теориясы	Топпен жұмыс, СТО әдістері

12	«Мінкен ер»	1	Танымдық сабақ	Қазақстан тарихы	Ізденіс, түсіндіру
13	«Айныман»	1	Ізденіс сабақ	Қазақстан тарихы	Түсіндіру, талдау
14	«Адыра қалған Нарынның»	1	Саяхат сабақ	География	Топпен жұмыс
15	«Арқаның қызыл изені»	1	Талдау сабақ	Әдебиет теориясы	МОТ әдістері
16	Ақын өлеңдерінің құрылысы мен көркемдік ерекшеліктері	2	Практикалық сабақ	Әдебиет теориясы	Сатылай кешенді талдау
17	«Нарын»	1	Жаңа білімді меңгерту	География	МОТ әдістері
18	«Аймақ көл», «Қайда бар?»	1	Жаңа білімді меңгерту	Қазақстан тарихы	Баяндау, байқау
19	«Арғымақтың баласы»	1	Аралас	Қазақстан тарихы	Өңгіме әдісі, тест
20	«Баймағанбет сұлтанға айтқаны»	1	Танымдық сабақ	Қазақстан тарихы	Рөлдік ойындар
21	«Бағаналы терек жарылса»	1	Ізденіс сабақ	Қазақстан тарихы	Ізденіс, талдау
22	Ақын өлеңдеріндегі философиялық сарын. «Жалған дүние»	1	Оқыта-үйрету	Жыраулар поэзиясы	ББУ әдісі, салыстыру

23	«Аспандағы бозторғай», «Жалғыздық»	1	Оқыта-үйрету	Қазақстан тарихы	Талдау, салыстыру
24	«Шашылу»	1	Жаңа білімді меңгерту	Қазақстан тарихы	Түсіндіру, ізденіс
25	«Мен, мен едім, мен едім»	1	Жаңа білімді меңгерту	Қазақстан тарихы	СТО әдістері
26	«Шегініс», «Әрәйна»	1	Ізденіс сабақ	Музыка	Талдау, ізденіс
27	«Біз неткен ер»	1	Талдау сабақ	Қазақстан тарихы	Түсіндіру, ізденіс
28	«Желден де желгір ақ бөкен»	1	Интеграциялық	Қазақ тілі	Сатылай кешенді талдау
29	«Шашақты найза, шалқар күй». Махамбеттің күйлері	1	Жаңа білімді меңгерту	Музыка	МОТ әдістері
30	Махамбет поэзиясындағы тілдік қолданыстар	1	Ізденіс сабақ	Қазақ тілі	Проблемалық ізденіс
31	Шығармашылық жұмыс	1	Тіл дамыту	Әдебиет	Ізденіс
32	Тест жұмысы	1	Білімді тексеру	Қазақстан тарихы, музыка	Тест әдісі, байқау
33	Қорытынды сабақ	1	Қайталау	Қазақстан тарихы, қазақ тілі	Деңгейлеп оқыту

Бақытжамал БАЗЫЛРАХМАНҚЫЗЫ,
Жұбандық Болғанбаев атындағы
Самар орта мектебінің мұғалімі.
 Шығыс Қазақстан облысы,
 Көкпекті ауданы,
 Самар ауылы.

ҚАЙТАЛАУ САБАҒЫ – ЛЕКСИКАДАН

(5-сынып)

Мақсаты: лексика тарауы бойынша өтілген тақырыптарға шолу, қайталау, білім бекіту. **Міндеттері:** **білімділік** – оқулықтан дерексөздері арқылы оқушылардың білімін, ғылыми ой-өрісін кеңейтіп дамыту; **дамытушылық** – оқушылардың ізденушілік, шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін, тіл байлықтарын молайту; **тәрбиелік** – еңбексүйгіштікке, ана тілін құрметтеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Түрі: интерактивтік сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** СТО, интерактивті, ақпараттық-коммуникациялық, іздену-зерттеу. **Өтетін орыны:** мультимедиялық кабинет. **Көрнекілігі:** компьютер, слайдтар, лексика тақырыбына плакаттар.

Сабақтың мазмұны	Әдіс-тәсілдері
I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, сабаққа дайындықтарын анықтау. II Негізгі бөлім. I. Қызығушылықтарын ояту: «Сөзжұмбақ».	

<table border="1"> <tr><td>1</td><td>Л</td><td>Е</td><td>З</td><td>Д</td><td>Е</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>2</td><td>Е</td><td>С</td><td>К</td><td>І</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>3</td><td>К</td><td>Ө</td><td>Н</td><td>Е</td><td>Р</td><td>Г</td><td>Е</td><td>Н</td><td></td></tr> <tr><td>4</td><td>С</td><td>И</td><td>Н</td><td>О</td><td>Н</td><td>И</td><td>М</td><td></td><td></td></tr> <tr><td>5</td><td>И</td><td>Т</td><td>-</td><td>К</td><td>Ұ</td><td>С</td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>6</td><td>К</td><td>О</td><td>С</td><td>М</td><td>О</td><td>С</td><td></td><td></td><td></td></tr> <tr><td>7</td><td>А</td><td>У</td><td>Ы</td><td>С</td><td>П</td><td>А</td><td>Л</td><td>Ы</td><td></td></tr> </table>	1	Л	Е	З	Д	Е					2	Е	С	К	І						3	К	Ө	Н	Е	Р	Г	Е	Н		4	С	И	Н	О	Н	И	М			5	И	Т	-	К	Ұ	С				6	К	О	С	М	О	С				7	А	У	Ы	С	П	А	Л	Ы		Интерактивті тақтада өз бетімен іздену.
1	Л	Е	З	Д	Е																																																																		
2	Е	С	К	І																																																																			
3	К	Ө	Н	Е	Р	Г	Е	Н																																																															
4	С	И	Н	О	Н	И	М																																																																
5	И	Т	-	К	Ұ	С																																																																	
6	К	О	С	М	О	С																																																																	
7	А	У	Ы	С	П	А	Л	Ы																																																															
1. Көзді ашып жұмғанша. 2. «Жаңа» сөзінің антонимі. 3. Архаизм. 4. Дыбысталуы әр түрлі ,мағыналары жақын. 5. «Қасқыр» сөзінің мифтік атауы. 6. «Ғарыш» сөзінің алғашқы атауы. 7. «Күміс күлкі» қандай мағынада?	Көрнекілік																																																																						
- Балалар, сөзжұмбақтағы сөздердің басқа дыбыстарына көңіл аударындаршы, қандай сөз шықты? - Лексика. - Лексика дегенді қалай түсінесіңдер? Ойларыңа не келеді? Өткен сабақты еске түсіріп, лексикаға анықтама берейік.	Ауызша баяндау синтез																																																																						
Ассоциация құру. 	СТО																																																																						
Сөз бен мағына: Омоним, синоним, антоним, полисемия, тура және ауыспалы. Заттар мен құбылыстардың атауы: табу, эвфемизм, дисфемизм. Сөздердің әбден қалыптасқан, орныққан тобы: мақалдар, мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері. Сөздік қор: көнерген сөздер (тарихи, архаизмдер), жаңа сөздер, кәсіби, термин, диалект сөздер.	Топтастыру Талдау-жинақтау																																																																						
II. Мағынаны ажырату. -Бүгінгі сабақта осы сөздерді, сөздердің мағынасын ажыратып, кезең-кезеңмен қайталаймыз. Көмекке куб келеді. Кубтың неше қыры бар?	«Кубизм»																																																																						

- 6 қыры бар. - Ендеше, біз де лексиканы 6 қырынан қарастырып, 6 түрлі жұмыс жасаймыз.				
1. Суреттеу. Графикалық диктант. 1. Қойларыңды санап қой. 2. Ағам қысы-жазы аң аулайды. 3. Ауылда бір суық сөз жүріп өтті. 4. Лексика 5. Балам, маңай толған ит-құс, сақ бол. 6. Өзің бір қырт екенсің. 7. Ажарлы, келбетті, сұлу бойжеткен ән салып отыр. 8. Келсем үйге кеш, айыбымды кеш. - Әр сөйлемнен табу, синоним, антоним, омоним, эвфемизм, дисфемизмдерді тауып, х, у осінде графигін сызу.				Көрнекілік Зерттеу- Іздену Интерактивті тактада
2. Іздену. Тұрақты сөз тіркестерін құраймыз. Әр топ жасырынған ұяшықтардан тұрақты сөз тіркестерін табады.				
Ит	қиянда	Ай	туды	Өзін-өзі бағалау, рефлексия Топпен
Күшік		Жұлдыз		
Сыыр		Күн		
Бет	шықты	Күрек	қазу	
Ауыз		Ине		
Мұрын		Жіп		
1. Ит арқасы қиянда. 2. Бетінен оты шықты. 3. Айы оңынан туды. 4. Инемен құдық қазу.				Іздену – зерттеу
3. Сипаттау. Туған жердің табиғатын мақал-мәтелдер қолдану арқылы сипаттау. Шағын шығарма жазу. Слайдтағы Самар табиғатының көріністеріне қарап, туған жер туралы ойларын, толғаныстарын ортаға салып шағын шығарма жазады. Шығармадағы мақал-мәтелдерді талдайды. Мақал мен мәтелдің айырмашылығына тоқталады.				Өз бетімен
4. Топтастыру. Сөздік қор. - Біздің сөздік қорымыз өте бай. Кейбір сөздеріміз көнеріп архаизмге айналса, кейбіреуі өзгеріп, қайта жаңғырып, жаңаланып отырады. Ал қоғамның дамуымен қосылып жатқан сөздеріміз қаншама десеңізші. Тіл байлығы деп осыны айт! Интерактивті тактада сөздер тобы: құжат, садақ, кебеже, мәсі, несие, зейнетақы, жебе, сәукеле, кеден, патша, хан, шаруа қожалығы, пәуеске, келі, дулыға. Оқушылар сөздерді үш топқа бөлуі керек: тарихи сөздер, архаизмдер, жаңа сөздер.				Шығармашылық жұмыс

№9 Топтастыру. Көнерген сөздер.		СТО Топтастыру
		Ойын Жарыс түрінде
5. Салыстыру. Полисемия. Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Төмендегі сөздерден көп мағыналы, ауыспалы мағыналы сөз тіркестерін құра. I қатар II қатар Түбір, алтын Кілт, терең Ағаштың түбірі, Білімнің кілті, тістің түбірі, есіктің кілті, сөздің түбірі; дүниенің кілті; Алтын күн, Терең адам, алтын дән; терең ой, Алтын күз, терең сезім, алтын қол терең білім		Шығармашылық Салыстыру
Венн диаграммасы арқылы сөздің ауыспалы және көп мағыналылығын салыстыру.		
№9. Салыстыру. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Полисемия. I қатар II қатар Кілт, терең: Түбір, алтын:		Венн диаграммасы
6. Білім тексеру. Тестік тапсырма. Оқушылар компьютерден I-II нұсқа бойынша тестік тапсырмалар (10 сұрақ) орындайды. Тестің кілті беріледі. Оқушылар жұппен өзара бірін-бірі тексереді, бағалайды.		Жеке-дара
І нұсқа 1. Тұрақты тіркесті тап: А) қолы ысу; В) қолы тоңу; С) қолы бармау; Д) қолы күю.		

<p>2. Мәтелді тап: А) Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді; В) Жері байдың елі бай; С) Балалар ойнап жүр; Д) Отан оттан да ыстық.</p> <p>3. Синонимдік қатарды көрсет: А) алыс, ұзақ, биік; С) дидар, ажар, келбет; В) түзу, тура, ұзын; Д) алтын, күміс.</p> <p>4. Антонимді тап: А) бір-бірден; С) бала-шаға; В) күні-түні; Д) жап-жаңа.</p> <p>5. Табу қай тіркесте? А) жарық жұлдыз; С) маған қара; В) төре жігіт; Д) сұлу қыз.</p>	<p>Өзін-өзі бағалау, рефлексия</p> <p>Білім қорыту</p>
<p>6. Ауыспалы мағынаны тап: А) 5-сынып; С) күміс күлкі; В) алтын сағат; Д) қызыл алма.</p> <p>7. Омонимдерді көрсет: А) Бөлемді бесікке бөле; С) Достығымыз берік; В) Біздің біліміміз; Д) Күзгі жапырақ.</p> <p>8. Эвфемизмге жататын сөзді тап: А) найзағай; С) қолды болды; В) қасқыр; Д) өсекші.</p> <p>9. Полисемияны көрсет: А) Білімнің кілті; С) Қызыл ту; В) күн сәулесі; Д) Қардың суы.</p> <p>10. Бұрынғы архаизм, қазіргі неологизм: А) фонд; С) наурыз; В) несие; Д) дәстүр.</p>	<p>Білім тексеру</p>
<p>II нұсқа</p> <p>1. Тұрақты сөз тіркесін көрсет: А) суға жүзді; С) жүзі жылы; В) сабақ оқыды; Д) жүз сом.</p> <p>2. Архаизмдерді көрсет: А) бағдаршам, құжат; С) ғарыш, тарих; В) нарық, кеден; Д) колхоз, совхоз.</p> <p>3. Дисфемизмді тап: А) Ақсақ адам; С) байқау, жарыс; В) күнгізбе, бокс; Д) хан, би.</p> <p>4. Неологизмді көрсет: А) дульға, кесе; С) кітап, оқушы; В) шаруа қожалығы, кеден; Д) революция, тарих.</p> <p>5. “кекiлдім”, “шырайлым” қай қатарда? А) историзм; С) табу; В) архаизм; Д) дисфемизм.</p>	<p>Бекіту</p>

<p>6. Ауыспалы мағыналы сөзді тап: А) жылы су; С) жылы үй; В) жылы сөз; Д) жылы көрпе.</p> <p>7. Көп мағыналы сөзді көрсет: А) Шөптің басы, қойдың басы; С) алтын сағат, алтын күн; В) менің кітабым, мені ұқ; Д) маған қара, сен үшін.</p> <p>8. Синонимдер қатарын көрсет: А) күшті, мықты; В) тез, ұсақ; С) сұлу, ақылды; Д) арық, семіз.</p> <p>9. Омонимді тап: А) Бақша ағаштары; В) Бөлесін бесікке бөледі; С) Ол – сенімді кісі; Д) достығымыз берік.</p> <p>10. Антонимді көрсет: А) бірте-бірте; С) күні-түні; В) анда-санда; Д) қайрат-жігер.</p>	<p>Бағалау</p> <p>Жеке-дара</p>
<p>III. Ой қорыту. Әркім лексика тарауынан неге үйренді, не алды, сөздік қор, тіл байлығы туралы не ойлайды – «Ой толғау» түрінде жазып, ойларын қорытындылайды. Сабақты қорытындылау.</p> <p>IV. Үйге тапсырма: Лексика тақырыбына сөзжұмбақ, ауыспалы, тура мағыналы сөздермен сөйлемдер құрастыру.</p> <p>V. Бағалау.</p>	<p>Ой қорыту</p> <p>Іздену</p>



Рабиға СҰЛТАНҚҰЛҚЫЗЫ,
 Алматы қаласындағы
 «Жаңа ғасыр» №175
 гимназия мұғалімі.

ЛЕКСИКА ӘЛЕМІ

Сабақтың мақсаты: лексика тарауынан өткенді қайталап, нақты мысалдар келтіріп, оқушы білімін сарапқа салу.
Міндеттері: білімділік – лексика тарауынан алған білімін орнықтырып, ғылыми өрісін қалыптастыру; тәрбиелік –

берілген мысалдар арқылы тәрбие тағылымдарынан үлгі алу, оқушыларды ұйымшылдыққа, бірлікке, тапқырлыққа баулу; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын арттыру.

Әдісі: сұрақ-жауап, талдау, БИС элементтерін қолдану, жинақтау. **Түрі:** қайталау. **Көрнекілігі:** сөзжұмбақ, интерактивті тақта, кестелер.


Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Үй тапсырмасын сұрау.

- Өткен сабақтарда қазақ тілінің қай тарауымен таныстық?
- Олай болса, «Лексика» саласы қарастыратын мәселелермен танысып, талдап, таратып айтып көрелік.

Лексика	
Сөз мағыналары	
Тура	Ауыспалы



Сауалына – жауап:

1. «Лексика» дегеніміз не?
2. «Лексика» сөзі қандай ұғым береді?
3. Сөздің тура мағынасы дегеніміз не? Мысал келтір.
4. Сөздің ауыспалы мағынасы дегеніміз не? Мысал келтір.
5. Сөздің көп мағыналығы дегеніміз не? Мысал келтір.
6. Омоним дегеніміз не? Мысал келтір.
7. Синоним дегеніміз не? Мысал келтір.
8. Антоним дегеніміз не? Мысал келтір.

I шапалақ

1. Әр оқушыға тапсырмалар беріледі (кеспелер).

Мұғалім сол нөмірленген кеспелер бойынша оқушылардан тұрақты сөз тіркесінен синонимдік қатар жасағандары туралы сұрақтарға мынадай жауап алады:

1. Азуы алты қарыс – қаһарлы.
2. Хабарласпау – ат ізін салмау.
3. Жолы болды – ай оңынан туды.
4. Жуас (момын) – қай ауызынан шөп алмас.
5. Қорықты – төбе шашы тік тұрды, жүрегі ауызына тығылды.
6. Үндемеу – дымын шығармау.
7. Өкінді – бармағын тістеді.
8. Әп-сәтте – өң мен түстей.
9. Білімді – өрісі кең.
10. Ренжісті – қырғи қабақ болу.
11. Әдемі сөйлеу – сөздің майын тамызу.
12. Айтпау – тіс жармау.
13. Дөрекі сөз – сөзі түйеден түскендей.
14. Зерігу – іші жарылу.
15. Жағымпаздану – шашпауын көтеру.
16. Қуану – екі езуі екі құлағына жету.

Сергіту сәті.

Мұғалім өткен тапсырмалар бойынша сұрақтар қойып, айтқызып, жауабын сұрайды.

1. Антонимнің сыңарын хормен айтқызу:

ақ – қара; биік – аласа; бала – қыз;
 ұзын – қысқа; аспан – жер; темір – ағаш;
 апай – ағай; ата – әже; тұр – отыр;
 семіз – арық; оң – сол; ал – бер.

2. Көсемшенің жұрнақтарын жалғау арқылы көсемше жасау.

-ып, -іп, -п: -а, -е, -й: -қалы, -келі, -ғалы, -гелі:

барып;	сыза;	барғалы;
келіп;	бара;	келгелі;
сөйлеп;	бере;	қайтқалы;
тұрып;	көре;	кеткелі;
санап;	қала;	тұрғалы;
жүріп;	сөйлеп;	жазғалы.


3. Есімшенің жұрнақтарын жалғау арқылы есімше жасау.
-ған, -ген, -қан, -кен: -ар, -ер, р: -атын, -етін, -йтын, -итін:

жазған;	жазар;	жазатын;
көрген;	берер;	беретін;
оқыған;	көрер;	көретін;
берген;	оқыр;	оқитын;
айтқан;	алар;	алатын;
санаған;	айтар;	санайтын.

4. У жұрнағын жалғау арқылы тұйық етістік жасау:

бару;	тұру;	оқы-оқу;
келу;	есту;	ойла-ойлау;
жүру;	айту;	биле-билеу;
көру;	отыру;	сөйле-сөйлеу.

5. Сөзжұмбақ шешу.



1. Саудагердің мақсаты (байлық).
2. Есікті ашатын құрал (кілт).
3. Есімше тұлғасындағы етістік (алған).
4. Білім бұлағы (кітап).
5. Оқушының мақсаты (білім).

II шапалақ

Дағды дәптермен жұмыс (5 минут)
Оқушылар кез келген сөздерді жазады (1 сөздің мағынасын сұраймын).

III шапалақ

Әр оқушыға тапсырма:

Интерактивті тақтада көрсетілген слайдтармен жұмыс жасау.

1 қатар. Интерактивті тақтадағы слайдтар бойынша тақырып қойып, шағын мәтін жазады. Мәтіннің ішінде омоним, синоним сөздер болуы тиіс.

2 қатар. Интерактивті тақтадағы слайдтар бойынша сөйлемдер құрау. Сөйлем ішінде омоним, синоним, антонимдер болуы тиіс.

3 қатар. Интерактивті тақтадағы слайдтар бойынша сөйлемдер құрау. Сөйлемдердің ішінде мақал-мәтел мен тұрақты сөз тіркестерін қолдану керек.

Білімді бағалау

I	II	I	II	I	II
++	++	++	++	++	++
++	-+	-+	++	-+	-+
++	+-	++	-+	++	++
-+	-+	--	++	++	-+
-+	++	++	+-	++	+-

Сабақты бекіту: «Лексика» дегеніміз не? Сөз мағынасы нешеге бөлінеді? Омоним дегеніміз не? Синоним дегеніміз не? тап, мысал келтір.

Үй тапсырмасы: көркем шығармалардан тұрақты сөз тіркесіне омоним, синоним, антонимдерге мысал келтір.

Сабақты қорыту.

- Осындай жүйелі жұмыстар нәтижесінде оқушының күннен күнге білімге деген ынтасы арта түседі, олар өз бетімен шығармашылықпен жұмыс істеуге қалыптасады, өзін-өзі бағалап, оқудың мәні мен мақсатын айқын түсінеді. Сондықтан сабақ барысында БИС технологиясын қолдану өте тиімді деп ойлаймын.

Роза БЕКМОЛДИНА,
«Айыртас» жалпы білім беретін
орта мектебінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Ақтоғай ауданы,
Айыртас ауылы.

ЭВФЕМИЗМ МЕН ДИСФЕМИЗМ

(сюжетке құрылған сабақ, 2-сағат)

Мақсаты: тіл ұстарту жұмысын жүргізе отырып, оқушылардың белсенділігін арттыру, өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелеу, тапқырлыққа баулу. **Міндеттері: білімділік** – екі терминнің бір-бірінен негізгі айырмашылығын нақты мысалдар арқылы айқын ажырата алатындай дағды қалыптастыру, білімін тереңдету; **дамытушылық** – шығармашылық ойлау қабілетін, дүниетанымын, ой-өрісін дамыту; **тәрбиелік** – халық педогогикасы негізінде адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу. **Түрі:** дәстүрлі емес, кіріккен сабақ. **Әдісі:** еркін әңгімелесу, ой шақыру, салыстыру, Венн диаграммасы. **Пәнаралық байланыс:** хрестоматия «Күн астындағы Күнікей қыз». **Көрнекілік:** сабақ жоспары, дидактикалық материалдар, кесте-тапсырмалар, билет.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру. 2. Сабақ жоспарымен таныстыру (тақтада). 3. Ой шақыру (үй тапсырмасы). 4. Издену (әже, аналарының келін ретіндегі қолданатын табу сөздері). 5. Жаттығу (оқулық және дидактикалық материалдар). 6. Салыстыру (табу-эвфемизм; эвфемизм-дисфемизм). 7. Топтастыр (топтастырылған тірек сөздер арқылы мәтін құру). 8. Түйіндеу (сабақты қорытындылау). 9. Бағалау (үйге тапсырма).

Кіріспе сөз: - Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше! Естеріңде ме, сендерге күзгі демалыста оқуға берілген тапсырмалардың біреуі «Күн астындағы Күнікей қыз» еді ғой? Сол асыл мұрамызға қауіп төніп тұр. Алдар көседен қашқан Құлан мен Түлен жаңа мекен іздеп жүріп, біздің осы ертегіге кіріп кетіп, адасып, оқиғаларды бүлдіріп жатыр екен. Бізге сәлем айтты: оқушылары білімді болса, бүгінгі сабақтың тапсырмаларын толық орындаса, ертегілерін жайына қалдырамыз. Біз ертегідегі үш оқиғаны бүлдірдік, мазмұнын білсе, өздері тауып алады да, ертегідегі кейіпкерлер мұратына жетеді,-депті.

Ал, біз жоспардағы 1 – тапсырма - үй жұмысын орындау үшін ертегіні еске түсірейік.

Оқушылардың жоспарлы, сюжеттік мазмұндауы: Кемпір мен бала. Топ киік. Алтын мүйізді киік. Баланың анасымен ақылдасуы. Ханға сыйлық. Хан мен уәзірдің киікке алтын тұғыр талап етуі. Баланың шешесінің ділдә (алтын ақша) тауып беріп, шеберге жіберуі.

Мұғалім сөзі: - Балалар, бірінші кедергі. Құлан мен Түлен шеберді тығып қойыпты. Оны қайтару үшін үй тапсырмасын тексерейік.

1. Ой шақыру. Табу. Эвфемизм мен дисфемизм ережесін сұрау, мысал келтіру.

2. Издену. Ана, әжелер, ауыл адамдары қолданатын табу сөздерді жинақтап келу. Неге олай атайды, себебін білу.

Түйіндеу: Балалар, сендер табу сөздерді үлкендердің үлгісімен қазір, өскенде қолданар ма едің? Неге?

Тапсырма орындалды, ертегіні әрі қарай жалғастырайық: хан мен уәзірдің 2-тапсырмасы – Сұлу, алтын ағаш әкелу. Шалдың көмегі. Күзетші – 40 ұры. Сикырлы кездік.

Мұғалім: - Бала ұрылармен бірге етке тойып, ұйықтап жатқанда Құлан мен Түлен кездікті ұрлап алыпты, оны

қайтару үшін келесі тапсырмаларды орындайық. Балалар әдепті, эвфемизммен ғана сөйлейтін болса, кездікті қайтарам,- дейді.

108-жаттығу. Дисфемизмді эвфемизмге ауыстырып жазу (кітап, тақта, дәптермен жұмыс).

Ұры – суық қолды; соқыр – көзден кемшін; өсекші – қосып айтады. Дидактикалық материалмен жұмыс (кәртішке тарату).

Үлгі: 1) Көп адам дүниеге бой алдырған,

Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.

1-топ. Эвфемизмді көрсет, мағынасын аш (дүниеге құныққан, ашкөз).

2-топ. Дисфемизмді көрсет (қара сақал кемсіту, ашыну).

Әй, қара сақал! Тек тиіп қара, қолыңда өлем!
(Ғ.Мүсірепов).

Тапсырма орындалды, ертегіні әрі қарай жалғастырайық. Сонымен не болыпты?

- Бала алтын ағашты әкелді. Хан мен уәзірдің Күнікей қызға жұмсауы. Кездескен жолдастары: Таусоғар, Көлтауысар, Желаяқ, Тыңшы және құмырсқа. Көк төбеттен құтылу. Ханның шарты. Соңғы шарт – 40 қыздың ішінен Күнікейді табу.

- Балалар, осыған ұқсас ертегіні қайдан кездестірдік.

- «Ер Төстіктен».

- Балалар, баланың соңғы мүмкіндігі – құмырсқаны Құлан қолына ұстап алып, бермей отыр.

- Тақырыпты шын түсініп, өмірде қолдана алатындықтарыңды дәлелдеңдер,- дейді.

А) Салыстыр:

1-топ. Эвфемизм / ұқсастығы / табу.

2-топ. Эвфемизм / ұқсастығы / дисфемизм.

Ә) Билетпен жұмыс. Табу мен эвфемизмді ажырат: 1. Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып Күн болам (эвфемизм).

2. Ұзын шешейді (табу) көрді. 3. Ағайын арасында суық сөз болмау керек (өсек). 4. ит-құстан сақ бол (табу, қасқыр).

Б) Топтастыр:

1-топ. Эвфемизм. **2-топ.** Дисфемизм.

Мұғалім: - Жақсы, бұл тапсырманы да орындадық. Жын өз ертегісіне қайтты. Сонымен ертегі қалай аяқталды?

- Хан қызды берді, бала жігіт болды. Жолдастар өз мекенінде қалды. Хан мен уәзір жамандығы өздеріне қайтты. Жігіт пен Күнікей бақытты болды.

- Ертегі жақсылықпен түйінделді. Біз де сабағымызды түйіндейік.

Рефлексия. Әр топ топтастыруларындағы түйін сөздерді қолданып, шағын еркін ой түрінде не түсінгендіктеріңді және оларды қолдану бізге не үшін қажет, соны жазыңдар (өздеріне оқыту).

Оқушыларды бағалау.

Үйге: 109-жаттығу.



Әсел ЕРМЕНТАЕВА,
Абай атындағы
мектеп-гимназия мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Чапаев ауылы.

ТӨЛ СӨЗДІҢ ТӨЛЕУ СӨЗГЕ **АЙНАЛУЫ**

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдарын үйрету, практикада дұрыс қолдана білуді

меңгерту. **Міндеттері: білімділік** – төл сөз бен төлеу сөздің негізгі ерекшеліктерін еркін біліп, бір-бірінен еркін ажырата білу дағдысын қалыптастыру; **дамытушылық** – сөйлеу мәдениетін дамыту, сауаттылығын арттыру, стильдік қате жібермеу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – ана тілін құрметтеуге, патриоттық сезімге баулу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, Блум таксономиясы, хат, эссе жазу. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, тілдік таблица, слайд.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Амандасу. Сыныпты түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

1. Төл сөз дегеніміз не? 2. Автор сөзі дегеніміз не? 3. Автор сөзі мен төл сөзді байланыстырушы қандай сөз? 4. Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі. 5. Төлеу сөз дегеніміз не?

Тапсырма: Төменде берілген сөйлемдерге тыныс белгілерін қойыңыз:

Бұл не жұмбақ десті екеуі Көл ортасында бұл жалау қайдан пайда болды

Мені деді Амантай далаға шыққан Асқарға губернатор шақырған екен

Асқар Жас қызды бұл еркем дейді екен ғой деп ойлады
Абай Тілге жеңіл жүрекке жылы тисін деген еді деді

III. Жаңа сабақ.

Білу. Жасалу жолдары.

1. Би: - Балама әйелді өзім таңдап алып беремін, - деді.

Би баласына әйелді өзі таңдап алып беретіндігін айтты.

2. - Жоғары шық, - деді үйге кірген Асқарға Ботагөз.

Үйге кірген Асқардан Ботагөз жоғары шығуын өтінді.

3. - Дәрмен! Дәрмен! Сүйінші! Еңлік жыры сенікі, - деді Мағаш.

Мағаш Дәрменнен Еңлік жыры оныкі екенін айтып, сүйінші сұрады.

4.- Сен не дедің?-деп сұрады Алма.

Алма одан не айтқанын сұрады.

5. – Арбасын берді ме? – деп сұрады Хакім.

Хакім арбасын берген-бермегенін сұрады.

6. – Тұр! –деп, біреу қаттырақ дауыспен оятты.

Біреу қаттырақ дауыспен тұруын талап етіп оятты.

Түсіну. 160-жаттығу.

Тапсырма: Мәтінді оқып, кім туралы екенін біліп алындар. Төл сөздерді тауып, төлеу сөзге айналдырыңыз.

Талдау.

161-жаттығуды ауызша орындаңыз.

Тапсырма: мәтінді оқып, төл сөздерді тауып, төлеу сөзге айналдырыңыз. Синтаксистік талдау жасаңыз.

IV. Бекіту.

Жинақтау:

Төлеу сөздегі төл сөз бен автор сөзінің жігін ажыратыңыз.

1. Сәбит оған әдейі амандасуға келгенін айтты.

2. Балтабек Ботагөзден ағасының қолына су құюын ескертті.

3. Асқар шындықты енді айтуға болатынын, болмай-тынын сұрады.

Бағалау: Төлеу сөз не үшін қажет деп ойлайсыз?

V. Үйге тапсырма: Төлеу сөз ережесін, жасалу жолдарын қайталау. Төлеу сөздерді қатыстыра отырып орындау: *I топ: “Бірлігіміз жарасқан халықтыз” /эссе/. II топ: “Мен таңғалған жаңалықтар” /ой толғау/. III топ: “Табиғатпен сырласу” /хат/.*

VI. Қорытынды. Рефлексия.

Марфуға СЛЯМҚАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
«Жаңа Ғасыр» №175
гимназиясының мұғалімі.

АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ!..

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: ақынның шығармаларын талдай отырып, білімдерін жүйелеу, жинақтау, шығармашылық жұмыстар арқылы Абайды жан-жақты таныту. **Міндеттері:** **білімділік** – Абай өлеңдерінің идеялық мақсат-міндеттерін терең талдап көрсету арқылы оқушылардың өмірге деген нық көзқарасын қалыптастыруға күш салу; **тәрбиелік** – ұлттық тәрбие беру, білім мен ғылымды насихаттау, өзінің ішкі әлеміне үңілуіне және сол арқылы адами қасиеттерді жетілдіруге тәрбиелеу. Бірін-бірі түсінуге, сыйлауға, өз-өзіне сын көзбен қарауға тәрбиелеу, толық адамның қасиеттерін ұғындыру, үлгі алу; **дамытушылық** – адам туралы түсініктерін қалыптастыру. Абай мұрасына деген қызығушылығын арттыру. Өзін тұлға дәрежесінде сезіне білуіне мүмкіндік беру, шығармашылық ізденісін дамыту.

Түрі: сайыс сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** топтық жұмыс, сахналық қойылым, топтастыру, жобалау стратегиясы, перфокарта, шығармашылық жұмыс, проблемалық сайыс, сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет, музыка. **Сабақтың эпиграфы:** «Абайдан артық, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс». **Н.Назарбаев.**

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.

I. Психологиялық дайындық:

Бәрі: - Абай рухы – туған жердің тірегі,

Абай рухы – қазағымның жүрегі.

Мұғалім :- Жыр маржаны жүрегінді толқытып,

Намысыңды қамшыласын үнемі, –
дей келе, Абайға арналған қайталау сабағын бастады.

II. «Абай жолы» романынан «Қайтқанда» бөлімінен көрініс.

Сұрақ-жауап:

- Абайдың шын аты кім?

- Ибраһим.

- Кім Абай деп атап кеткен?

- Абай деп әжесі Зере еркелетіп қойған.

- Тағы қалай еркелетеді?

- Бала кезінде екі анасының – Ұлжан мен Айғыздың арасында тел өскендіктен Абайды жеңгелері Телғара деп еркелетіп қойған. Олай болса, біз үш топқа бөлінеміз.

III. Тапсырмалармен жұмыс.

I топ – Ибраһим: «Абай әлеміне» шолу жасау.

Ақынның ата-қоныс жері қандай?

Ата-баба, әулеті, тегі қандай?

Ақынды тебіrentкен, күңіrentкен,

Ұшқан ұя – ортасы, елі қандай?

II топ – Телғара: Абай айтқан асылдар. Абай өлеңдерін жатқа айту.

Абайдың сөзінде

Ұлылық ұйып тұр.

Ойлы, ақыл, сезімге

Бар қазақ сыйып тұр.

Қорытындылау: - Елбасымыз өзінің халқына Жолдауында «...Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы тәрбиелеу керек» десе, Т.Ахтанов «Мен Абайды енді түсініп

жүрмін. Өлеңдерін оқыған сайын бір жаңалық ашқандай боламын» деген екен. Абайды оқи берейік, өлеңін жаттай берейік.

III топ – Абай: Алған білімдерін жинақтау мақсатында «Кім білгіш?» деген ұяшықтағы сұраққа бірден жауап беру.

Сергіту сәті. Ән: «Желсіз түнде жарық ай».

IV. Шығармашылық жұмыс.

Ибраһим тобына:

«Жақсы сөз жалынды оттан шығады». Абай афоризмдерін жатқа айту, мағынасын ашу (перфокартамен жұмыс).

Телғара тобына: Шығармашылық жұмыс. Абай мұрасынан өзің қандай ғибрат алдың? Ойтолғау жаз.

Абай тобына: Абай іздеген толық адам кім? Моделін жаса. Қорға.

V. Проблемалық сұрақ:

1. Өз бойыңда жаман қасиеттерден арылу үшін не істер едің?

2. Өзіңе-өзің сын көзбен қарайсың ба?

3. Достарыңның бойыңдағы үлгі аларлық жақсы қасиеттерін ата.

Қорытындылау: Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер М.Әуезов «Абай – терең теңіз, алып мұхит... Ал мен оның бетін ғана қалқыдым» деген екен. Біз де сол тереңнен дәм таттық. Абайды оқудан жалықпайық.

Бағалау.

Үйге тапсырма: Ақыл, қайрат, жүрек – үшеуінің диалог сөзінен қойылым көрсетуге дайындалу, Жүрекке қатысты өлеңдерін мәнерлеп оқу, қалаған біреуін жаттау. «Жүрегім менің – қырық жамау», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас», «Жүректе қайрат болмаса»...

Әсел ЖАПАЕВА,
М.Бегалиева атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Бөкей ордасы ауданы,
«Берілі» ауылы.

«ӨЛЕҢ – ӨМІР, ӨЛЕҢ – ӨНЕР»

Кештің мақсаты: талантты ақын Қадыр Мырза Әлидің ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүйуге, оны бағалай білуге, сыршыл да шыншыл ақын өлеңдерінің мәні мен маңызына тоқталу. Қадыр өлеңдерін нақыштап оқу дағдысын жетілдіре отырып, рухани танымын кеңейту. Ақын шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, шығармашылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, өнерге баулу.

Кешті жабдықтау: ақын өмірінен сыр шертетін суреттер (слайдтар), Қадыр Мырза Әли кітаптарының көрмесі.

Кештің жоспары: 1. Қадыр Мырза Әли өлеңдерін мәнерлеп, жатқа оқу. 2. Ақын өлеңдеріне жазылған әндерді орындау. 3. Ақынға арнау оқу.

Кештің барысы.

Жүргізуші:

- Құрметті ұстаздар, оқушылар, талантты ақынымыз Қадыр Мырза Әли шығармашылығын танытуға арналған өнер додасына қош келдіңіздер! Бұл кеш сүйікті ақынымыз Қадыр Мырза Әлидің өмірінен бастап отты жырларымен толық танысуымызға жол ашады деген ойдамын.

Бір қартың бар талмайтын,
Бал арманын сатпайтын.
Отқа салсаң – жанбайтын,
Суға салсаң – батпайтын.
Жоғалмайды адамның
Сарандығы,
Мәрттігі...
Кімнің қалай болғанын
Танытады қарттығы.

Есімі әдебиет пен жыр сүйер қауымға мәшһүр ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадыр Мырза Әлидің өлеңдері әдебиетімізде қазіргі кезде шоқтығы биік туындылардың қатарына жатады. Ақын өмірдерегімен танысайық.

Қадыр Мырза Әли Ғинаятұлы 1935 жылы 5 қаңтарда Орал облысының Жымпиты ауылында өмірге келген. 1958-1962 жылдары аралығында «Балдырған» журналында әдеби қызметкер, 1962-1965 жылдары «Жұлдыз» журналында поэзия және сын бөлімдерінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі, 1973

жылдан бастап Қазақстан Жазушылар одағының поэзия секциясының меңгерушісі болды.

Қадыр Мырза Әлидің алғашқы өлеңі 1954 жылы «Пионер» журналында жарияланды.

1959 жылы «Көктем» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді. Содан бері елу шақты кітабы жарық көрген, бүкіл халқына сыйлы азамат, сөз зергері, көрнекті ақын.

«Мекен-жұртым, жыр күтіп далаң менен,
Мен далаңнан нәр алып, аман келем.

Екі нәрсе мәңгілік:

Бірі – өзің де,

Бірі – мендік махаббат саған деген»,- деп ақын жырлағандай, туған жер, табиғат, балалық шақ, аналар, қазақ халқының дарқандығы, бұлар – ақынның ең басты тақырыптары. Қазір сіздер осы тақырыптардағы ақынның жүрекжарды сырымен ой бөлісесіздер. Кезекті ақын өлеңдеріне берейік.

(Сайыс барысында ақынның «Домбыра», «Бір үзім нан», «Концерт алдында», «Тілдің туы», «Бата», «Тарихпен тілдесу», «Туған жер», «Қызыл кітап» поэмасынан үзінді, т.б. өлеңдері оқылды).

Жүргізуші: - Ақын көркем де, парасатты жырларында Отан, замандас, табиғатты қорғау, бейбітшілік, адам өмірі, заман туралы іргелі әлеуметтік азаматтық ой толғайды. Ол – әлем әдебиетінің озық үлгілерін өз жырларына дарыта білген, философиялық-дидактикалық дәстүрді дәуірге сай жаңғырта, дамыта жырлаған ақын. Екі жүзге жуық ән мәтіндерінің авторы. Кезекті ақын өлеңдеріне жазылған әндерге берейік.

(Ақынның сөзіне жазылған Ш.Қалдаяқовтың «Цыган жыры», «Тамды аруы», Н.Тілендиевтің «Әже туралы ән», «Өз елім», И.Исаевтың «Апам үшін», Т.Базарбаевтың «Тамаша», «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру», т.б. әндері орындалды).

Жүргізуші: - Қадыр Мырза Әли – мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналған ойлы да ойнақы жаңылтпаштары мен санамақтары, ертегілері мен балладалары арқылы балалар әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан алып. Кітаптары орыс, өзбек, қырғыз, моңғол, ағылшын, француз, неміс, болгар, венгр, фин тілдеріне аударылса, өзі көптеген дүние жүзі ақындарының өлеңдерін, жыр кітаптарын қазақ тіліне аударған.

Қадыр Мырза Әли – балалар ақыны. Балаға арнап жыр жазу – қаламгер үшін өлшеусіз бақыт. Өйткені балалар үшін жазу кез келген қаламгер қолынан келмесе анық. Қадыр аталарың – сондай пернелі перзент. Оның сондықтан да жүз мыңдаған, миллиондаған оқырманы, жанашыры, жеткіншегі, ізбасары бар. Келесі кезекті Қадыр ақын ізбасарларына береміз.

(Оқушылар Қадыр ақынға арнау өлеңдерін оқиды. Олар өз шығармашылығынан «Қадыр атаға», «Ақынға арнау», «Қадыр Мырза Әлиге», «Жерлес ақынға», «Ақынға тілек» атты дүниелерін сыйға тартты).

Солардың бірі – 6-сынып оқушысы Садықов Игіліктің «Ақынға тілек» өлеңінен үзінді ұсынамын:

Қадыр Мырза Әли ақын,
Туған жерің бізге жақын.

Сіздей қадау зор талантқа

Үйлеседі Қадыр атың.

Өлеңдер мен пейзаждар,

Жаңылтпаштар, жұмбақтар,

Қай баланың болса да,

Ой-санасын оятар.

Қадыр Мырза – сыршыл ақын,

Сезімі ұшқыр тұлға ақын.

Шіркін, мен де сіздей болсам

Ойы терең мүдделі ақын.

Менің сізге тілерім:

Жүргеніңіз оң болсын!

Сізге, аға,

Болашақта «Ақ жол» болсын!

Жүргізуші: - Қадыр Мырза Әли – сегіз қырлы, бір сырлы дарын. Табиғат перзенті – ақын, ал сол перзенттің қолдаушысы – халқы. Халқы аманда ақын да аман, ақын да бақытты.

Бақыт деген – досыңның табағында,

Бақыт деген – домбыра шанағында.

Бақыт деген – өзіңнің босағаңда,

Бақыт деген – халықтың қабағында.

- Біздің оқушыларымыз Қадырдай ақыны барда бақытты деп айта аламын. Тамаша ғибрат аларлық кеш болды деп есептеймін. Келген қонақтарға рахмет! Әрқашан деніміз сау, бай, қуатты болайық. Тәуелсіз еліміздің аспаны ашық болсын! Кешімізді Қадыр Мырза Әлидің сөзіне жазылған Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен аяқтаймыз.

Самал ҮМІТБАЕВА,
«Орман» негізгі мектебінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Жамбыл ауданы,
«Орталық» ауылы.

Ш.МҰРТАЗА. «БЕСЕУДІҢ ХАТЫ»

(8-сынып, 2-сағаты)

Сабақтың мақсаты: оқушыларға көркем шығарманы оқыту арқылы драманың құндылығын таныту, кейіпкерлер характерін жан-жақты аша суреттеуге үйрету. **Міндеттері:** **білімділік** – адам деген ардақты атқа лайық өмір сүрудің қаншалықты маңызды екеніне тоқталып, елдің даңқын ер шығаратынын тілге тиек ету; **дамытушылық** – қазақ халқының ашаршылық жылдарындағы қайғылы кезеңдері мен бастан кешкен тарихи қасіретін ұқтыру, оқушылардың ауызша және жазбаша тіл байлығын арттыру, өз бетімен ізденіп оқу, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру, сын тұрғысынан ойлауын жетілдіру; **тәрбиелік** – оқушылардың еліне, халқына деген сүйіспеншілік сезімін күшейту, отаншылдық, ұлтжандылық адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, СТО стратегиялары. **Пәнаралық байланыс:** тарих. **Көрнекілігі:** Ш.Мұртазаның, Т.Рысқұловтың, И.В.Сталиннің, Ф.И.Голощекиннің суреттері, интерактивті тақта, үлестірме қағаздары.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Бірінші топқа: Жазушы Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығы.

Екінші топқа: «Бесеудің хаты» пьесасын қысқаша мазмұндау.

Екі топқа ортақ тапсырма:

1. Драма дегеніміз не? Диалог, монолог, ремарка туралы айтып беріңіз.

2. Жазушы «Бесеудің хаты» драмасына қандай тарихи оқиғаны арқау етті?

3. «Ашаршылық» дегенді қалай түсінесіздер? (Ашаршылыққа қатысты ұғымдарды топтастырып жазу)..

4. Қалай ойлайсыздар, бұл қасіретке қазақ халқы қалай ұшырады?Кім кінәлі?

III. Қызығушылықты ояту. Ой қозғау.

- Шығарманың негізгі кейіпкері кім?

- Ғабит туралы не білесіңдер?

IV. Мағынаны тану.

Оқулықпен жұмыс.

Қазақ халқының басына түскен сонау 1931-33 жылдар аралығындағы зобалаңды жазушы, әсіресе, шығарманың қай тұсында көрсеткен? (Оқушылар оқулықтан тауып оқып береді, 185-бет).

Екі топтан 2 оқушы драма кейіпкерлері Ғабит пен Балымның арасындағы диалогты жатқа оқып бергеннен кейін әр топқа сұрақ қойылады.

Бірінші топқа: Жаңағы оқылған диалогтан Ғабиттің қандай қасиеттерін танимыз?

Екінші топқа: Балымды қандай кейіпкерге жатқызасыз? Неліктен?

Бірінші топтың жауабы.

Елінің жағдайын ойлап, қамын жейді. Халықтың басына азапты күн туғанда, халқын одан араша студің жолын іздеп, жанашырлық танытады. Осы жолда ол ештеңеден де тайсалмайды. Тіпті, халқы үшін басын қатерге тігуге дайын.

Жазушы Балымның сөзі арқылы да Ғабиттің осы бір қасиеттерін аша түседі.

Екінші топтың жауабы.

Балымның сөзінен де, ісінен де Амангелді батырға лайықты жар екенін аңғарамыз. Ол – өте қайсар әйел. Қиындыққа да төзе біледі. Аштықтың салдарынан ауыл адамдарының қиналған, азаптанған сәттерін көргісі келмейді. Тіпті, заты әйел бола тұрса да, өзінен гөрі басқаның жағдайына алаңдап, сонау Башқұрт, Баймақ деген елдерден тамақ әкелуінің өзі – ерлікпен пара-пар. Осы әрекетінен оның өте қайырымды, ақылды, парасатты, адамгершілігі мол жан екенін таныдық.

Бірінші топқа қойылар сауалдар:

- Ұнамсыз кейіпкерлерге кімдерді жатқыза аласыздар?
- Драмадағы Голощекин туралы не айтасыз?

Бірінші топтың жауабы: Драманы оқи отырып, Голощекиннің көрсоқыр, қатыгез, зұлымдық атаулының иесі екенін білдік. Шығарманың өне бойында ол тек қана өзінің жабайы мінез-құлқымен, жиіркенішті ісімен, дөрекі сөзімен көрінеді. Қазақтарды жабайы халық деп таниды. Қазақтан шыққан зиялы қауымға деген көзқарасының теріс болуы, оларды көре алмауы және менсінбеуі – оның өркөкірек екенін айғақтайды. Саяси сауатсыз Голощекин қазақ еліне ашаршылықты қолдан жасады. Оның кесірінен жазықсыз, бейкүнә халық зұлматтың құрбанына айналды. Халқының амандығын ойлаған Ғабитпен бетпе-бет келгенде оның ішкі жан-дүниесі, жауыздығы, қатыгездігі де аяқ асты етіледі. Драматург оның тарихтағы бейнесін өз туындысында қалтқысыз шебер көрсете білген.

Екінші топқа берілер тапсырма: Венн диаграммасын пайдаланып, Құрамысов пен Ивановқа салыстырмалы мінездеме беріңіз.

Ұжымдық тапсырма. «Үш жақты түсіндірме күнделік» стратегиясы.

Драмадағы Ғабит	Мен кім?	Әңгіме-сыр
Жазушы, патриот, қайсар, қайырымды, жанашыр, адал. Асыра сілтеуді әшкерелеп, жоғарыға хат жазған бесеудің бірі.	Бүгін мен оқушымын. Ертең елімнің болашағына үлес қосатын азаматпын.	Ғабит аға, сіз ел бағы үшін туған нағыз жанашыр, қамқор азамат екеніңізді дәлелдедіңіз. Қазақ елі қайғылы қасіретті басынан кешкенде, сіз елдің бас көтерер азаматы ретінде қол ұшын бергеніңізге өте ризамыз. Осы үшін де сізді өзімізге үлгі, өнеге тұтамыз.

Ой шақыру. Тұрар Рысқұлов туралы не білеміз?

Оқушы: Т.Рысқұловтың «Сізден аштыққа душар болған халқымның өмірін сақтап қалу үшін көмектесуіңізді сұраймын» деп Сталинге жазған хатының мазмұнымен таныстырады. Тұрар Сталиннің жеке қабылдауында да болады. Ш.Мұртаза «Жанпида» мақаласында «... осы ерлігі үшін Тұрарды құрметтеуге де, үлгі етуге де болады» деген пікір айтқан.

Т.Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы қалам тартқан белгілі жазушылар мен ғалымдар: Ш.Мұртаза, М.Қойгелдиев.

V. Ойтолғаныс.

1-топқа:

- Кейіпкерлер бойындағы адами қасиеттерді топтастырыңыз.



2-топқа:

- Осы шығарманың тәрбиелік мәні немесе мен қандай тәрбие аламын?



Бекіту сұрақтары:

1. Драматург осы шығармасы арқылы оқырманға қандай ой тастайды?
2. Оқу барысында қандай сезімде болдың?
3. Драманың маңыздылығы неде?
4. Бүгінгі жастардың бойынан қандай қасиеттерді көргіңіз келеді?

РАФТ стратегиясы. Ғабиттің болашақ ұрпаққа хаты.

Рефлексия.

- Сабақтан не білдіңіз?
- Не үйрендіңіз?

Үйге тапсырма: «Елім-ай» тақырыбына шығарма жазу.

Бағалау.

Аманкүл ПАЛУАНОВА,
Қаныш Сәтбаев атындағы
мектеп-гимназияның мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Созақ ауданы,
«Құмкент» ауылы.

«ӘНШІ» ӘСЕРІ

Сабақтың мақсаты: Ілияс өмірі мен қызметі, шығармашылығы туралы өз беттерінше білім алуларына жағдай жасау, «Әнші» өлеңін талдата отырып, мәнерлеп оқуға үйрету. **Міндеттері:** **білімділік** – осы өлеңді жазудағы ақынның көздеген мұраты жөнінде жан-жақты түсінік беріп, оқушының ой-өрісін жетілдіру, өнердің атқарар рөлі жөнінде кеңінен әңгімелеу; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын, шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыту; **тәрбиелік** – Ілияс шығарамаларын талдау арқылы эстетикалық тәрбие қалыптастыру, өнер әлемінің күдіретін ұғындыру, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.


Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Пәнаралық байланыс:** өнер, ән-музыка, тарих, қазақ тілі.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру бөлімі: 1) оқушылармен амандасу; 2) «Бүгін қандай күн?» деген сұраққа жауап іздеу (берілген сұрақ арқылы оқушының өмірге деген қызығушылығы артады, танымы кеңейеді, әрбір атқан таңның өз ерекшелігі бар екендігін сезінеді).

II. Үй тапсырмасын пысықтау.

1. «Зымыран сұрақтарды» пайдаланамын.
2. Сандар сөйлейді.



III. Жаңа сабақ.

Әнші — әнді нақышына келтіріп, шебер орындайтын адам.

Ертеде қазақтар той-томалақтарды әнші-күйшісіз өткізбеген. Сондай-ақ қазақтың дәстүрлі неке ғұрыпындағы рәсімдерге әншілер арнайы шақырылып, астан кейін әншілерге кезек берілген. Нағыз әншінің әншілік өнерінің танылар тұсы да – осы сәт. Мысалы, бірде Семей мен Жетісу өңірінің қазақтары жиналып, сайысқа түскенде, Семейдің әншілері қарсыластарының басымдығын байқап, дереу бір атақты әншіге жаушы жіберіп, оны бірнеше жүз шақырым жерден алдыртуға дейін барған екен. Мұндай шаралар ру, жердің намысы мен беделі үшін жасалған және руаралық қатынастарды реттеуші элемент қана емес, өнер атаулының бағалануы мен алға қарыштауына серпін беретін іс. Екінші жағынан, сол халықтың өнерін паш ету, дәріптеудің нақты бір үлгісі болып табылады. Әншілік өнер атадан балаға мирас болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Байырғы ортада үйге қонақ келсе, адам күтуге байланысты ғұрыптар атқарылып болған соң, ауылдың алты ауызы көбінесе әнмен немесе басқаша бір өнер түрімен орындалатын болған. Кейін қонақтан қонақ кәде сұралып, дәстүрлі ортаға таптаурын болған, ауыларалық, күнделікті әнмен не жай өнер түрімен емес, тосын, естіле бермеген әнмен немесе басқа да өнер түрімен атқарылуын күткен. Бұл арада қонақтың қандай

адам екендігі сыналып, асқан әнші, топтан озған дарабоз екендігі осы арада нақты танылып, халық бағасына ие болған. Сол сияқты дәстүрлі ортада ас-той, түрлі жиындар әншісіз өтпеген. Әнші – халық қалаулысы, онсыз ешбір ортаның сәні келмейді.

I.Жансүгірұлы «Әнші» өлеңін қазақтың күміс көмей, жезтаңдай әншісі Әсет Найманбайұлына арнаған. Әсем әнге деген сүйіспеншілігін ақын Ілияс төгілдіре жырлаған. Осы өлең арқылы қазақтың дәстүрлі ән өнерінің құдіретін аша білген.

Өлеңді мәнеріне, нақышына келтіріп оқып беремін, тыныс белгілерімен жұмыс жасаймын. Оқушылардың өздеріне мәнерлеп оқытамын.

Әсет Найманбайұлының өмір жолы мен шығармашылығына шолу жасау:

Әсет Найманбайұлы 1867 жылы Семей облысында кедей отбасында дүниеге келген. 16-17 жасында Қоянды жәрмеңкесінде Рысжан қызбен айтысып жеңуі оның атағын шығарады. Абай ауылында 3-4 жылдай болып, ақынның тәлім-тәрбиесін көреді.

«Үш жетім», «Ағаш ат», «Шәризат», «Салиха-Сәмен», «Мұңлы қыз» дастандары бар.

1916 жылы Әсет патша өкіметінің жазалаушы отрядынан үрейленген ауылдастарымен қоса Шығыс Түркістанға (Қытай жеріне) өтеді.

1923 жылы Қытайда дауысын ашу үшін жалайтын мұсатырдың орынына байқамай ақ алмас қабылдап қойып, уланып қайтыс болады. Ұлы мен қызы елге жетеді.

Мәтінмен жұмыс: тақтадағы арнайы тапсырмаларды орындауға уақыт беремін. Өлеңге теориялық талдау жасатамын:

- 1) Өлең неше шумақтан тұрады;
- 2) Өлең неше бунақтан тұрады;


- 3) Көркемдеуіш тәсілдердің қай түрлері қолданылған;
- 4) Қолданылған троптардың (құбылтудың) түрлерін тап;
- 5) Ақын айшықтау тәсілін қолданған ба?

Тенеулер: Үйректей, қаздай, аққудай, қоңыр қаздай, саулы інгендей, нөсердей, қазандай, қамыстай.

Эпитеттер: Ми дала, меңіреу шөл, күміс көлдер, майда желіс, тоқсан бунақ, асқақ ән.

Метафоралар: Бұлбұлмын, тұлпармын, тауықпын, жорғамын, желғабыз сол ортаның заржағымын, тілім – бал, сарайым – сабам, ән қымызы, сөз – жаңбыр, дауысым – дауыл, әнім – ескек.

Топтастыру стратегиясы



Әнші Әсет туралы

Өнердің құдіреті

IV. Сабақты бекіту: Үнтаспадан Әсеттің әні «Інжу-маржан» әнін тыңдату.

V. Сабақты қорыту: Ол қазақ өнерінің, күй өнерінің, қара қобызы мен домбырасының қасиетін дәріптеп, танытып кетті. **М.Қаратаев.**

Жасынан ән-күйді терең сезініп, жанымен түсінетін Ілияс әдебиетке ән-күйдің құдіретті күшінің туын көтере шықты. Тілінің көркемдігі, сөз образдарының байлығы жағынан Ілияс қазақ әдебиетінде айрықша орын алады. **Қ.Жұмалиев.**

VI. Үйге тапсырма: Әсет Найманбайұлының шығармашылығына шолу жасай отырып, Ілиястың «Әнші» өлеңін мәнерлеп оқу.

VII. Бағалау.

Есенияз БАЗАРОВ,
«Семиглавый Мар» жалпы орта
білім беретін мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Тасқала ауданы,
«Достық» ауылы.

БІРЖАН САЛ – АБАЙ АУЫЛЫНДА

(Біржан әнінің зор құдіреті)

Сабақтың мақсаты: үзіндіні талдата отырып, терең меңгерту, әдеби-теориялық талдауға бейімдеу, ән құдіретін тану. **Міндеттері:** **білімділік** – «өнердің көпке де жеткізетін, көкке де жеткізетін» ғаламат құдіретін терең ұғындыру; **дамытушылық** – шығармашылық қабілеттерін ұштау, ой-өрістерін, тіл байлықтарын дамыту; **тәрбиелік** – ұлттық құндылықтарды қастерлеуге, өнерді бағалауға, қонақжайлылыққа тәрбиелеу.

Түрі: қалыпты сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** баяндау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, сын тұрғысынан ойлау элементтері, практикалық әдістер (рөлдік ойындар). **Көрнекілігі:** слайдтық суреттер, кестесөздер. **Құрал-жабдығы:** интербелсенді тақта. **Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка. **Эпиграфы:** *Көңілім әнді ұғады, Жүрегім бойды жылытып. Абай.*

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру. Оқушылармен амандасу, назарларын сабаққа аудару.

Жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Аудиокітаптан Біржан салдың Абай ауылынан аттанған сәтін толығырақ тыңдату.

Топтық жұмыс мақсатында тақырыпқа байланысты сөздер жазылған таратпалар арқылы төмендегідей топқа бөліп орналастыру:

1. Біржан сал – «Жанбота» әні;
2. Абай – Ибраһим;
3. М.Әуезов – ҚҒА академигі, доктор;
4. Ш.Айтматов – қырғыз жазушысы.

1, 2-жолдардағы сөздерді сәйкестендіргендер бірінші топқа, 3,4-жолдарда жұп болғандар екінші топқа бөлінеді.

Үй тапсырмасын сұрау. «Ән – халық үні» ойтолғау.

Мазмұндық жоспар бойынша мазмұндау (баяндау):

1. Құрметті қонақ.
2. ...Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен.
3. Біржан салған «Жанбота».
4. Әнші Әмір.
5. Ән әуелеткен жастар.
6. Ән салса, Әйгерім салсын.
7. Ұлжанның батасы.
8. Біржанның ағалық тілегі.
9. Шын шабыт (жаңа әннің тууы).
10. Ән қанатында.

Өткен сабақпен тақырыптық байланыс.

Интербелсенді тақтада екі топқа жасырылған сөздері – тең екі кестесөз шешу беріледі, кейін топ аттары ерекше торкөзден («Мұхтар» және «Біржан») анықталады.

1-топ. «Мұхтар» кестесөзі.

1			м				
	2		ү				
3			х				
	4		т				
5			а				
	6		р				

1. М.Әуезов мұғалімдер семинариясын қай қалада оқыды?

2. «Алғашқы» сөзінің синонимі.
3. М.Әуезовтің әкесі.
4. Шекспирден аударған пьесасы.
5. Мұхтардың әжесі.
6. Жазушы ойнаған футбол командасы.

Жауаптары: 1. Семей. 2. Тұңғыш. 3. Омархан. 4. Отелло.

5. Дінасыл. 6. Жарыс.

2-топ. «Біржан» кестесөзі.

			б				
			і				
			р				
			ж				
			а				
			н				

1. Біржанды құрметтеген Абай елі.
2. «Бостандық» сөзінің синонимі.
3. Абайдың сүйікті жары.
4. Біржан салдың әкесі.
5. Ұлжанның Біржан салға ұсынған сыйы.
6. Ақынның ызасынан туған ән.

Жауаптары: 1. Тобықты. 2. Еркіндік. 3. Әйгерім.

4. Қожағұл. 5. Тайтұяқ. 6. Жанбота.

Топтастыру. 1-топ: Біржан. 2-топ: Абай.

Мәтінмен жұмыс. 1-топ. Мәтіндегі фразеологизмдерді табу, синонимдерін, антонимдерін жазу.

Жұмыстың бағыты – кестені толтыру.

Фразеологизм	Мәтіннен үзінді	Мағынасы	Синонимі	Антонимі
Бетін қақпау (136-б.)	Абай оның алдынан шықпайды және бетінен де қақтырмайды	Еркелету	Мандайынан шертпеу	Тізе бағыру

Көз тастау (134-б.)	Салқын бел, самал көліне қонған ел-жұртына көз тастайды.	Қарау	Көз жүгірту	Көз салмау
Алпыс екі тамыры ию (134-б.)	Сай-сүйегің босамай, алпыс екі тамырың пімей көрші!	Елжіреу	Тұла бойы балқу	Міз бақпау
Басқа шауып, төске өрлеу (139-б.)	Өмір тірлікте басқа шауып, төске өрлеген өнерді қадір тұтайық.	Өрлеу	Құлаш сермеу	Беті қайту

2-топ. Ән құдіреті. Әңгімеден (үзінді) ән өнерінің ұлылығы танылатын тұстарын тап, дәлелде, кестені толтыр.

Өнердің ұлылығын ұққан едім	Мәтіннен мысал	Өз ой-дәлелдемен
Біржан қазақ әнін биіктетер ізбасар жастар тобын тапты.	Құйқылжыған әніне қалың жиын қыбыр етпей ұйып, мүлгіп отырғанда, кербез әнші өзі де жүзіне бір жылтыр майра рең бітіп, нұрлана құбылады.	Біржан мен Абайдың ән өнерін бағалауы, қадір тұтуы.
Халықтың өнер адамын құрметтеуі.	Біржанның өзіне өз қолынан үлкен күміс тайтұяқ сыйлады. -Ауылыма келіп, мұндағы үлкен аға, кіші ініні өнеріңе қарық қылып барасың. Қайда жүрсең, жолың болсын! Өнерің, қадірің ассын, шырағым!	Біржан салды Тобықты елі қай жеріне барса да басына көтерді, оған құрақ ұшты.

Эпитеттер табу: 1-топқа Біржанға қатысты. Нұрлы жігіт, асыл саз, сый қонақ, кербез әнші, т.б. 2-топқа жер, табиғатқа қатысты. Заңғар биік, салқын бел, самал көл, т.б.

«Жанбота» әнінің шығу тарихына тоқталу. «Жанбота» әні Ж.Елебековтің орындауында тыңдалады. Ән орындалып жатқанда слайд арқылы фильмдегі Біржан салдың соққыға жығылған жерінен суреттер көрсетіледі.

Көрініс.

Ұлжанның Біржан салға бата беріп, оң сапар тілеуі. Тоғыз-тоғыз сый ұсынуы. (Көріністе Ұлжан, Абай, Біржан, Ербол, Әйгерімдер болады).

Бес жолды өлең .

1-топ.

1. Қонақ.
2. Қадірлі, сыйлы.
3. Қонады, сыйлайды, сынаиды.
4. Біржан Абай ауылынан аттанды.
5. Мейман.

2-топ.

1. Ән.
2. Асқақ, кербез, мұнды.
3. Шырқайды, қалықтайды, шығарады.
4. Өзінің ызасын әнімен шығарды.
5. Өлең.

Бекіту.

Шығарманы басқа көркем шығармамен сабақтастыру.

«Ақын қонақтар» (М.Ә. үзінді) мен «Біржан сал – Абай ауылында» (М.Ә. үзінді).

«Ақын қонақтар»	Ұқсастығы	«Біржан сал – Абай ауылында»
Байкөкше жыршы, Барлас ақын.	1. «Абай жолынан» үзінді. 2. Сыйлы қонақ. 3. Өнерді бағалау, Абайдың ой әлемі. 4. Сыйлық беру салты.	Біржан сал – әнші, сері.

Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: Типтік образ туралы оқу. «Өнерліге – өріс кең» тақырыбына шағын шығарма жазу.

Қорытындылау. «Көңілім әнді ұғады, Жүрегім бойды жылытып». Өнер өрісі, ән құдіреті туралы мұғалімнің сөзі.

Айжан АБАДИЛОВА,
Шәкәрім атындағы облыстық
дарынды балаларға арналған
үш тілде оқытатын мамандандырылған
мектептің мұғалімі.
Семей қаласы.

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖӘНЕ ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ

Сабақтың мақсаты: бұрынғы өтілген материалдармен сабақты байланыстыру, сөз жасау, сөйлемдерді дұрыс құру, ойын жинақтап, әдемі, көркем тілмен жеткізе білуге үйрету, ережелерді нақты, дәлелді, жүйелі білуге баулу, дауысты дыбыстардан алған білімін шыңдау. **Міндеттері: білімділік** – дауысты дыбыстардың негізгі ерекшеліктеріне назар аударту, айтылу өзгешеліктеріне көңіл бөлу және атқаратын басты қызметі туралы дұрыс көзқарасын қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, дұрыс, анық сөйлеп, сауатты жазуға, тапқырлық пен шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – мәтіндерді оқыту, талдату арқылы жақсылыққа, тіл құдіретін сезінуге, сөз мағынасын дұрыс түсініп оқуға тәрбиелеу.

Түрі: қайталау сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, шығармашылық, топпен жұмыс, ұжымдық талдау, дамыта оқыту технологиясы, сәйкестендіру тесті, ойын, жаттығу жұмыстары. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, салыстыру тесті, фонетикалық талдау үлгісі.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен амандасып, түгелдеп, сабаққа ынталарын арттыру.

- Мен бүгінгі сабағымызды эпиграфпен бастағым келеді.
*«Біле бер ,қанша білсең, тағы тіле,
Жетерсің мақсатыңа біле-біле».*

Міне, балалар, алдымызға қойған мақсатымызға жету үшін көп оқып, іздене білуіміз қажет.

II. Үй тапсырмасын тексеру (топқа бөлу арқылы тексеру).

Ізденіс кезеңі.

- Ал, қане, балалар, үйге қандай тапсырма берілді? (Осы кезде есік ашылып, « 5 «В» сыныбына пошта келді» деп үлкен зат тапсырады).

- Балалар, қараңдар, біздің оқулық, жай оқулық емес, «Сиқырлы оқулық» екен, ашқанда музыка ойнайды.

Біз қарастырып жатқан бөліміміз – фонетика саласы «Дыбыстар елінде» деген атпен берілген екен. Сондықтан сиқырлы кітаптың тапсырмаларын орындап көрелік. Сиқырлы кітап тапсырмалары:

1. Фонетика нені зерттейді?
2. Әліпби дегеніміз не?
3. Әліпбиде қанша әріп бар?
4. А.Байтұрсынұлы кім?
5. Дауысты дыбыс дегеніміз не?
6. Қанша дауысты дыбыс бар?
7. У дыбысы туралы не айта аламыз?

Үйге берілген жаттығу жұмысын тексеру.

III. Практикалық дағды қалыптастыру кезеңі.

Сабағымызда дауысты дыбыстар бойынша алған білімімізді пысықтау үшін жаттығулар орындайық. 257-жаттығу (тақтаға орындау).

258-жаттығу (жазбаша).

259-жаттығу (ауызша). Әріптерімізді сөйлетіп көрейік. (Адасқан әріптер).

Құрамында 1,2,3 дауысты дыбысы бар сөз құрау, оған фонетикалық талдау жаса.

IV. Шығармашылық кезең.

Тек дауысты дыбыстан басталатын сөйлем немесе өлең жолдарын құрастыр.

V. Сергіту кезеңі.

VI. Үлестірмелі кәртішкелер.

VII. «Білімді байқап көр» бекіту кезеңі.

Сәйкестендіру тестісі.

1	Дауысты дыбыстар	А	-ю, -я, -ё
2	Езулік дауыстылар	Ә	-а, -ә, -о, -ө, -э
3	Дыбыстау мүшелері	Б	-ы, -і, -и, -ү, -ұ, -у
4	Фонетика саласы	В	-ә, -ө, -ү, -і, -е, -э, -и, (-у)
5	Еріндік дауыстылар	Г	-а, -о, -ұ, -ы, (-у)
6	Жуан дауыстылар	Ғ	Тіл біліміндегі дыбыстарды зерттейтін ғылым саласы
7	Жінішке дауыстылар	Д	12 (е, я, ю) дауысты дыбыс
8	Қысаң дауыстылар	И	-о, -ө, -у, -ұ, -ү
9	Ашық дауыстылар	К	өкпе, тіл, ерін, езу, тіс, көмей
10	Қосарлы дауысты дыбыстар	Қ	-а, -ә, -е, -э, -ы, -і, -и

«Бұлттарды сейілту» ойыны.

II. Үйге тапсырма.

IX. Бағалау.

Аян ЕҢСЕБАЕВ,
Қошқе Кеменгеров атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Баянауыл ауданы,
«Күркелі» ауылы.

КӨНЕРГЕН СӨЗДЕР МЕН АРХАИЗМДЕР

(5-сынып)

Міндеттері: білімділігі – оқушыларға көнерген сөздердің қайта жаңаруы туралы түсініктер беріп, жаттығу жұмыстарын жүргізу; **дамытушылығы** – оқушылардың ойлау, сөйлеу тілін, түрлі жаттығу жұмыстары арқылы есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелігі** – оқушыларды дұрыс сөйлей білуге, ұқыптылыққа, байқағыштыққа, жылдамдыққа, ойын ашық, еркін жеткізуге, өз білімін бағалай білуге, ана тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, жаттығу, ой жинақтау, тест, сұрақ-жауап. **Көрнекіліктер:** тірек сызба, кесте. **Түрі:** жана сабақ.

Сабақ барысы: а) Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушыларды сабақ үдерісіне дайындау.

ә) Үй тапсырмасын тексеру.

152-жаттығу. Мәтінді оқып, ат қойыңдар.

Киелі, көн ыдыс, піспек, саба деген атаулар сөздік қордың қай тобына жатады?

Қазақ халқының түсінігінде тағы қандай нәрселерді киелі деп есептейді?

Киелі нәрселер: аққу, ...

б) Жаңа сабақ.

Тіліміздегі кейбір көнерген сөздердің қайтадан жаңаратын кездері де болады.

Мысалы, Кеңес дәуірінде қолданыстан шығып қалған:

Діни сөздер: имам, мешіт, садақа, пітір;

Бұрынғы жыл атаулары: барыс, жылқы, қой;

Ай атаулары: қазан, ақпан.

Мұндай сөздер ҚР тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жаңғырып, жаңа сөз болып енді.

Этнолингвистика – ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, ұғым-түсінігіне, наным-сеніміне, салт-дәстүрі мен тілім-тәрбиесіне қатысты сөздер.

в) Жаттығу жұмыстары.

155-жаттығу. Мәтіннен ұлттық ұғымдарды білдіретін сөздерді теріп жазыңдар.

Көне сөздерді тарихи және архаизм түріне ажыратып көрсетіңдер.

Үлгі:

Тарихи сөздер	Архаизмдер

Тест. Көнерген сөздер.

1. Көнерген сөздерді табыңыз.

а) Егемен; ә) Сауға; б) Әуежай.

2. Көнерген сөздерді табыңыз.

а) Өнерпаз; ә) Жүйірік; б) Болыс.

3. Көнерген сөздерді табыңыз.

а) Күпі; ә) Керемет; б) Қант.

4. Көнерген сөзді белгілеңіз.

а) Атақ-абырой; ә) Атамекен; б) Підия.

5. Көнерген сөздер қатысқан сөйлемді белгілеңіз.

а) Ол қобызда жақсы ойнайды;

ә) Сен – бұзау терісі шөніксің;

б) Оның қызметі – сатушы мен алушыны мәмілеге келтіру.

6. Күнделікті өмірде жиі қолданылмайтын сөздердің атауын белгілеңіз.

а) Тілдің пассив лексикасы;

ә) Тілдің актив лексикасы;

б) Мағыналары ұқсас лексика.

7. Историзм мен архаизмге қарама-қарсы сөздерді тап.

а) Кәсіби сөздер; ә) Неологизмдер;

б) Термин сөздер.

8. Көнерген сөзді тап.

а) Білімді өлмес – қағазда аты қалар,

 Ұста өлмес – істеген заты қалар;

ә) Сексен түйе үстінде

Алтын жағлан орнаған.

б) Жақсылық пен жамандық – болды егіз.

9. Көнерген сөзді табыңыз.

а) Өгіз терісі талыспын;

ә) Біраздан кейін көзден біржола ғайып болды;

б) Кәрі тарих – кәрі шежіре.

10. Тарихи (историзм) сөзді табыңыз.

а) Сәукеле, барымта; ә) Қызылтау, аға сұлтан;

б) Кебеже, күпі.

«Хан талапай» ойыны.

Мұғалім үстелге нөмірленген асықтарды шашады. «Хан талапай» дегенде, балалар асықтарды тездегіп бір-бірден алады. Асық нөміріне сәйкес сұраққа жауап беруі шарт.

№1. Көнерген сөз дегеніміз не?

№2. «Сауыт» сөзі көнерген сөздің қай түріне жатады?

№3. Көнерген сөзден жаңа сөзге айналған екі сөз айт.

№4. Салт-дәстүрге байланысты көнерген сөздерді қай түріне жатқызамыз?

№5. Саптама деген не?

№6. Кебіс деген не?

№7. Тасаттық деген не?

№8. Тілдің пассив сөздері деп неге айтамыз?

г) Бекіту.

Инсерт

Білетінім	Білгенім	Білгім келеді

д) Үйге тапсырма.

Құрамында көнерген сөздері бар мақал-мәтелдер, өлең жолдарын тауып жазу.

Ережені оқып, жаттау.

е) Бағалау.



Әсемгүл ӘБІШЕВА,
«Шегірен» орта мектебінің мұғалімі.
Павлодар облысы,
Шарбақты ауданы.

«АБАЙ ЖОЛЫ» КОМПОЗИЦИЯСЫ МЕН ЖЫРЫ

Мақсаты: эпопея композициясы неден құралатынын түсіндіріп, орнықты көзқарасын қалыптастыру, ел өмірінің тұтас бір дәуірінің көркем айнасы екеніне көзін жеткізу. Жыры да, сыры да ел мен жер тағдыры екенін терең ұғындыру. **Міндеттері:** білімділік – «Абай жолы» роман-

эпопеясын талдату, құрылымын жинақтату; **дамытушылық** – шығарма бойынша алдын ала тапсырмалар беру арқылы талдай білу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: талдау. **Әдіс-тәсілдер:** баяндау, сұрақ- жауап, іздендіру, талдау, сын тұрғысынан ойлау.

Күтілетін нәтиже:

«Абай жолы» роман-эпопеясын талдайды, құрылымын жинақтайды;

Шығарма бойынша алдын ала тапсырмалар беру арқылы талдай білу дағдыларын дамытады;

Имандылық, адамгершілік тәрбие негіздері қаланады.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ұйымдас-тыру кезеңі ОЖТ 2 минут	-Сәлеметсіздер ме, балалар! -Бір-бірімізге сәттілік тілейік! -Сабақ барысында қолданылу үшін дидактикалық тапсырмалар алдарыңызда жатыр.	Екі топ мүшелері бір-біріне смайлик беру арқылы бір сөзбен тілек айтады.
Білу АКТ ОБЖК 10 минут	Үй тапсырмасы тексеріледі. I топ пен II топ слайд арқылы үй тапсырмаларын қорғайды. I топ Тарауы: Қайтқанда. Оқиға: Абайдың елге қайтуы. Оқиға: Қодар мен Қамқаның өлімі. Оқиға: Абайдың ауылына ақын қонақтардың келуі. Тарауы: Қат-қабатта. Оқиға: Смағұл мен Оспанның асқа таласуы. Ұлжанның, Зеренің, Айғыздың, ауыл қатындарының іс-әрекеттері мен сөздері. II топ Токпанбет үстіндегі төбелес. Тарауы: Шытырманда. Оқиға: Кәмшаттың ауыр жағдайы. Тарауы: Бел-белесте. Оқиға: Бөжей ауылының Жәнібекке көшіп келуі, Бөжейге бата жасауы.	

	Ұлжанның, Зеренің, Айғыздың, Құңкенің, Бөжейдің әйелінің іс-әрекеттері мен сөздері.		
Түсіну ОБЖК ОЖТ 12 минут	<p>1. «Абай жолы» роман-эпопеясын оқи отырып, баса назар аударатын проблемалық тартыстар:</p> <p>а/ күндестік; ә/ даланың бар билігі қолында, бар қасиеті малындағы билеп-төстеушісі, қожалар мен қарапайым еңбеккерлері, халық бұқарасы арасындағы тартыс; б/ эпопеядағы рулық тартыс; в/ эпопеядағы әкелер мен балалар проблемасының көрінісі: Құнанбай – Абай, Құнанбай – Тәкежан, Тәкежан – Әзімбай, Абай – Әбіш; г/ екі ұрпақ, олардың арасындағы, яғни, көктей орылып келе жатқан ескі мен көктей өсіп келе жатқан жаңаның тартысы.</p>		
Қолдану ЖЕСО 10 минут	Алдын ала кесте сызу, оқу барысында толтырту		
	I топ		
	Тараулар	Негізгі оқиға	Абайдың іс-әрекеті
	«Қайтқанда»		
	«Қат-қабатта»		
	«Жолда»		
	«Шытырманда»		
	«Бел-белесте»		
	«Өрде»		
	«Қияда»		
	II топ		
	Тараулар	Негізгі оқиға	Абайдың іс-әрекеті
	«Тайғақта»		
	«Жайлауда»		
	«Еңісте»		
«Оқапта»			
«Асуда»			
«Тарауда»			
«Биікте»			
«Эпилог»			

	Тыңдалым. «Абай жолы» романынан (электронды оқулықтан) үзінді. Кәмшатты алып кетуі. Проблемалық сұрақ: Кім кінәлі?		
	Абай	Құнанбай	Бөжей
	«Адамшылық рақым қайда? Өзге емес, ақылсыз, надан қатыны емес, Бөжей өзі өсте ме екен? Көз алдында соншалық жазықсыз нәрестені ұзақ өлімге бұйырып, сол үшін және биттей де шімірікпеу не деген қаттылық? Ендеше, жауығып, қарсыласып жүрген Құнанбайдан қай қасиетімен артты?» (I, 179-бет).	«Тіпті, жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына тым құрыса соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой» (I, 179-бет).	«Құнанбай жаққан өртке менің арым өргенді. Не жаны жүр деп ойлайды екен шыбын кеудемде, Әлде өзгелер үйелменімен өргенсе де, өзімнен бұрау сынбасын дей ме? Құнанбайдан не шықты? Шашыраған бір ұрығы ма? Сұрау салмай, мазамды алмай, тек жүрсін, күйдімесін ағайын» (I, 179-бет). «Қаршадай қыз өлді деп сауын айтып, ас беруші ме ем? Тіпті, берсем де, басым сырықтан арылар ма еді? Кінәласа, құн тілесін менен» (I, 181-бет).
Талдау СТО 5 минут	Тараудың атауларын пайдалана отырып, сөйлемді аяқта.		
	I топ: ... Абайды көреміз.		
	II топ: ... Құнанбайды көреміз.		
	«Қайтқанда»	Үлгі: Қат-қабат шытырмандар арқылы өрге, қияға, биікке шығып келе жатқан Абайды көреміз.	
	«Қат-қабатта»		
Жинақтау ТЖДБО 3 минут	«Жолда»		
	«Шытырманда»		
	«Бел-белесте»	Үлгі: Жоғарыдан ылдилап төмендеп келе жатқан Құнанбайды көреміз.	
	«Өрде»		
	«Қияда»		
Бағалау СТО, ОБЖОүБ 3 минут	Топ басшыларының бағаларын ескеріп, ортақ баға шығарылады.		Топ басшысы топ мүшелерін бағалау өлшемдері негізінде бағалайды.
	Үйге тапсырма: картотека теру.		Бағалау өлшемдері:

		1. Топтық жұмыстарға қатынасуы; 2. Өз ойын еркін жеткізе алуы; 3. Романның мазмұнын білуі; 4. Романның құрылымын талдай алуы.
--	--	--

Дидактикалық материалдар

1. «Абай жолы» роман-эпопеясын оқи отырып, баса назар аударатын проблемалық тартыстар:

а/ күндестік;

ә/ даланың бар билігі қолында, бар қасиеті малындағы билеп-төстеушісі, қожалар мен қарапайым еңбеккерлері, халық бұқарасы арасындағы тартыс б/ эпопеядағы рулық тартыс;

в/ эпопеядағы әкелер мен балалар проблемасының көрінісі:

Құнанбай – Абай, Құнанбай – Тәкежан, Тәкежан – Өзімбай, Абай – Әбіш;

г/ екі ұрпақ, олардың арасындағы, яғни, көктей орылып келе жатқан ескі мен көктей өсіп келе жатқан жаңаның тартысы.

I топ: алдын ала кесте сызу, оқу барысында толтырту.

Тараулар	Негізгі оқиға	Абайдың іс-әрекеті
«Қайтқанда»		
«Қат-қабатта»		
«Жолда»		
«Шытырманда»		
«Бел-белесте»		
«Өрде»		
«Қияда»		

II топ: алдын ала кесте сызу, оқу барысында толтырту.

Тараулар	Негізгі оқиға	Абайдың іс-әрекеті
«Тайғақта»		
«Жайлауда»		
«Еңісте»		
«Оқапта»		
«Асуда»		
«Тарауда»		
«Биікте»		
«Эпилог»		

Тыңдалым. «Абай жолы» романынан үзінді. Кәмшатты алып кетуі.

Абай	Құнанбай	Бөжей
«Адамшылық рақым қайда? Өзге емес, ақылсыз, надан қатыны емес, Бөжей өзі өсте ме екен? Көз алдында соншалық жазықсыз нәрестені ұзақ өлімге бұйырып, сол үшін және биттей де шімірікпеу не деген қаттылық? Ендеше, жауығып, қарсыласып жүрген Құнанбайдан қай қасиетімен артты?» (I, 179-бет).	«Тіпті, жазықты болсам, мен жазықты шығармын. Бесіктен шығарып, адам ұлы деп, соның бауырына берген балам жазықты ма? Қатын-қалаш, ауыл-аймағына тым құрыса соны ұғындыра алмаса, Бөжейдің аяқтағы суға ағып өлгені ғой» (I, 179-бет).	«Құнанбай жаққан өртке менің арым өртенді. Не жаны жүр деп ойлайды екен шыбын кеудемде. Әлде өзгелер үйелменімен өртенсе де, өзімнен бұрау сынбасын дей ме? Құнанбайдан не шықты? Шашыраған бір ұрығы ма? Сұрау салмай, мазамды алмай, тек жүрсін, күйдірмесін ағайын» (I, 179-бет). «Қаршадай қыз өлді деп сауын айтып, ас беруші ме ем? Тіпті, берсем де, басым сырықтан арылар ма еді? Кінәласа, құн тілесін менен» (I, 181-бет).

«Қайтқанда»	...Абайды көреміз.
«Қат-қабатта»	
«Жолда»	
«Шытырманда»	...Құнанбайды көреміз.
«Бел-белесте»	
«Өрде»	
«Қияда»	

Бағалау өлшемдері:

1. Үй тапсырмасын орындау барысындағы белсенділігі;
2. Топтық жұмыстарға қатынасуы;
3. Өз ойын еркін жеткізе алуы;
4. Романның мазмұнын білуі;
5. Романның құрылымын талдай алуы.



Алуаш ТӨРЕХАНОВА,
Жаңаөзен қаласындағы
№15 орта мектептің
мұғалімі.

«БАТЫР БАЯН» БОЛМЫСЫ

Жалпы мақсаты: поэма мазмұнымен таныса отырып, бас кейіпкер Баянға жан- жақты талдау жасау.

Міндеттер:

- 1) поэмаға байланысты. Поэма мазмұнымен таныса отырып, кейіпкерді жан- жақты тану;
- 2) сыни тұрғыдан ойлауды дамыту.

Поэмадағы бас кейіпкер Баянның мінез құлқына, іс әрекетіне баға беру.

Материалдар: кубик, оқулық.

Барысы.

Ұйымдастыру:

1. Қызығушылығын ояту;
2. «Топтастыру» стратегиясы.

Тақтаға: Баян деп жазып, оқушыларға оның бойындағы жақсы, жаман қасиеттерін жазу ұсынылады.



Әр оқушы кейіпкер бойындағы қасиеттерді жазып, өз көзқарасын дәлелдеп кетеді. Мысалы, *беделді* Абылайдың Ер Баян келмей жорыққа шықпауынан көреміз.

2. Мағынаны ашу.

1. «Кубизм» стратегиясы.

2. Суреттеңіз.

3. Баянның «Ноян қалмақ қызымен қашып кетті» деген сөзді естіген сәттегі іс- әрекеті.

4. Ойыңызбен байланыстырыңыз.

Намыс – адам бойындағы ең тамаша қасиет.

5. Салыстырыңыз:

Ел намысы мен бауырмалдықты салыстыру.

6. Қолданыңыз:

Баян бойындағы беделдікті өз бойында қолдану

7. Зерттеңіз:

Баянның әрекетін зерттеңіз.

Талқылаңыз, я қарсы шығыңыз:

Баянның інісін өлтіруі дұрыс па?

3. «Қарама-қарсы элементтер» стратегиясы:

Бауырмал	Б	қатыгез
Сақ	А	аңғал
Мейірімді	Я	мейірімсіз
Кең пейіл	Н	қызғаншақ

Оқушы Баян бейнесін талдай келе, оның бойындағы бір-біріне қарсы келетін қасиеттерді жазады.

4. Ой толғау: «*Эссе*» стратегиясы.

«Баян бойындағы маған ұнаған не ұнамаған қасиеттер».

Үйге: эссе жазып келу.



Жүрсін ҚАМЫШЕВА,
№2 негізгі мектептің мұғалімі.

Ақмола облысы,
Ерейментау қаласы.

«ТУҒАН ЖЕР» ЖАЙЛАУЫНДА

(6-сынып)

Сабақтың міндеттері: білімділік – оқушыларды ақын өмірімен, шығармашылығымен таныстыру, өлеңнің тақырыбын, идеясын ашу. Лирика туралы түсінік беру; **дамытушылық** – оқушылардың сөйлеу мәнерін жетілдіру, өз ойын еркін айтуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – туған жерін құрметтеуге, қадірлеуге, Отанды сүюге тәрбиелеу.

Әдісі: оқу, талдау, сұрақ-жауап, топтастыру, ізденіс, мәтінмен жұмыс істеу. **Көрнекілік:** ақынның суреті, оқулық, табиғат көрінісі (сурет), 1941-1945ж.ж. суреттер. **Типі:** жаңа сабақты меңгерту. **Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушыларды түгелдеу.

II. Үй жұмысы. Өткен тақырыпты сұрақ-жауаппен тексеру.

1. Ғабит Мүсірепов өмірінің алғашқы кезеңі туралы не айтады?

(ауыл мектебінде оқып, білім алғанын, оқытқан мұғалімінің жылы сезімін әңгімелейді).

2. Оның алғашқы ұстазы кім? (Бекет Өтетілеуов – әдебиет пәнінің мұғалімі).

3. Ұстазының қандай сөзі есінде қалды? («Қандай іске кіріссең де таза қолмен кіріс»).

4. Осы сөзде қандай мағына бар? (оқушылардың ойы).

5. Ұстаз оқушыларға қандай кеңес берді? (Жақсы оқитының рас, мақтаншақтығың да бар. Осы екеуінің бірін мықтап ұста да, біреуін таста).

6. Мектептегі еңбек тәрбиесі жөнінде жазушының пікірі қандай?

(Мектепте етік тігу, есіктер мен терезе жасау, кірпіштен үй салу).

III. Жаңа сабақ (баяу музыка ойналады).

Сарылып сал-сері кеткен жер.

Бас иіп, иіскеп топырағын

Тағзым жасамай өтпендер.

М.Мақатаев.

Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің,

Неңдей күйге жүрегімді бөледің?!

Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,

Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім.

Қ.Аманжолов.

- Балалар, өлеңдерде не туралы айтылған?.

- Туған жер деген ұғымды қала түсінесіңдер?

Ойын: «Сөзді жалғастыр».

Туған жер. Ол:

- әр адамның туып-өскен жері – алтын бесігі;

- қасиетгі атамекеніміз;

- қазақ даласы, кең өлкеміз;

- егеменді еліміз;

- кең байтақ Отанымыз.

- Иә, егеменді елміз. Сол азаттыққа, егемендікке қашан қол жеткіздік?

- Демек, біз егеменді азат елдің ұландарымыз.

Біз өлең арқылы ақынның, ақын арқылы елдің, адамзаттың өмірін білеміз. Өлең өрнектері мен иірімдерінен ақынның дүниетанымын, тыныс-тіршілігін, ой әлемін, мінез-кұлқын, тіл шеберлігін көре аламыз.

- Туған жер туралы жазған қандай ақын-жазушыларды және олардың шығармаларын білесіңдер?



Қазақтың ұлы сезімді, шабытты ақын-жазушыларының барлығы туған жері, кең байтақ Отаны туралы қалам тартқан. Сондай ақындарымыздың бірі – Әбу Сәрсенбаев.

«Мағынаны тану».

Жылдар	Туған жері, жылы, шығармашылығы
15.09.1905ж.	Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Алға ауданында туды.
1927ж дейін	Балық өндіріс саласында істеді.

1929ж.	Астрахандағы партия мектебін аяқтады.
1934ж.	Алматыда жоғары оқу орынын бітірді.
1930-32ж.ж.	«Еңбекші қазақ» газетінде әдеби қызметкер.
1934-36ж.ж.	«Темір жолшылар» газетінде редактор.
1936-42ж.ж.	Қазақ мемлекеттік оқулықтар баспасының директоры.
1938ж.	«Еділ толқыны» тұңғыш дастаны жарық көрді.
1980- 84ж.ж.	5 томдық шығармалар жинағы шықты. Шығармалары орыс, эстон, түрікмен, тәжік, болгар тіліне аударылса, өзі де бірнеше шығармаларды қазақ тіліне аударды
1975 -1995ж.	«Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» «Халықтар достығы», «Парасат» ордендерімен және медальдармен марапатталды.

«Туған жер» өлеңін ыстық сезіммен, қуанышты леппен оқу.

а) Ақынның өзі жырлағандай:

«Тек жеті-ақ жыл еркеледім,

Сен неге, қатаң тағдыр, жұлып алдың

Күлкімді көкірегімнен ерте менің», - демекші, жеті жасында әкесінен айырылып, бала Әбу отбасын асырады. 10 жасынан бастап әке жолын жалғастырады.

ә) Тарих пәнімен байланыс /1941-1945ж.ж./.

II дүниежүзілік соғыс басталған кезде ақын майданға аттанды. Майданда қалам мен қаруын қатар ұстаған жауынгер ақындық өнерден қол үзбеді. Жауынгерлерді ерлікке жігерлендіретін туған жер, Отан туралы жырларын жазды.



Жазушы
«Толқында туған» романы,
«Капитан ұлы» повесі

б) Сөздікпен жұмыс:

Алап – кең алаң, кең өңір, өлке, аймақ;

Жиһан – жер жүзі, әлем;

Жұпар – аңқып тұратын хош иіс;

Арай – атқан таңның шапағы, таң сәулесінің нұрлана қызарып атуы.

Көкірек – кеуде.

Лирикалық шығарманы мазмұндап емес, сезерліктей, сезінерліктей етіп беруге болады. Яғни, ақынның қаламынан қандай тұрғыда шықса, сол қалпында оқып, оны түсіндіріп, талдап беру арқылы ғана. Ақынның жайдары көңілін, туған жерге деген ыстық махаббатын, оны мақтан тұту сезімін, жүрек лүпілін, сезімін танығандай болу қажет.

в) Лирикалық талдау. Мәтінмен жұмыс.

1. Ақынның туған жерге деген ыстық ықыласын, сүйіспеншілігін, сезімін танытатын қасиеті.

қай шумақтан байқалады?

2. Майданда жүріп елін аңсаған шумақты тауып оқы.

3. Ақынның туған жер туралы сезімі, келешек ұрпақтың міндеті және ақынның туған жер алдындағы міндеті қандай екенін шумақтан іздеп тап.

Неге? (Ақынның ішкі сезімі көрініп тұр).

Тақырыбы:
«Туған жер»

Тілі

Лирика – ақынның сезімін, көңіл күйін, қуанышы мен сүйінішін, арман- аңсарын, өмірге деген көзқарасын, ішкі толғанысын, дүниетанымын сыр етіп шертетін өлең.

г) Өлеңді құрылысына талдау.

Уа, ту-ған жер то-пы-ра-ғың-нан жа-рал-дым, I (12) (а)

А-ла-бың-нан ар-ма-ны-ма нәр ал-дым. II (11) (а)

Тұ-ны-ғың-нан жү-зіп іш-тім сен-де-гі III (11) (б)

Ал-тын а-рай таң-ғы жұ-пар са-мал-дың. IV (11) (а)

1 шумақ, 4 тармақ, 11-12 буын, қара өлең ұйқас.

Эпитет- жұпар самал, алтын арай;

Тенеу –

Метафора –

д) Көп нүктенің орынына тиісті сөздерді қоя отырып, мағынасын түсіндіреді.

1. Туған жерге ...

2. Отан ...

3. Отансыз адам ...

ІҮ. Ой толғанысы . Шығармашылық жұмыс.

1. - Біздің туған жеріміздің табиғаты қандай? (сурет).

- Жергілікті ақынымыз Сапар Жылқыбаевтың «Туған жерге тағзым» жинағынан оқушылар үзінді оқиды.

Жігіттері не бір жүйрік, дарабоз,

Асулар мен қамалдарды алады ол.

Олар барда, осы ауылдың ертеңі

Гүл жайнайды, гүлге оранып Жаңажол.

- Балалар, енді туған жерге деген ыстық сезімдеріңді шағын мәтін немесе өлең жолдары арқылы білдіріп көріңдер.

2. Сабактан қандай қорытынды шығарар едіңдер?

- Адам баласы Отан, туған жер алдында міндетті, қарыздар. Сол сияқты тағы кімнің алдында қарыздармыз?

- Ананың. Демек, адам баласы туған жері , анасы үшін мәңгі қарыздар, сондықтан оны қадірлеуге, құрметтеуге, көркейтуге міндетті.

Үйге:

1) Ә.Сәрсенбаевтың басқа да өлеңдерімен танысу.

2) Туған жеріңнің суретін сал.

Жанагүл ҚОСАҚБАЕВА,
“Шәкерім атындағы
облыстық дарынды
балаларға арналған
үш тілде оқытатын
мамандандырылған
мектептің” мұғалімі.

«АСЫЛ СӨЗ» ЗИЯТКЕРЛІК БАЙҚАУЫ

Мақсаты: бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу, оқушылардың мемлекеттік тілге, қазақ халқының әдебиетіне, мәдениетіне, өнеріне, ұлттық құндылықтарына деген сүйіспеншілігін арттыру, оны қастерлеуге баулу.

(Қазақтың әсем ұлттық әуені ойнап тұрады, сахна безендірілген, қанатты сөздер, баннер ілінген).
Фанфара (салтанатты түрде сырнайлатып, кернейлетіп хабарлау):

Тілім менің қайыршы емес қаңғыбас,
Тілім тұлпар – қуған желге шалдырмас.
Кенже ұлдай үлкен үйге мұрагер,
Жер иесі – менің тілім мәңгі жас.

Әуезов, Абайды өткен дәріс тілі,
Тіл қатқан Тоқтар, Талғат ғарыш тілі.

Қанша Заң қабылдаймыз, жетер енді,
Естілсін мемлекеттік әр істе үні!

Бірінші жүргізуші: - Құрметті әдебиетші, өнерді, тілді сүйетін қауым, аяулы ұстаздар мен ардақты оқушылар! Қазақ тілі мен әдебиеті пәндер апталығы аясында өткізіліп отырған дарынды балаларға арналған «Асыл сөз» зияткерлік ойынына қош келдіңіздер!

Екінші жүргізуші: - Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса – қырандай қалқыған, ойға салса – қорғасындай балқыған Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! (*Н.Ә.Назарбаев*).

Бұл жанды тіл – менің азат тілім,
Жадымда талмай самғар қанат тілім.
Бірлік, достық, татулық жүрегі боп
Жасай бер, Ана тілім – Қазақ тілім!

Бірінші жүргізуші: - Бүгінгі «Асыл сөз» зияткерлік ойынына қатысушы топтарды шақырмас бұрын экранға назар аударайық.

(Экранда топтар сәлемі, қатысушылар жайлы мәлімет).

Олай болса, қарсы алыңыздар «Жігер» тобы:

- №1 Самарханова Шұғыла;
- №2 Қайранбаева Жансая;
- №3 Болатбекова Аяулым;
- №4 Ерғалиева Айдана.

Екінші жүргізуші: - Екінші топты қарсы алмас бұрын тағы да назарларыңызды экранға аударайық.

Қарсы алыңыздар, «Бәйтерек» тобы:

- №1 Рахимова Жанель;
- №2 Жасұзақова Гүлім;

№3 Халел Данияр;

№4 Ондасынова Құралай.

Қарсылас топтар бір-бірлеріңізге айтар тілектеріңіз болса рұқсат (хормен).

Бірінші жүргізуші:

-Туған тіл қасиетін ардақтайық,
Сабырмен ойымызды салмақтайық.
«Ырыс алды – ынтымақ» деген сөз бар,
Сайысты көріңіздер, біз бастайық!

Екінші жүргізуші:

- Жанын сап, халқын сүйіп, баққан тілім,
Жалықпай құпиялар ашқан тілім!
Жаһанның төрт бұрышы түгел танып,
Жат жұрттан да достарын тапқан тілім!

Бірінші жүргізуші:

- Бүгінгі «Асыл сөз»зияткерлік сайысы төмендегідей бөлімдерден тұрады.

1. «Ана тілім – асылым,бай қазынам» (қатысушы топтар өздеріне берілген 10 сұраққа тез арада жауап береді).

2. «Даналық сөзден дән ізде» (тілге қатысты айтылған ұлт зиялыларының қанатты сөздерін жалғастыру).

3. «Көңілден шыққан көрікті ой» (тілге қатысты айтылған ұлт зиялыларының өлең жолдарын жалғастыру).

4. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» (қатысушылар өздеріне жасырылған шешендік сөздерді жалғап, ойды айқын, тұжырымды жеткізе білуі тиіс).

5. «Көркем тіл – көрікті жарнама» (Халқымыздың бай тілін меңгерту,көркейту,қастерлеу, өз ұрпағын өз

тілінде сөйлету мақсатында Ана тіліміз – қазақ тілін жарнамалау. Тілді елдік ұранға айналдыру).

Екінші жүргізуші:

- Туған тілім – бабам тілі – өз тілім,
Туған тілім – анам тілі – өз тілім.
Туған тілім – далам тілі – өз тілім,
Туған тілім – адам тілі – өз тілім.
«Ана тілім – асылым, бай қазынам» бөлімі бойынша.
«Бәйтерек» тобына:

1. Шоқанның шын аты кім?
2. «Аяз би»ертегісіндегі Жаманның қалыңдығының аты қалай аталады?
3. Бес арысты ата.
4. Табу деген не?
5. Өз туындысында Отырар тарихын шебер суреттеген ақын.
6. «Білге қаған» құлпытасы қай жерден табылды?
- 7 «Тамырына балта шабу» тіркесінің мағынасы қандай?

8. Дауыссыз дыбыс буын құрай ала ма?
9. Морфология терминге жата ма?
10. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің авторы кім?

Бірінші жүргізуші:

«Жігер» тобына:

1. Дүние жүзінде неше тіл бар?
2. Махамбеттің «Қызғыш құс»өлеңі кімге арналған?
3. Үш бәйтеректі ата.
4. Ирония деген не?
5. «Аягөз, қайда барасың?» кімнің өлеңі?
6. Қарасазда дүниеге келген ақын кім?
7. «Мұзбалақ» сөзінің мағынасы қандай?

8. Үш арсызды ата.
9. Балалар әдебиетінің атасы кім?
10. Балуан Шолақтың шын аты кім?

Екінші жүргізуші:

II. «Даналық сөзден дән ізде» бөлімі бойынша:
Тілім менің!

Ұла Абайдай, Мұқтардай пірім менің!

Тұтастығым – рухани жан азығым,

Ол бүлінсе – менің де бүлінгенім.

(Тілге қатысты айтылған ұлт зиялыларының қанатты сөздерін жалғастыру, тақтаға қанатты сөздердің бірінші жолы жазылған слайдтар шығады).

Бірінші жүргізуші:

«Даналық сөзден дән ізде»:

1. Ана тілінен айырылған адам ...
2. Қазіргі қазақ тілінен үйренеріміз көп ...
3. Дауға салса алмастай қиған ...
4. Егер ертең туған тілім ...
5. Түрлі-түрлі байлық бар ...
6. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы ...
7. Қазіргі ең таза, ең бай ...

Екі ойынның бағасын берсеңіздер.

Екінші жүргізуші:

III «Көңілден шыққан көрікті ой» бөлімі бойынша:

Қалағандай қиюлап үй тастарын,

Балталап бұза алмайсың ұйқастарын.

Тіліңнің білгің келсе құдіретін,

Жұртыңның оқы өлеңін, жыр дастанын

(тілге қатысты айтылған ұлт зиялыларының өлең жолдарын жалғастыру, тақтаға өлең жолдарының бірінші жолы жазылған слайдтар шығады).

Бірінші жүргізуші:

1. Туған тілім – бабам тілі – өз тілім ...
2. Тілін білген Абылай, Абайым да ...
3. Қазақтың әсте елеңдер ...
4. Күш кеміді, айбынды ту құлады ...
5. Ей, туған тіл! Ата-анамның бал тілі ...
6. Ана тілі – біздің туған анамыз ...
7. Ал екінші бақытым – тілім менің ...

Екінші жүргізуші:

- Өз тілін жетік біліп үйренсе кім,
Ең жақын ұрпағы сол Жиреншенің.
Замандас ,сергіт ойды, заман туды,
Қолыңа тіл тағдыры тиген сенің!

Бірінші жүргізуші:

VI. «Сөз тапқанға – қолқа жоқ» бөлімі бойынша (Қатысушылар өздеріне жасырылған шешендік сөздерді жалғап, ойды айқын, тұжырымды жеткізе білуі тиіс. Тақтаға шешендік сөздің бір-екі жолы жазылған слайд шығады. Қатысушылар әрі қарай жалғап, шешендік сөзді жатқа айтып, шешендік сөздің қалай аталатынын табады).

1. Қазыбек пен Бұқар.

Бұқар жыраудың өте қартайған кезінде көңілін сұрамақ болып Қаз дауысты Қазыбек би келеді.

Төсекте жатқан Бұқар жырау:

- *Бірден онға дейінгі санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады. Қазыбек, сен айтып берші,- деген екен. Сонда Қазыбектің берген жауабы:*

- Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман,

Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегеніңіз – үш бұтақты шідерден шошыған ат жаман,

Төрт дегеніңіз – төскейге шыға алмаған кәрілік жаман.

Бес дегеніңіз – берекесіз ел жаман,

Алты дегеніңіз – аймағын билей алмаған адам жаман.

Жеті дегеніңіз – жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.

Сегіз дегеніңіз – серкесіз бастаған қой жаман.

Тоғыз дегеніңіз – толғанғаның.

Он дегеніңіз - өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.

Екінші жүргізуші:

2. АЛЫСТА – НЕ АЛЫС?

Байдалы қартайып, үйден шықпай, күндіз-түні төсекте жататын болды дегенді естіп, Мұса мырза іздеп келіпті. Байдалы шешен қараша үйінің ішінде бөстекке оранып жатыр екен. Мұсаның қолын алып, жөнін сұрап амандасыпты да, кәріліктің жайын айта беріпті.

— Ой, кәрілік-ай, сөздің өзі – бала, тербетсе – оянады, тербетпесе – оянбайды, заманым өтті ғой!– дей беріпті.

Мұса қонып, қонақасын жеп, танертең жүрмек болады.

— Е, шырағым, еліңе не айтып барасың?– депті Байдалы.

— Мен не айтайын, ел ағасы болған Байдалы еді, енді кәрілікпен алысып жатыр екен деймін-дағы,– депті Мұса.

— Шырағым, оның рас. Үш ауыз сөз сұрайын, соны шешіп беріп кетші!– дейді қарт. Мұса «айтыңыз» деп тыңдайды. Байдалы қарт сонда:

— Алыста – не алыс?

Жақында – не жақын?

Тәтті де – не тәтті? — дейді.

Мұса ойланып отырып:

— Жер мен көктің арасы алыс,

Кісіге туыс жақын,

Бала тәтті,- депті.

Сонда Байдалы қарт басын көтеріп:

— Балам, ақылың әлі алқымыңнан асқан жоқ екен.

Білімді мен білімсіздің арасынан алыс жоқ, жаннан тәтті жоқ. Бала қанша жақсы болса да, жан шығарда адамның өз жанынан тәтті жоқ. Жақында — ажал жақын,– депті.

Бірінші жүргізуші:

3. ЖЕРДЕН АУЫР НЕ!

Балаби қартайған шағында халқын жиып:

Жерден ауыр не?

Судан ауыр не?

Оттан ыстық не?

Көктен биік не? – деп, төрт сұрақ берген екен. Ешкім шеше алмапты. Сонда Балаби өзі айтқан сұрақтарын өзі былай деп шешкен екен:

Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім.

Судан терең дегенім – оқу, ғылым.

Оттан ыстық дегенім – фәни жалған, адамның өмірі.

Көктен биік дегенім – тәкаппардың көңілі.

Екінші жүргізуші:

4. Сөздің атасы мен анасы. Қаз дауысты Қазыбектің атағы шығып тұрған кезде ауылына бір саудагер келіпті. Түстеніп болған соң:

- Сізден бір сөз сұрайын деп едім, – депті. – «Сөздің атасы кім, анасы кім?» (Қазыбек ойланып қалады).

- Япырмай, өзбектің саудагері ғана білмейді екен десек, қазақтың Қазыбегі де білмейді екен ғой, биыл таппасаңыз, ендігі жылы табарсыз, – деп саудагер үйден шығып кетеді.

Қазыбек орынынан ұшып тұрып, іле-шала тысқа шықса, саудагер асығыс атқа мініп қалған екен.

- Япырмай, саудагердің ісі сарт-сұрт деген екен ғой. Артыңа қарамай аттанғаның не? Әлгі сөздің шешуін іздеп, ендігі жылы тағы келіп, сауданнан қаларсың, артыңа қарамайтын болып кет. «Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық! Жолың болсын, жүрген жеріңе айта жүр!» – депті Қазыбек.

Бірінші жүргізуші:

V. «Көркем тіл – көрікті жарнама» бөлімі бойынша (Халқымыздың бай тілін меңгерту, көркейту, қастерлеу, өз ұрпағын өз тілінде сөйлету мақсатында Ана тіліміз – қазақ тілін жарнамалау. Тілді елдік ұранға айналдыру):

«Жаса, жаса, қазақ тілім» әні.

Марапаттау.

Екінші жүргізуші:

- Тілін білген Абылай, Абайым да,
Құдірет берген Ана тіл талай ұлға.

Қасиетті тілімнің арқасында

Ерікті ел боп алысқа қарайын да,

Ана тілім, күмбірле сарайымда!..

Осымен «Асыл сөз» зияткерлік ойыны аяқталды.
Келесі кездескенше, сау-саламат болыңыздар!

Бір тақырыпқа – қос мақала

Жазира ТӨЛЕУБАЕВА,
“Тарбағатай колледжі” КММ мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы,
Ақжар ауылы.

«АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҒҰМЫР»

Мақсаты: қазақтың қаһарман қолбасшысы Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірін жас ұрпаққа насихаттау; оларды отансүйгіштікке баулу: қарулы күштер қатарына жан-жақты жетілген жастарды тәрбиелеу.

Міндеті: 1) халқымыздың ұлы перзенті, ерліктің ерен үлгісі болған – Бауыржан Момышұлының өмірін үлгі тұту, батыр ағаның ерліктері мен еңбектері арқылы өткен тарихымызға қызығушылығын арттыру; 2) тарихи тұлғаларды құрметтеуге тәрбиелеу, оқушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа баулу: тарихи көркем шығармалар туралы ой-өрістерін кеңейту.

Көрнектілер: слайд-шоу, Б.Момышұлының суреті, мультимедия траекториясы, кітап көрмесі, нақыл сөздер:

«Ежелден ел тілегі – ер тілегі,

Адал ұл ер боп туса – ел тілегі»;

«Ер елсіз болмайды, ел ерсіз болмайды», т.б.

Сабақтың барысы:

Қазақ халқының «Ақын – елдің еркесі,

Батыр елдің серкесі» деп ақын мен батырды айрықша қастерлейтін дәстүрі бар.

Баукеңде осы екі ұлы қасиеттің екеуі де бар.

Ұлы Отан соғысында қазақ халқының ұлттық батырына айналған Бауыржан Момышұлы бұлтта ойнаған жасындай Мәскеу түбіндегі шешуші шайқаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тапқан, ерен ерлігі мен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған бірегей қолбасшы ретінде танылды.

ҰШҚАН ҰЯ

Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің.

1-оқушы:

- Бауыржан дүниеге келгенде:
- О, Момыш, баланың бауы берік болсын!
- Ақментей бабасындай батыр болсын!
- Бәйдібек батырдың аруағы қолдасын!
- Домалақ-анамыз жар болсын!- десіпті ел-жұрт.

Шілдехана тойға ұласыпты. Той сонында Имаш ата былай деп бата берген екен:

Алатаудың қыраны мол еді –

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді –

Шырағы болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді,

Сыңары болсын, құлыным!

Әкесі:

- Ақ жүрек болып жолдасың адалдық сені қолдасын,
Жақсылық үшін тіресең, жаныңды арың қорғасын!
Арынды болсын шабысың, алымды болсын табысың.
Найзадай болсын намысың. Ер жігітке бәрі – сын.

Қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма,
Қамқоршы бол кісіге, үлкенді үлгі тұт алға!

2-оқушы:

- Б.Момышұлы 1910 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі – Момыш, шешесі – Рәзия. Әкесі – жаны жомарт, көзі ашық, көкірегі ояу кісі. Отбасыларында 4 қыздан кейін, әкесі Момыш 50-ді еңсерген шағында, Бауыржан дүниеге келген еді. Тәуіржан деген інісі жасында қайтыс боп кеткен. Әкесінен аздап хат таныған Бауыржан Жамбыл қаласына келіпті. Аса интернатында мектепті бітіреді. 1921 жылы Шымкенттегі жеті жылдық мектепке түсіп, 1928 жылы аяқтайды. Жиырма жастан сәл асқан кезде ол міндетті әскери қызметке шақырылып, өзінің бүкіл болашағын Қызыл Армиямен мәңгілікке байланыстырады.

1-оқушы:

- Сен туғанда қуанды жұрт, шалқыды,
Ана жаны «ұлым» деді, балқыды.
«Ер болсын» бата беріп аталар
Үйіп-төгіп айтты небір нақылды.
Сен өлгенде жыласын жұрт, зарлап ел,
Төгілсін жас, тамшыласын болып сел.
Қайтыс болды дүниеде бір сарбаз
Деп боздасын күңіреніп қара жер.

2-оқушы:

- Туған жерім мың бұлақ, арналы ақсай,
Ішсем суы татиды шекер-балдай.
Қызғалдақ, қалың егіс, көк жоңышқа.
Сенен артық жер шіркін, өтер қандай?!
Көкөрай шалғын, кең өлкем жерің дәнді,

Жазың салқын, жайлауың малға жайлы.
Сағынып алыс жерден келгенімде,
Көзім тойып көркіңе, мейірім қанды.
Сурет (7-сынып оқушысы – Бауыржан).

Ердің туы – намыс

«Ерлік – елдің қасиеті; Жүректілік – жігіттің қасиеті».

1-оқушы:

- Бүкіл еліміз үшін мазасыз сол бір Мәскеу үшін шайқаста Б.Момышұлы басқарған бөлімшелердің жау шабуылын талай қайтарып, көрсеткен ерліктері аз емес. Оның батырлығымен көзге түскені де – осы тұс.

2-оқушы:

- Ол 25 жыл өмірін әскер қатарында өткізеді. Фашистермен 207 рет қанды шайқасқа кіріп, 5 рет өлімнің құрсауында қалды, 2 рет ауыр жараланды. Солдат шинелін киіп, бар халықтың өкілдерімен бірге қан майданды кешіп жүріп, 1943 жылы «Красная звезда» газетіне «өз халқын құрметтеп, сүймеген адам опасыз, оңбаған адам» деп жазды.

1-оқушы:

- Баукең мәңгі бақи осылай ақиқаттың ақ семсерін сермеп кеткен... Ешкімнің бет-жүзіне қараған емес! Бұл –жан мен тәнге ата нәсілмен, ана сүтімен түгел еніп, ұрпақтан еменнің иір бұтағындай боп қайқиып шыққан қайсар мінез. Бұл жан – ұлан-ғайыр Алатау мен Қаратаудың қойнауы – құт, топырағы береке болған Мыңбұлағында туған перзенттің өрт мінез – үміті.

2-оқушы:

- Кешіп өтіп кешегі от-жалыннан,
Дүниеге ерлігімен танылған.

Кең жауырынды, Талғардай тік иықты,
Бөрі кеуде, бүркіт қабақ Бауыржан!

Қалтыраған атынан жау ордасы.
Панфиловтың жорықтағы жолдасы.
Даңқ туын майдандағы көтерген
Гвардия бөлімінің қолбасы.

1-оқушы:

- Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысын аға лейтенант шенінде дивизия командирі болып аяқтады. Яғни, Ұлы Отан соғысынан 9-гвардиялық дивизияның командирі болып оралды (оған 1945 жылдың басында тағайындалған болатын). Сонымен қатар Б.Момышұлы – соғыстан кейін, 1946 жылы Мәскеудегі әскери академияны бітірген тұңғыш қазақ.

2-оқушы:

- Ұлы Отан соғысы кезінде ерен ерліктері үшін қазақстандық 497 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Оның ішінде бұл атаққа 1990 жылдың желтоқсанында Б.Момышұлы да кешеуілдеп барып ие болды.

1-оқушы:

- Бұл 1941 жыл еді. Қазақстандық генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен 1941 жылы 15 шілдеде Алматы облысы, Талғар қазақ станциясында Қазақстан мен Қырғызстан ұлдарынан 1073 атқыштар полкі жасақталды. Генерал Панфилов басқа полктардан ерекшелеп, «Талғар полкі» деп ат қойды. Полк осы атымен Отан тағдыры қыл үстінде тұрғанда неміс басқыншыларына қарсы әділетті ұрысқа кірісті.

1-оқушы:

- 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 1073-ші гвардиялық атқыштар полкінің командирі майор Б.Момышұлы жауынгерлік мінездеме: 1910 жылы туған. 1942 жылдан БК(б) мүшесі, ұлты қазақ, әлеуметтік тегі – қызметші. Жалпы білімі – орта, әскери білімі – бір жылдық.

1932-34 жылдары Қызыл Армия қатарында әскери борышын атқарған. 1941 жылдың қыркүйегінен майданға аттанған. Қазақ халқының адал ұлы, өзінің кеңес елінің абыройы мен тәуелсіздігін қолына қару алып қорғап жүрген, осы халықтың таңдаулы өкілдерінің бірі – майор Момышұлы үкімет наградасына ұсынылды.

Бауыржан (оқушы):

- Панфиловтан бата алып
Артыма ерді мың солдат.
Тағдырын маған тапсырды
Ел ұлдары мың солдат
Белуардан қан кешіп.
Жүзден аса соғыста
Бал орнына у ішіп,
Кең майданда қан кешіп,
Намыс туын көтердік.
Қимылдады мың батыр,
Мыңға татып бір батыр,
Атамекен жер үшін,
Қасиетті ел үшін,
Болмай қалар кім батыр?!

Ат бапкері, шабандоз – Бауыржан Момышұлы

Ер қанаты – ат.

1-оқушы: - Қазақ халқының үлкен дарын иесі, даңқты қолбасшы, патриот жазушысы Б.Момышұлының шабандоз, ат бапкері болғандығын бүгінгі ұрпақ біле бермейді. Халқымыздың салт-дәстүріне сусындап өскен Бауыржан Қамбар атаның тұлпарын қалай жан-жүрегімен түсінді десеңші! «Батареяға берілген көп жылқының ішінен сүттей аппақ, сүйріктей жіңішке, екі құлағы тас төбесіне шаншылған, қаракөз атты таңдап алды».

2- оқушы:

Әскер аты

Тік аяқ, бура санды, құйма тұяқ.
Кең маңдай етсіз жақты, қамыс құлақ.
Омыраулы, жібек жолды, сағақ мойын,
Бұлшық етті, сауырсын, арты толмақ.

Иығың тік, жұмыр палуан келген белің.
Тықыр жүн, майлағандай жылтыр терің.
Тартыңқы іш аш бөрінің қарынындай,
Бесіктен ерге жайлы тегіс жоның.

Сағат қағып адымдап шұлғып жүрсең.
Тұлпарға жеткізбейсің заулап желсең.
Шабысың ұшқан құстан кейін емес,
«Бір қызға сені қалай» қылған өлшем!

Жып – жылтыр мөлдіреген қара сүлік,
Анадан артық туған сен бір «күлік».

Аттан ассаң дауым жоқ менің сенде,
Теңеру сені қызға шерменделік.

Бауыржан халқымыздың және Қызыл армияның ат спортының шабандозы және Толыбай мен Абайдай ат сыншысы және нағыз үздік ат бапкері болды.

Аты – аңызға, сөзі – нақылға айналған ата.

Б.Момышұлы тек атақ-даңқы шыққан батыр ғана емес, терең ойлы, өзіндік пікір толғанысы бар, алғыр да тапқыр, соғыс тақырыбында қалам тербеген талантты, дарынды жазушы.

М.Әуезов.

Ескертпе

Найзадан қол босаса қалам алдым
Толғанып оқиғаны көп ойландым.
Тырмысып әл келгенше көргенімді.
Жалтақтамай, именбей ашық жаздым.

Отырсам көп ойланып күнім жақын,
Әр адам біле бермес сөздің парқын.
Ұрпаққа арнап істелген адал еңбек
Ақ ниетпен ұсындым саған, халқым.

Жазушы болмаған соң менің затым,
Көркемді, жұмыр емес менің затым.
Салмақтайтын саналы ер табылса,
Атаусыз неге қалсын менің атым?!

Б.Момышұлы.

Б.Момышұлының қаламынан шыққан шығармалар көп. Солардың бірегейін атасақ,

«Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Менің отбасым», «Майдандас достарым», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Адам қайраты», «Артымызда – Москва», батыр бабамыздың өзі туралы жазған А.Бектің «Арпалыс», «Волоколам тас жолы», Ә.Нұршайқовтың «Ақиқат пен аңыз» шығармалары дәлел.

1-оқушы: - «Жаным – арымның садағасы деген» сияқты ерекше мағынасы бар халық мақалы, орыстың кеменгер қолбасшысы А.В.Суворовтың: «Әскери машықта азаптансаң, ұрыста қиналмайсың» деген тамаша қағидасы, Панфиловтың «Солдат жаумен шайқасқанда өлу үшін емес, өмір сүру үшін шайқасады» деген нақыл сөзі бабамыздың күнделікті іс-әрекетіне бұлжымас ереже, жетекші нұсқау болды.

2-оқушы: - Б.Момышұлы соғыс жылдарында қатал әскери бастық болып қана қоймай, сонымен қатар, қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөи жетекшісі, дарынды да талантты сардар бола білді. Жауынгерлерді қан майданда халықтың қасиетті тапсырмасын, сүйікті Отанымыздың абзал аманатын абыроймен адал орындайтын жалынды патриоттар етіп тәрбиелеу үшін Б.Момышұлы халықтың даналығынан туған мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, өсиеттер мен қағидаларды кеңінен пайдаланып отырды. Бауыржан атамның мына қанатты сөздері:

«Опасызда отан жоқ.

Епсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды.

Командир – аға, солдат – іні» сөздері – соған дәлел.

1-оқушы: - Қиян-кескі арпалыс тұсында Бауыржанның өзі де сол дәуірге дөп келетін көптеген

нақыл сөздерді тудырып еді. Солардың біразын мысалға келтірейін:

1. Әділсіздік – әлсіздік, ептілік те – ерлік.
2. Қара бет болып қашқанша, қайрат көрсетіп өлген артық!
3. Өжеттіктен не пайда, ерлігі мен ақылы көпті батыр етпесе!
4. Жігіт болсаң жігеріңді жасытпа, қайратыңа қайта мін.
5. Алтын басты болсаңда, ардан артық емессің.
6. Ашуыңа ақылыңды жеңдірме.
7. Хас батыр ұрпағы бардың арманы жоқ.

1-оқушы: - «Б.Момышұлы тек атақ-даңқы шыққан батыр ғана емес, терең ойлы, өзіндік пікір толғанысы бар, алғыр да тапқыр азамат» - деп бағалаған қазақ халқының заңғар жазушысы М.Әуезов.

Бауыржан (оқушы):

- Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін,
Я өліп, я болмаса өлтіретін.
Жүректе жанып тұрған жұлдызыңды
Жандыратын болмаса сөндіретін.

Соғыста бір-ақ заң бар мен білетін.
Кеуденмен қорғап қалу жердің бетін.
Жас қаның туған жерде босқа ақпасын.
Онсыз сен көре алмайсың жердің бетін!

1-оқушы: - «Жеңіске тек рухтын күштілігімен ғана жетуге болады», - дейді Б.Момышұлы. Ол халықтың, ұрпақтың рухының сынбауын армандады.

«Халқын сүйген – салтын сүйер»

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі.

Қазақ ССР-і Халық Комиссарлары Советінің председателі Н.Оңдасынов жолдасқа гвардия полковнигі Момышұлынан (1944ж. 13 ақпан)

1-оқушы: - «Ұлың өссе – ұлы жақсымен, қызың өссе – қызы жақсымен ауылдас болғын», «Тексіздіктен тезек артық», «Жаным – арымның садағасы», «Бәрінен ұят күшті», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді». Бұл мақалдардың түбірі мен мән-мағынасын баяндағым келеді. Сырын ашсаң, тәрбие ана сүтімен бірге сана-сезімге сіңіп, дағдыға, әдетке айналуы қажет. Үлкенді сыйлау, парыз бен ар-ұятты қасиет тұту, қоғамдық тәртіпті мүлтіксіз сақтау, заңға мойынсынушылық, адамды бәрінен де ардақтау – адам бойындағы адамгершілік, Отанға, елге, халыққа, үй-ішіне, адамға, өмірге деген сүйіспеншілік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. өнегелі тәрбие алған адам Отанға берілгендік, әділдік, тәртіптілік сияқты жауынгерлік қасиеттердің негізін бойына сіңіреді.

2-оқушы: - Асық, шілік, жасырынбақ ойнау, жарыс, күрес, ақсүйек ойнау жастарды ептілікке, шеберлікке, айлакерлікке, мергендікке, ширақтыққа, табандылыққа, сондай-ақ және ұрыста солдатқа ауадай қажет басқа да жақсы қасиеттерге тәрбиелейді.

Соғыс тәжірибелері «әдіссіздік – әлсіздік ептілік – ерлік» екеніне көзімді жеткізді. Қазақ халқының өткен тарихындағы барлық жақсы дәстүрлер бүгінгі таңда қайта салтанат құруға тиіс.

Тарихымыздағы даңқты қазақ жігіттері Исатай, Махамбет, Амангелді және т.б. ерлік істері біздің қазіргі заманғы жігіттеріміздің дәстүріне айналуы керек. Жастарымыздың оларды нашар білетіні қандай өкінішті десеңші.

1-оқушы: - «Сөз тапқанға – қолқа жоқ». Бәдік айту, той айтыс – тез ойлауға, тапқырлыққа тәрбиелейтін өнер сайысы. Айтыстай адамды андаусызда күтпеген, ұрымтал жерден төпеп тастарлық бір де бір өнер сайысы жоқ. Айтыс, бәдік айту суырып салып айтуға машықтанады, ауыз әдебиеті мен музыкаға сүйспеншілігін арттырады олардың ой-өрісін кеңейтеді, тапқырлық пен ептілікке үйретеді. Ал ұрыста күтпеген оқыс жағдайлар көп. Тапқырлық пен пайымдағыш қасиет солдаттың бойында үнемі болуға тиіс, ол кейде тұйыққа тіреліп шығар жол жоқтай көрінген жағдайда жеңісті қамтамасыз етеді, білек бірді, айла, ақыл мыңды жеңеді.

«Ана тілі – жүрек үні»

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Б.Момышұлы.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықов жолдасқа гвардия полковнигі Б.Момышұлынан. 1944 жыл 15 ақпан.

1-оқушы:

- Осы таңда қазақ тілін «дөрекі, икемсіз топас, кедей тіл... Онымен айтайын деген ойыңды, пікіріңді еркін айта алмайсың...» деп дұрыс бағаламай, жала жауып, теріс, зиянды жағдайдың құлдығында жүрген ұғымсыз – жалқау, «дүмше молда дін бұзардың» кебінін киіп,

сәлдесін орап, тіл бұзушы азамат, азаматшалар да, жүгенсіз, арсыз топастар да қазақ арасында молайып келе жатқанға ұқсайды.

Қазақ тілінің байлығы жетпегендіктен деген дәлелсіз былжыр, өзінің ана тілінің үдесіне жете алмай құр қалған, оған көңіл бөлмеген мұндайлардың, ұлт мақтанышы сезімінен, ұлт намысын ажыратып, «шөре-шөре» болып артта қалған қара беттердің надандықтарынан туған сылтау болуы керек.

«Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегендейін, тілді ірітіп, шірітіп жүргендер де – сол «шірік жетілгендер» екендігі айдан айқын емес пе!

Қазақ тілі туралы үкімет қаулысы шығып, қала қазақтарын, қазақ оқымыстыларын тәртіпке шақырып, қазақ тілін Республикамызда мемлекет тілі ету – заңды. Қажет екені даусыз, керекті болғандықтан осы күнге дейінгі бұрмалап бұзып келген мінезге, бет алысқа бұдан былай жол беру – қазақ тілін архивке тапсыру болып шықпай ма?!

2-оқушы: - 1935-36 жылдан бастап қазақ тілі бұрмалана, бүлдіріле, бұзыла бастағаны сөзсіз, айқын дәлелдей отырып, оған басты айыпкер, кінәлі – газет, радио, жазушы, кеңсе қызметкеріне тарихи қарғыс айтылып, беттеріне қара күйе жағылып айыпталғаны жөн.

Қазақстанда қазақ тілі заңының әділдігі бойынша мемлекет тілі болып саналып, өз орынына төрге шығарып отырғызылып, бұрынғы қалпына кешікпей келтіру шаралары тезден қолға алынып, тіл бұрмалау ежелден келе жатқан ескі ауруға айналып бара жатқанын ескере отырып, іс жүзіне қатал төңкеріс

түрінде асырылуы жөн. Аяқ асты елеусіз болып кеткен қазақыландыру мәселесін алдымен қазақтардың өздерін тіл жөнінен тәртіптеуден бастап барлық үкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында қайтадан әділдікпен көтеріліп қолға алынуы жөн. Барлық оқу орындарында қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тарихы міндетті сабақ болуы керек.

1-оқушы: - Барлық қазақ тіліндегі әдебиет оқу құралдары қайта қаралып, жүректен тазаланып, елгезермен елегендей қоқыс құрымынан мүлде арылуы керек. Тіл мәселесі бұдан да аяқ асты болып «дүмше молдалардың» құрбандығы болып кетпес үшін: «барлық сырттан алынған, «есіктен кіріп төр менікі» деген сөздер теріліп жиналып, әділ билік айтылып, сол мағынадағы «дауысы жойылған» қазақтың ана тіліндегі сөздерге өз еркі өзіне қайта беріліп, қазақ тілінің бұқаралық қатарына қосылып, бұдан былай да ел ауызында, жазушының қалам ұшында болуы керек. Өзіміздің тіл байлығымызда жоқ, бұрын халқымыздың өмірінде кездеспеген жаңа заттардың аты, сөздер теріліп, жиналып, сөз азаматтығына қабылданып, заңды жүйеге салынуы керек.

Ана тілін ардақта

Көшеде бояу ерін сылқылдаған,
Былдырлап, орысшалап жырқылдаған.
Ұмытып ана тілін, салт-санасын,
Не қалды тілімізде жыртылмаған?

Отбасы түсініксіз, жатқан былдыр,
Газетте қазақ сөзі аз, шылдыр-мылдыр.
Оқысаң алып кітап – шым-шытырық,
Опырмай сандырақ па, бұл не былжыр?

Ержеткендер сөз сөйлейді орысшалап,
Кім отыр сөз құрылысын қынап-сынап?
«Мамасы» мен «папасы» шүршіт болып,
Күйдірді-ау шүршітшілеп бала жылап.

Б.Момышұлы.

«Бауыржан жұлдызды болған күн – қазақтың
жұлдызы жанған күн».

Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.

Б.Момышұлы.

2-оқушы: - Жан дүниесі соншалық нәзік адам өлім қауіпін сезінбей қала алмақ емес. Онысын және Бауыржан мемуарларында талай рет мойындаған, кез келген адамның басында болатын үрейді талай-рет бастан кешкенін өзіне тән шыншылдықпен айтқан да. Бірақ ол оған бой алдырмай, алапат жігер күшімен жеңе де білген.

1-оқушы: - Халқының төрдегі басын есікке сүйреген 1986 жылғы желтоқсанның топалаңын ол көрген жоқ... Қоғамымыздағы 70 жылдан соң болған қопарылысты көруді Қазақстанның Халық Қаһарманы Б.Момышұлына жазбапты. Ол өзіне елінің «Халық қаһарманы» деген атағын бергенін де білмеді... Батыр, бәлкім, мұны білгенде мен ешкімнен атақ-даңқты сұраған жоқпын деп жұртты қақ жарып жүре берер ме еді?! Өмірдің көшінен осыншама адамның арын тазалап, азаматтық тәуекелдігін ту етіп алып шығар еді.

Бірақ... ол мұның бәрін өзінен кейінгі Бауыржандарға – кейінгі лектің ішінде келе жатқан халықтың асыл ұл-қыздарына тастады да кетті.

Ғазиза ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,
Абай Құнанбайұлы атындағы
Саран гуманитарлық-техникалық
колледжінің 4-курс студенті.
Қарағанды облысы.

ӘРІ АҚЫН, ӘРІ ЖЫРАУ

Бауыржан Момышұлының ерлік даңқымен бірге соғыс тақырыбына көптеген шығармалар жазған сөз шебері екені баршамызға мәлім. Табиғатында, ереуілді тұлғасында, мінезінде өр ақынға бітер қасиеті бар Бауыржан майдан тұсында, кейбір буырқанған шақтарында өлең де жазды.

Бауыржанға мектептегі ұстазы Тәңірберген Отарбаев: «... сенен ақындықтың иісі шығады» деген екен. Бұл турасында Бауыржан Момышұлы былай еске алады: «... Бізге ол кісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Ол кісінің педагогикалық методы – сабақты әдеби кеңес түрінде өткізетін. Программа бойынша емес, еркін өтетін. Егер осы еркін кеңесу методы болмаса, біз сабаққа сонша мықты қызықпас едік. Ұзын бойлы, келбетті келген, сабырлы, өте ақылды, ақын кісі еді. Ол кісі сабақ бергенде рахаттанып тындаушы едік. Қазір жасым жетпіске келгенде байқасам, ол кісі, шынында, әдебиет зерттеушісі екен, шынында, ақын екен».

Осындай әдеби мектептен өткен Бауыржан қаруын қаламға айырбастап, азаматтық өмірге ауысқанда, әдеби шығармаларымен де өз биігіне көтерілген болатын.

Бауыржан Момышұлы қаламынан туған «Ана тілін ардақта», «Арман жер», «Әскер аты», «Біреулерге», «Жардың мұңы», «Достыма», «Ескертпе», «Қайран сегіз», «Толғау» сынды әр алуан тақырыптағы өлең-жырлары – ел-жерге құрмет, адам мен оның еңбегіне сүйіспеншілік, бірлік-берекеге қанағат. Әділдікті ту етеді.

Ақындық – өнер, адамның тумысынан бастау алады. Ал, дарын – талант еңбек арқылы кең өріс алса, бұл да Б.Момышұлы шығармашылығынан тыс емес. «Біреулерге» атты өлеңінде 30 жылдар ойранын, ел ішіндегі озбырлық пен опасыздық сырларын шымыр шумақ, шешен тілмен жеткізе білді.

«Әскер аты» атты өлеңі де ер қанаты – аттың сипатын, бітім жаратылысын бейнелі сөз, бедерлі суреттермен көркемдеді. Мұнда ақынның өлең-өнер табиғатын, ой-сөз жүйесін терең түсініп, аттың бабы мен сынына терең мән беріп, қысқасы, халықтық тағылымнан мол өмір тәжірибесі бары айқын аңғарылады.

Бауыржан атамыздың жыраулық сарынға ұласатын тұстары да аз емес. Әйгілі жазушы Сәбит Мұқановтың айтуына қарағанда, ақындық дарыны жыраулық негізінде дамыған.

Жыраудың жыраулығының ең басты белгісі – ақындық, яғни, өз жанынан өлең шығарғыштық қабілетінің болуы. Жырау деген атаудың өзінің «жыр» сөзінен шыққандығы күмән туғызбайды. Жырау сонау көне замандардың өзінде де, ең алдымен, ақын ретінде танылған сияқты. Махмұд Қашғари жырау сөзін (йырағу) өлең шығарушы, музыкант деп түсіндіреді.

Жырау репертуарының өзгешеліктері оның қоғамда алатын орынына байланысты десек, Б.Момышұлының да өз дәуірінде алар орыны ерекше болғанын білеміз. Сондықтан да оның ауызынан өткен ғасырлардағы жорықшы жыраулардай адуынды жыр өрнектері төгіледі.

Бауыржан Момышұлының жырларын қазақтың бұрынғы жырауларымен салыстыра отырып, ішкі мазмұны ғана емес, сыртқы құрылымы тарапынан да ұқсастықты аңғаруға болады. Мысалы,

Үмбетей жырау «Бөгембайдың өліміне» атты жырында:

Қалақайлап дулатқан, (а)

Қалмаңдап шулатқан (а)

Қалмақты алдың, Бөгембай! (б)

Құбыла көшкен байтақтың (в)

Ордасындай Бөгембай!- десе,

Бауыржан Момышұлы «Қайран сегізде»:

Панфилов тірі кезінде, (а)

Москваның төрінде (а)

Жау жағадан алғанда, (б)

Батыс елін қиратып, (в)

Қанды ылаң салғанда (б)

Қаһарына шыдатпай, (г)

Күші кернеп мастанып, (в)

Бізді түгел жойдым деп (в)

Жер жүзіне мақтанып,- дейді. (в)

Екі жыр да – 7-8 буыннан тұратын, аралас ұйқаспен жазылған арнау үлгісіндегі туынды.

Ал, дауылды жылдардың жалынды жыршысы болған Махамбет:

Мен, мен едім, мен едім,

Мен Нарында жүргенде

Еңіреп жүрген ер едім,- десе,

Бауыржан атамыз:

Мен кім едім, мен едім,

Мен де мыңның бірі едім.

Қызықпай баққа, атаққа.

Адал еңбек ұлы едім.

Қызмет еткен халыққа

Ақ ниет мыңның бірі едім,

Атақсыз солдат бірі едім,- дейді.

Өлеңнің дыбыстық жағына, яғни, аллитерация, ассонансқа және басқа рифма, ішкі ұйқасқа ерекше мән берілуі – көне түрік әдебиетіне тән құбылыс. Аталмыш көркемдік әдістердің қайсысының болмасын жыраулар шығармашылығындағы алатын орыны ерекше.

Жырау туындыларындағы тармақтар, буын саны жағынан алғанда көбіне біркелкі бола бермейтіні мәлім және бұл кездейсоқ емес, өзіндік ерекшеліктерінің бірі. Бұл – жырау поэзиясының ішкі мазмұнына сәйкес табылған түр еді.

Сонымен, жырауларда қолданылатын осы айтылған көркемдік әдістердің барлығын да біз Бауыржан Момышұлы жырларынан көре аламыз. Мұның өзі батыр бабамыздың жорықшы жырау болғанын аңғартары анық.

Гүлбарам ШӘРБЕКОВА,
С.Сейфуллин атындағы
№7 мектеп-гимназиясының мұғалімі.
Балқаш қаласы.

«ӨКСІКПЕН ӨТКЕН ӨМІР»

Мақсаты: М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесіндегі Қасым тағдырына ортақтаса отырып, өмірдің тартысқа толы қиын да күрделі екендігін таныту; оқушыларды өмір сынынан сүрінбей, қиындықтарға төзе білуге, әңгіме негізінде өз ойларын айта білуге, қорытынды жасай білуге дағдыландыру; әдебиет пәніне деген қызығушылықтарын арттыру; Сабақ барысында оқушыларды иманды, адамгершілігі мол, мейірімді, заман ағымына лайық тұлға тәрбиелеу;

Қолданатылатын технология: БиС.

Сабақтың кезеңдері:

1. Кілт сөздермен жұмыс;
2. Қилы сұрау;
3. Жоба қорғау;
4. Тақырыптық сөздік қор.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: сыныпты үштік топтарға бөлу.

Көшбасшы тілегі:

1. Кілт сөздермен жұмыс. 21 сөз – 2,5 минут, барлық оқушыдан сұралады.

ООМ бағалау.

Кілт сөздер: 1. Үш жолаушы; 2. Жаяу бала; 3. Ұлытау бөктері; 4. Зарлы ән; 5. Найзағай; 6. Әже өлімі; 7. Жетімдік; 8. Иса; 9. Қадиха; 10. Тауға қашу; 11. Қасымның ойы; 12. Тау ішінде; 13. Шошыну; 14. Жынды құс; 15. Қара кісі; 16. Елес;

17. Құран оқыту; 18. Атардың оскыруы; 19. Тоғай; 20. Қатал тағдыр; 21. Өлік.

2. Қилы сұрау:

1. Шығарманың авторы туралы не білесіз?

Қазақ халқының біртуар перзенті – Мұхтар Әуезов Семей, қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Ұлы Абай ағамыз туған топырағында кіндігі кесілген жазушы «Абай жолы» атты роман-эпопеясын жазып, қазақ халқын әлемге танытқан.

2. Әңгіме дегеніміз не?

Әңгіме – кейде бірнеше оқиғаны аз санды кейіпкермен суреттейтін шағын шығарма. Мысалы, М.Әуезов «Жетімі».

3. Тақырып дегеніміз не?

Жазушы өмір туралы, адамдар, олардың арасындағы қарым-қатынастар туралы жұртшылыққа өздерінің ой-пікірлерін, көзқарастарын ұсынады. Жазушы ойының негізгі қазығы сол шығарманың тақырыбы болады.

4. Идея дегеніміз не?

Шығармада суреттелетін өмір құбылысына кейіпкер арқылы жазушының көзқарасын беруі. Мұнда Қасымның жетімдік өмір талқысына түсуі, адамдардың мейірімсіздігін, тіпті, жауыздық көрсетеді. Қасым өміріне ешкім арашашы бола алмайды. Жазушы тасбауыр, қатыгез адамдардың болатынын ескерте отырып, олардан рақымшылық күтпей-ақ өмірде адамшылықтың жеңетініне сендіреді. Қатыгездіктен сақтандырады.

5. Шығарманың композициясы дегеніміз не?

Кез келген көркем шығарма оқиғалардан тұрады. Ондағы оқиғалардың ретпен, тәртіппен суреттелуін айтамыз. Ол бірнеше бөліктерден тұрады.

6. Әңгіменің басталуы.

Роза ОРЫМБЕКОВА,
«Құлан» орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Т.Рысқұлов ауданы.

Жаздың кешкі мезгілінде Ұлытау бөктерінде келе жатқан үш жолаушы.

7. Байланысуы: Ауылдан қашып шыққан жетім бала – Қасым.

8. Дамуы: Әжесі өлген Қасымды Исаның қолына алуы.

9. Шиеленісуі: Қасымның аянышты халі, Исаға қарсы келіп, таспен ұруы.

10. Шарықтау шегі: Түн. Найзағай жарқылы. Қасым ойының шатасып, қорқынышты елес соңына еруі.

11. Шешімі: Үш жолаушының кездейсоқ бала өлігіне кез болуы.

12. Шығарманың көркем тілі: Пейзаж – жазушы суреттеуден бастайды.

Мысалы.

13. Эпитет: Белгілі бір құбылысты елестету үшін бейнелеп айтылатын сөздер.

14. Теңеу: бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін оны екінші нәрсеге салыстырып суреттеу. Табиғат салқын түсті болса да, сұлу түсті сүйгендей.

15. Портрет: шығармадағы кейіпкердің сырт пішіні, түр-түсі, кескін-келбеті, бой-тұлғасын, жүріс-тұрысын суреттеу.

16. Психологиялық параллелизм – шығармадағы адамдардың көңіл күйінің табиғат құбылысына сәйкестендіріліп алынуы.

17. Шығармадағы үндестік – бұрын оқыған қандай шығармаларда жетім бала бейнесі берілген?

18. Егер сен жазушы болсаң шығарманы қалай аяқтар едің?

3. Жоба қорғау: «Жетімдерді қоғам қалай қорғап жүр?».

4. Тақырыптық сөздік қор. ООМ бағалау.

ЖЕЛДЕН ЖҮРІК ЖАНУАР

(Ана тілі. 4-сынып)

Сабақ мақсаты: мәтінді түсініп оқуға баулу, оның мазмұнын ашу, жылқы туралы білімдерін кеңейту, сөздік қорын молайту, білімді өздігінен алуға үйрету.

Міндеттері: білімділік – тұлпар туралы жазған басқа жазушы шығармасымен салыстыра суреттеу, оқушылардың өмір жөнінде түсінігін кеңейтіп, ой-қиялын шарықтату; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау қабілетін, ой-өрісін кеңейту, тілін дамыту, шығармашылық танымдық белсенділігін арттыру; **тәрбиелік** – зеректілікке баулу, салт-дәстүрді үйрете отырып, салауаттылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу

Түрі: танымдық-дамытушылық сабақ. **Әдісі:** топтық жұмыс, сұрақ-жауап, иллюстративті-түсіндірмелі, жартылай ізденіс, әңгімелеу, СТО стратегиялары. **Пәнаралық байланыс:** дүниетану, музыка. **Көрнекілігі:** суреттер, слайд, тірек сызба, С.Мұқанов портреті.

I. Алғашқы ұйымдастыру бөлімі: Оқушыларды түгелдеу, оқушы назарын сабаққа аудару.

A) Психологиялық дайындық. Оқушыларға жай, орташа, қатты үш түрде айтқызу.

*Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.*

Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте! (Қадыр Мырза Әли).

II. Қызығушылығын ояту:

Бәйшешектерді тере отырып, үй тапсырмасын тексерейік. “Ара мен шыбын” тақырыбына сай әр бәйшешек астында орындайтын төмендегідей тапсырмалар бар:

1-тапсырма. Шығарманы рөлге бөліп оқу, кейіпкерлердің іс-әрекетін, сезім-күйін дауыс ырғағы арқылы мәнерлеп оқу.

2-тапсырма. Өлеңді қара сөзбен сахналау.

3-тапсырма. Қонаққа бару және қонақ күту рәсімдерін әңгімелеу. Қазақы қонақжайлылыққа тоқталу.

III. «Ой қозғау» стратегиясы: а) Слайдпен жұмыс. -Қамбар ата кім?

ә) Жылқы туралы білетіндерін әңгіме, тақпақ айтқыза отырып, жаңа сабақты хабарлау.

IV. Жаңа сабақ: Жылқы. С.Мұқанов.

А) Жазушы өмірі мен қызметіне қысқаша тоқталу.

Сәбит Мұқанов. 1900-1973 ж.



Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Жаманшұбар өңірінде туған. Аса көрнекті жазушы, қоғам қайраткері.

Шығарманың авторы және оның шығармалары туралы әңгімелеп, «Ботакөз», «Балуан Шолақ» киноларына тоқталу.

V. Кітаппен жұмыс. Өзіміз оқып танысайық, әңгімелейік.

Сынып оқушыларын қатар бойынша 3-топқа бөлу, әр топқа жаңа сабақ бойынша тапсырмалар беру. Оқушылардың білімді өздігінен алуына бағыт беру.

1-топ – Мәтіннің басынан бастап «кіріседі» сөзіне дейін оқиды.

2-топ – «Қос» сөзінен бастап, «қалады» сөзіне дейін оқиды.

3-топ – «Тағы» сөзінен бастап, соңына дейін оқиды..

Әр топ өзіне берілген «Жылқы» әңгімесіндегі жолдарды түсініп оқып, жоспар құрады және жоспар бойынша мәтінді мазмұнын ашып әңгімелеп береді. Соңынан мұғалімнің жетекші сұрақтары арқылы әңгімені толық мазмұндайды.

VI. Сөздік жұмысы және оны қолданысқа ендіру. Шығармадағы түсініксіз сөздерге түсініктеме беріліп, сол сөздерді қатыстырып ауызша сөйлем құрастырылады.

VII. Танымдық-дамытушылық жұмыстар Слайд арқылы оқушылардың жылқы туралы білімдерін кеңейту, жобалау жұмыстарын жүргізу.

А) Адам мен жылқының достығы өте ерте кезде басталған. Ертеде жылқы кең далада еркін өскен тағы жануар еді. Адам баста жылқыны тамақ ретінде көптеп аулаған. Келе-келе оның құлындарын қолға үйреткен, сол құлындардан қазіргі сәйгүліктер өсіп-өнген. Қазіргі жылқының ата тегі Тарпан мен Пржевальский жылқылары болды деген болжам бар Бұл жылқылардың тағы үйірін

1881 жылы орыс саяхатшысы Н.Пржевальский Тянь-Шань таулары сілемдерінде кездестіреді, көптеген зерттеулер жүргізеді. Бұл жылқыларды Монғолияда күні бүгінге дейін кездестіруге болады. Олар қорғауға алынған. (Слайдпен жұмыс)

Ә) Есінде сақта. Адам малдарды белгілі бір дыбыстау арқылы шақырады. Жылқыны шақырудың өзіндік ерекшеліктері бар.

Құрау-құрау – биені сауатын кезде шақыру үшін айтылады.

Мох-мох – Жылқыны ұстау үшін айтылады.

Тәк-тәк – Жылқының үстіне ер салып мінгенше қозғалмай тұру үшін айтылады.

Тыр-р-тыр-р – жылқыны арба мен шанаға жеккенде тоқтату үшін айтылады.

Оқушыларға слайдты көрсете отырып, сұрақ-жауап әдісімен қымыз және оның пайдасы туралы әңгімелету. Қымыздың құрамындағы дәрумендерге тоқталу. Қымыз өзінің емдік және сусындық қасиетін күні бүгінге дейін сақтап келеді. Ол өкпе ауруларын, түрлі салқыннан болатын ауруларды емдеуде медицинада қолданылады. Қымызды сауда дүкендерінен және базардан сатып алуға болады

- Қымызға қатысты қазақ халқында қандай дәстүр бар?

- «Қымызмұрындық» деген дәстүр бар.

- Қымыздың қандай түрлері бар?

Б) Дәптермен жұмыс. Қымыз түрлерін кітаптан тауып, дәптерге көшіріп жазу.

Биенің сүті – сары бал, Қымыздан асқан дәм бар ма?

Жылқының еті – құнарлы тағам. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, жылқының еті, қазы-қартасы, жал-жаясы, қымызы – аса құнарлы тағам.

- Оның басты себебі не?

В) Терме оқу. Оқушылар жауапты кітаптан іздеп тауып оқиды. Оның басты себебі: жылқының талғампаздығында болса керек. Ол шөптің құнарлысын, судың тұнығын ішеді.

- Сіздің Жылқы өніміне деген көзқарасыңыз ... Ауызша жауап беру (әр топтан бір оқушы).

Г) Түйін сөз: Дүкен сөрелерінен қымызды көру – қуантарлық жағдай. Шетелдік сусынды алып ішкеннен ұлттық сусын – «қымызды» алып ішсек, біздің денсаулығымызға пайдасы өте зор болар еді. Қазақстанда жылқы шаруашылығын өркендету керек, т.б.

Жылқы – ежелден қазақ батырларының Қанаты. «Жылқы – ер қанаты» деп тегін айтылмаған. Жаугершілік заманда атқа мінген батырлар бір-бір атқа мініп ел қорғаған. Қазір де әскери қызметте таулы аймақта шекара күзетіне ат мінеді. Жылқы – киелі көк пырақ. Еліміздің Елтаңбасындағы Қос Тұлпар – осы киелі пырақтар.

Жылқы – киелі көк пырақ.

Көне түсініктерге қарағанда, жылқы – киелі көк пырақ. Ол пырақтарды ҚР Елтаңбасынан көруге болады.

Жылқы – қолға тез көндігетін, иесін ұятқа қалдырмайтын жануар. Соған байланысты оны өнер саласында – спорт, кино, циркте кеңінен қолданады. Жылқыны цирк аренасына 1780 жылы алғаш рет ағылшын Филип Эшли алып шықты. Қазақстан циркінде де өнерпаз жылқылар бар. Жылқы туралы әндер, өлеңдер мол, би де бар. Соның бірін айтып, билеп сергіп алайық

VIII. Сергіту сәті. «Қара жорға» әнін айтып, билеп арқылы сергіту сәті орындалады.

X. Шығармашылық жұмыс. Берілген өлең шумағындағы көп нүктенің орынына тиісті сөздер тауып қойып, өлеңді аяқтау. Өлең құрастыруда суретті басшылыққа алу, ұтымды тақырып қою тиімді.

Өлең құрастырып көрейік:

Құлдырайды ... ,
Желбірейді
Дөңгелетіп жерді ,
... .. көлді
Секілді ... сұңқар
Болғалы тұр

XI. Қорытынды бөлім:-Балалар, жылқыға байланысты қандай ұлттық ойындарды білеміз?

– Жылқының пайдасын қайталамай айтып шығайық (Әр топтан екі оқушы жауабы тыңдалады).

XII. Бағалау .Топ жетекшісі білімдеріне сай бағалайды..

XIII. Үйге тапсырма: «Жылқы» мәтінін түсініп оқу, «Жылқышы» өлеңін жаттау, жылқышы туралы шағын эссе жазу.



Майра МАХАНБЕТҚҰЛОВА,
№23 орта мектептің мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Тараз қаласы.

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ӨЗГЕШЕЛІКТЕР

(9-сынып)

Сабақтың мақсаты: Махамбеттің өмірі, өлеңдері туралы қосымша мәлімет беру, сөз қолданысындағы өзіндік ерекшеліктеріне талдау жасау. **Міндеттері: білімділік** – ақынның жорық жырларын Шернияз өлеңдерімен салыстыру арқылы өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу;

тәрбиелік – оқушылардың бойында тарихи саналылықты қалыптастыру, өз ұлтына, ұлттың ардақты ұлына деген сүйіспеншілігін арттыру; бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру; **дамытушылық** – өлеңді талдау, тиянақты, жүйелі сөйлей білу дағдылары мен ізденімпаздық қасиеттерді қалыптастыру, өз пікірін қорғай білу дағдыларына төселдіру.

Түрі: жана білімді меңгерту. **Әдісі:** әңгімелеу, талдау, ой бөлісу, сатылай кешенді талдау. **Көрнекілігі:** инерактивті такта, Махамбет Өтемісұлының суреттері, шығармалары. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: Зейіндерін сабаққа аудару, сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Махамбет өлеңдеріне сүйене отырып, “романтизм , прогресшіл романтизм ” жайында сөз қозғау. Тактада бір өлеңіне сатылай кешенді талдау жасату.

Махамбет өмірінің кезеңдерін слайд арқылы көрсету.

Даталармен жұмыс:

1803ж. Ішкі Бөкей ордасы, Нарын құмында, Жасқұс деген жерде туған .Шыққан тегі Байұлы ішіндегі Беріш руынан. Ел ішінде ол “Жеті баулы беріш” деп аталады. Әкесі Өтеміс Құлманиязұлы ауқатты, сол кездегі беделді билердің бірі болған.

Балалары: Тоқтамыс, Ысмайыл, Бекмұқамбет, Махамбет, Досмайыл, Сүлеймен, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен.

Махамбеттің “Өтемістен туған он едік, онымыз атқа мінгенде , жер қайысқан қол едік” деуі – содан.

1824-1828 ж.ж. Орынбор қаласында Жәңгір ханның ұлы Зұлқарнайынның қасында болды.

1829-1835 ж. Махамбет түрмеге қамалады. Бұл оқиға намысты “өр жанның ханға қарсылығын өршітеді”, халық мүддесімен санаспауы әлеуметтік тартысты жылдан-жылға

шиеленістірді. Феодалдардың іс-әрекетіне зығырданы қайнаған шаруалардың әділетті талаптарын орындатудың бір ғана жолы – отаршылыққа, феодалдық озбырлыққа қарсы қарулы күрес еді.

1836-1838 ж. Батыс Қазақстандағы Исатай Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісінің жалынды жыршысы, ұйымдастырушысы болды. Көтерілістің жеңіліске ұшырағанына қарамастан ақын бұқараның орасан күшіне сенеді.

1838-1841 ж. 1838 ж. 12 шілдеде Ақбұлақ бойындағы шайқаста Исатай қазаға ұшырап, Хиуа жақта 2 жылдай жасақ жинауға әрекет жасады. Бұл ниетінен нәтиже шықпаған соң, Бөкей ордасына жасырын өтіп, ел ішін паналады. Ақын өміріндегі ауыр да сүргінді жылдар жалғасып, 1841ж 4 наурызында белгісіз біреулердің көрсетуімен Тілекиев деген қазақтың үйінде отырған жерінде қолға түседі.

1845-1846 ж. ақпанда Махамбет баласы Нұрсұлтанды оқуға орналастырмақ ниетпен Орынборға келді. Кіші жүздің батыс бөлігінің әкімі Б.Айшуақов та Махамбетті қудалауын қоймады. Ол ақынның басына 1000 сом тігіп, оны ұстау үшін арнайы адамнан (құрамында Хорунжи Ықылас Төлейұлы, Беріш руының биі Жанберген Боздақұлы, табын Төрежан Тұрымұлы, беріш руының қазақтары Мұса Нұралыұлы, Жүсіп Өтеуліұлы бар) құралған қарулы жасақ жіберді.

20.10.1846 ж. қаза тапты. Ақынның зираты Атырау облысы, Махамбет ауданындағы Қараой деген жерде.

Махамбеттің басы алынған жерге қойылған тас, мазарына қойылған ескерткіш, Исатай мен Махамбетке арналған ескерткіштер слайд арқылы көрсетіледі.

III. Жаңа сабақты түсіндіру.

М.Өтемісұлы жырлары – қазақ әдеби тарихындағы ерекше құбылыс. Ақын өзіне дейінгі ұлттық көркемсөз өнерінің бар асылын бойына сіңіре отырып, араб-парсы сөздерінен, діни

сарыннан арылтты. Махамбет өлеңдерінің қай-қайсысы да ғибратқа, тағылымға, шешендік нақыл сөздерге толы.

Махамбеттің сөз қолданысындағы ерекшеліктер:

1. Нақыл-ғибрат, қанатты сөздер: бір сынаған жаманды, екіншілей сынама; арғымақтың баласы, арығанын білдірмес; азамат ердің баласы аз ұйықтар да көп жортар; жаманды байқап қарасан, өз басына өзі жау; ежелгі дұшпан ел болмас, етектен кесіп жең болмас.

2. Өз дәуірінің асқақ лексикасы-жауынгерлік фразеологизмдерді шешен тілдің тірегі еткен Махамбет өз кезіндегі ұрыс-соғысты эпикалық жырындағыдай көтеріңкі рухта суреттеп баяндайды. Батырлар жырындағы қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары тұрақты эпитеттермен өзгеріссіз қолданылады: *егеулі найза, толғамалы найза, алты құлаш ақ найза, сұр жебе, қозы жауырын оқ, балдағы алтын құрыш болат, ақ семсер*, т.б.

3. Бұл жерде әсірелеу жоқ. Бұлар – сандаған ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып, ердің ері асынған қару-жарақтар. Қай кезде болмасын рухты жанып, намысты оятқан лексиканың түрі – *жаугершілік тіркестер: білтеліге доп салу, беркініп садақ асыну, қорамсаққа қол салу, ақ алмасын суыру, жаңбырдай оқ жаудыру, қанын судай төгу, қанды көбік жұтқызу, қамалды бұзу*, т.б.

4. Махамбеттің қолданған эпитет, тенеу, метафоралы сөз тіркестері де ерлік, күрескерлік идеясына қатысты болып келеді. Мысалы: «таудан мұнартып ұшқан тарлан, керіскендей шандоз, қас бәйтерек, шарға ұстаған қара балта, ақсұңқар құстың сойы, жез қарғылы құба арлан, қайыспас қара нар, еркек қойдай бөлініп, адырнаны ала өгіздей мөңіреткен, құлжадай айбар мінезді, топтан озған тарлан боз» дегендердің бәрінде халық қамын ойлаған ердің өр мінезді асқақтығы, қайтпас қайсарлығы, табандылығы, даралығы сияқты қасиеттер жатыр.

IV. Сабақты бекіту.

“Тарланым, «Қызғыш құс», «Соғыс» өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жасау арқылы сабақты бекіту

V. Сабақты қортындылау, бағалау.

VI. Үй тапсырмасы: “Ереуіл атқа ер салмай” өлеңін сатылай кешенді талдап келу.



Гүлназ ҚАЛИМАЖАНОВА,
М.Әуезов атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Тарбағатай ауданы,
Ақжар ауылы.

СЫМБАТТЫ СҰЛУ ДҮНИЕ

(Поэманың сюжеті мен композициясы туралы)

Сабақтың мақсаты: поэмаға әдеби талдау жасайды, жырдың негізгі тақырыбын, идеялық-көркемдік мазмұнын ашады. **Міндеттері:** білімділік – сұлулық сымбаты атанған аққулардың киелі құс екендігін өзге құстармен салыстыра суреттеу арқылы әдемілік дүниесінің сырын ашу, негізгі ерекше қасиеттеріне тоқталу; **дамытушылық** – сын тұрғысынан ойлауды дамытады. Жазу арқылы сөз байлығын молайта отырып, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіреді. Шығармашылық белсенділігін, танымдық дербестігін

арттырады, іздендіретін, ойландыратын сұрақтар қою арқылы оқушылар өз ойларын, пікірлерін айтуға үйренеді; **тәрбиелік** – поэманы талдау барысында оқушылар эстетикалық талғамын шындайды, табиғатқа деген адамгершілік қарым-қатынасын қалыптастырады.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, іздену, талдау, бақылау.
Түрі: сыни тұрғыдан ойлау. **Көрнекілік:** Мұқағали Мақатаевтың суреті, магнитофон, кубик, маркер, үлестірмелі тапсырма, Н.Тілендиевтің «Аққу», «Салтанат» күйі. **Стратегиялар:** топтастыру, кубизм, эссе, академиялық дау-дамай.

Сабақ фазалары:

I. Қызығушылығын ояту.

II. Мағынаны ажырату.

III. Ой-толғаныс.


Бағалау: топтастыру, кубизм, эссе жазу.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

I. Қызығушылығын арттыру. Топтастыру стратегиясы.

- Балалар, аққу қандай құс?



- Осы жайлы көршіңізбен ой бөлісіңіз, талқылаңыз, пікірлесіңіз.

Шағын топтарда талдап, орталарыңнан көшбасшыға сөз беріңіз (Жазбаша жұмыс, сұрақ-жауап).

Оқушылар төрт топқа бөлінеді.

1 топ – «Сұлу»; 2 топ – «Киелі»;

3 топ – «Таза»; 4 топ – «Қасиетті».

II. Мағынаны ажырату. Кубизм стратегиясы бойынша жұмыс жасайды.

1. Зерттеңіз.

1-топ – «Сұлу»:

1) Жырдың идеясын, тақырыбын ашу;

2) Поэманың негізінде жатқан басты ой неде?

Поэманың негізгі ойы қай бейне арқылы көбірек көрінеді?

2. Суреттеңіз.

2-топ – «Киелі»:

1) Жыр кейіпкерлері туралы пікір жинақтау;

2) портреттеу, суреттеулерді тауып, оның кейіпкерлер іс-әрекетін ашудағы маңызын айту.

3. Салыстырыңыз:

3-топ – «Таза»:

1) Жырдағы кейіпкерлер бейнесі бойынша «ана-әке-жылқы» сырларына үңілу.

2) М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылысуы» поэмасымен салыстыру. Өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастығын табу.

(Сұрақ-жауап, проблемалық ізденіс тудыру, оқу, жазу, айту).

Тапсырмаларды өз бетінше орындайды, салыстырады.

4. Қолданыңыз.

4 топ – «Қасиетті»:

1) Мәтіндегі ұнаған эпизодты рөлде ойнап беріңдер;

2) Мәтіннің тіліне, көркемдегіш сөздердің орынды қолданғанын алып тастауға болмайтындығын түсіндіріңдер (инсценировка элементі бар көріністерді зерттейді, ізденеді, дәлелдейді).

5. Пікірді қолдаңыз немесе қарсы шығыңыз

(академиялық дау-дамай).

Аққуды атуға бола ма, болмай ма?

(айтысу, дәлелдеу, қорытындылау өз көзқарастарын білдіреді).

6. Ұсыныс. Егер мен ақын болсам....

III. Ой-толғаныс сатысы.

Поэмадан алған әсерім қандай?

(эссе жазу, жазбаша жұмыс, тіл дамыту, ой қорыту, ой толғанысын жүйелеп, қағаз бетіне түсіру).

IV. Сабақты қорыту:

1. Сабақта нені білдік?;

2. Нәтижесі қандай? (ой қорыту).

V. Үйге тапсырма: ақын мен аққу, Жетімкөл аққулары, мерген ана, «бала – аққу – ана» тақырыптарына шығарма өлең жазу, қылқаламмен сурет салу.

VI. Оқушыларды бағалау. «Өзіңе-өзің баға бер» (Сауалнама).

Тілекші ҚАНАТҚАЛИЕВА,
С.Н.Имашев атындағы
орта мектептің мұғалімі.
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
«Бірлік» ауылы.

«СҰЛУШАШ» ПОЭМАСЫ

Сабақтың мақсаты: С.Мұқанов поэмалары туралы түсінік бере отырып, «Сұлушаш» поэмасының мазмұнын меңгерту, тақырыбы мен идеясын ұғыну, көркемдік ерекшелігіне тоқталу.

Міндеттері: **білімділік** – композициялық құрылысына, образдар жүйесіне талдау жасау, ақынның тіл шеберлігіне назар аудару; **дамытушылық** – әдеби-теориялық білімдерін дамыту, өз пікірлерін еркін айта білуге және дәлелді түрде жеткізе білуге үйрету; **тәрбиелік** – адамгершілікке, адалдыққа, шынайы сүйіспеншілікке, рухани тазалыққа тәрбиелеу.

Түрі: дамыта оқыту элементтерін пайдалану.
Әдіс: сұрақ-жауап, баяндау, талдау, мәнерлеп оқыту.
Көрнекілігі: таблица, буклет, мультимедиалық кешен.
Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

Оқушылармен сәлемдесіп, топқа бөлу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. С.Мұқанов ... жылдары өмір сүрді?
2. 1922 ж. Орынбор қаласында ... оқиды.
3. Мұнан кейінгі ж. С. Мұқанов республикалық ... газетінде жұмыс істейді.
4. 1937 ж ... қызметін атқарады.
5. «Сұлушаш» поэмасы қандай мәселені көтеріп отыр?
6. Поэманың оқиғасы кімдердің төңірегіне құрылған?
7. «Сұлушаш» поэмасына ұқсас поэмалар.

Сұрақ-тапсырмалар:

С. Мұқановтың прозалық туындыларын ата	С.Мұқанов қай жерде туған?	С. Мұқановтың өлеңдерін ата
--	----------------------------	-----------------------------

III. Сабақты дамыту.

«Сұлушаш» өлеңмен жазылған роман деп жазылсын»,- деді С.Мұқанов. Поэманың бар оқиғасы Алтай мен Сұлушаштың төңірегіне құрылған. Яғни, екі жастың сүйіспеншілігі, бір-біріне махаббаты жырланады. Трагедия Сұлушашты Алтайдан айырудан басталады. Екеуінің албырт сезімін феодалдық қара күш аяққа таптайды. Ақыры қуғын-сүргінде Алтай мен Сұлушаш қайғыдан құса болып, азапта өледі. Шығарма халықтық «Сұлушаш» эпосының негізінде жазылған. С.Мұқанов кішкентайынан халық эпостарын жаттап өскен. Сұлушаштың прототипі: С.Мұқановтың жары – Мәриям.

«Сұлушаш» поэмасындағы кейіпкерлер:

Тілеуберді бай – Сұлушаштың әкесі.

Алтай – басты кейіпкер.

Сұлушаш – Тілеуберді байдың қызы.

Қайсар – Алтайдың досы.

Поэманың композициялық құрылысы

р/с	Композициялық элементтер	Композициялық жоспар	Суреттеу тәсілдері
1	Пролог Басталуы	Дүниеге келуі	Баяндау, суреттеу
2	Байланысы	а) Ұнату ә) Құдалық	Диалог, баяндау
3	Дамуы	Алып қашу	Баяндау
4	Шиеленісуі	Қуғын	Диалог, баяндау
5	Шарықтау шегі	Қарқаралы тауында	Баяндау, монолог, диалог
6	Шешімі	Азапта өлуі	Баяндау
	Идеясы	Тарих шындығы мен махаббат шындығын жырлаған ақын шығармасында әлеуметтік теңсіздіктің жастардың бас бостандығына бөгет болуы.	

Қысқаша мінездеме бер:

1-топ. Сұлушаш;

2-топ. Қайсар;

3-топ. Алтай.

IV. Мәтінмен жұмыс:

1. Алтай мен Сұлушаштың кездескен тұсын оқы.

2. Алтай ән салғандағы табиғат көрінісі.

3. Күйеудің ұрын келер сәтінде ауа райы қалай құбылды?

1-оқушыға:

Қандай кәсіп суреттелген?

Желіде жүр сауыншы көнек іліп,

Кеудесі ашық шынтақтан түгел жеңі...

Пісілді күрт- күрт етіп қара саба,

Даусына жаңғырықты мидай дала.

Иіндеп саба- саба жиған іркіт,

Асылып жер ошақта қайнады күрт...

2-оқушы:

Алтай мен Қайсар қандай кәсіппен айналысады?

Қазіргі таңда сол кәсіппен тең деп қай мамандықты атар едің?

V. Сабақты бекіту.

1. Үш жастың тағдыры. 2. Алтайдың өлімі қандай ой салды? Қазіргі заманмен салыстыр. 3. Прототип.

Сабақты қорыту.

«Мен маңғаз Алтайды құлдың баласы, өмірін кісі есігінде мехнат көрген батырақ еттім. Құлдың баласына ғашық Сұлушаш елге сыймай, тағы тауға барып паналаған болып шықты. Қайсар, Ермектерді жанымнан қостым да, сюжет құрдым. «Сұлшашты» сенің алтын шашыңа арнадым, Мәриям», - дейді С.Мұқанов.

М.Әуезов: «Қазақ әдебиетінің аға жазушысы Сәбиттің аты – қазақ оқушысының мол қауымына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі».

Үйге тапсырма: шығармадағы әдет- ғұрыптарды жазып келу.

Бағалау.

Құрманхан НҮРБЕКҚЫЗЫ,
«Сарыбастау» орта
мектебінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Кербұлақ ауданы.

«ҚҰРАЛАЙ СҰЛУ» КҰПИЯСЫ

Сабақтың мақсаты: ақын Иса Байзақовтың өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беріп, мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру, «Құралай сұлу» поэмасындағы бас кейіпкер Құралай тағдырын, елін сүйген, ел намысын қорғаған қазақ қыздарының алдыңғы қатарлы өкілі етіп, XVII-XVIII ғасырдағы көшпелі халықтар «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларын поэма арқылы тарихи шындықты мазмұны арқылы ұғындыру.

Міндеттері: білімділік – өзге ақын поэмаларындағы тарихи шындықпен және көркемдік шешіммен салыстыра келіп, негізгі ерекшеліктерінің сыр-сипатына тоқталу; **дамытушылық** – әдеби -теориялық білімдерін тереңдету, сауатты оқуға, жазуға, байланыстырып сөйлеуге, шығармашылыққа баулу; **тәрбиелік** – оқушыларды табиғатты сүйеге, сұлулығын танып-білуге баулу, туған жерге деген ана махаббатын жырлау.

Түрі: жаңа білімді меңгерту сабағы.

Әдісі: сұрақ-жауап, сатылай кешенді талдау, СТО стратегиясы.

Көрнекілігі: интерактивті тақта.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесіп, зейіндерін сабаққа аудару.

II. «Ой қозғау». Үй тапсырмасын сұрау:

1. Ғабит Мүсіреповтың «Ананың анасы» шығармасының кейіпкерлерін талдау;

2. Ғабит Мүсіреповтың шығармашылығынан тест тапсырмасы.

III. Жаңа сабақ.

Иса Байзақов 1900 жылы 3 қазанда Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Үлгілі ауылында дүниеге келген. Исаның әкесі Байзақ та, анасы Ғазиза да әнші, сауықшыл, өнерге жақын адамдар болған. 9 жасында шешесі қайтыс болып, әжесі Жанбаланың бауырында өседі, нағашы ағасы Рахмет оған домбыра тартып, ән салуды үйретеді. Ол кішкентайынан “Домбырашы бала”, “Әнші Иса “ атанады.

1924 жылы алғашқы өлеңдері жарияланады. 1926 жылы Қызылордада тұңғыш ұлттық театр ашылғанда Ә.Қашаубаев, Қ.Қуанышбаев, Қ.Жандарбеков, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, т.б. әртістермен бірге жаңа театрдың негізін қалаушылардың бірі болды. Алғаш М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегі»мен «Бәйбіше-тоқалында» басты рөлдерде ойнайды.

“Біржан-Сарада” Біржан рөлінде ойнап, ақындық, әншілік, домбырашылық, өнерімен жұртты ерекше сүйсіндіреді.

Атақты “Тәкку” әні ешбір өңдеусіз орындаумен “Қыз Жібек” операсына енді. Радиода, филармонияда, Жазушылар одағында қызмет етті.

Иса әйгілі “Құралай сұлу” дастанын шығарды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Оңтүстік Қазақстан облыстарында ел аралап, үгітшілік қызмет атқарады.



Иса Байзақовтың өмірі мен шығармашылығын және «Құралай сұлу» поэмасынан әңгіме:

1. Есім хан елінен шыққан әділ би – Монтай – насихатшы, ақыл иесі, ел мұңын жоқтаушы, ел арманын жеткізуші.

2. Қалмақ ханының қолына түскен Келденнің бас иеуі, бұл ерлігін естіген Сейхан қызының әрекеті.

3. Ана тапсырмасының Құралаға ой салуы.

4. Батырға қол ұшын беруі, елін іздеп табуға бел буғандығы.

5. Екі жастың жүрек соғысы.

6. Келденнің ел намысын қорғауы, Келден мен Құралайдың «Туған елім, қайдасың?» деп қос тұлпармен шығуы.

7. Екі жасқа қошемет көрсеткен табиғат.

8. Құралайдың портреті (табиғат есі кетіп тұр таң қалып). Күнмен шағылысқан бриллант, асыл киім, қарақаттай мөлдіреген көз, нұрланған ақша бет, жайдарлы жарқын жүз, аппақ тән, арудың сүйіріктей сұлу саусағы бірін-бірі ажарлап, табиғатты тамсандырып, тұлпармен жортып бара жатқан күйінде көз алдына келген.

9. Құралай қысылғанда ақыл-айла, тапқырлық танытады.

10. Құралайдың ізеттілігі.

11. Бетпақ даланың шөлін басып өтуі, көлге баруы.

12. Жолбарыстың Құралайды талауы.

13. Ана аманатының орындалуы.

14. Құралайдың өлер алдындағы батырға айтқан аманаты.

Тапсырма-тест.

1. Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» шығармасындағы Балаби, Жалпақ, Кейкі есімдері өмірде болған адамдар екенін ескеріп, бұл әңгімені қай жанрға жатқызамыз?

А/ Ертегі;

Ә/ Аңыз;

Б/ Шежіре;

В/ Әңгіме.

2. «Жылқының қиқулап оң жағына бір, сол жағына бір шықты да, айналып барып алдына түсіп, оң жаққа қарай тарта кеп жөнелді, жылқы да оның соңынан еріп, шығысқа қарай салуы қалай?» Бұл кім?

а/ қыздың әкесі;

ә/ қыздың анасы;

б/ жылқышы;

в/ Жалпақ.

3. «Бейшараның (әйелдің) бөз көйлегі жырым-жырым... Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Жалынған жоқ, сасқан жоқ, қырық жігітті билеп әкетті». Осы үзінді арқылы әйел бойынан қандай ізгі-қасиеттерді байқауға болады?

А/ қорқақтық;

Ә/ қайсарлық;

Б/ үрей;

В/ балаға махаббаты.

Бекіту:

«Нені білуіміз керек?»

1. Иса Байзақовтың өмір жолы мен шығармашылығы туралы.

2. «Құралай сұлу» поэмасын сатылай кешенді талдау.

1. «Құралай сұлу» поэмасын сатылай кешенді талдау.

• Авторы: Иса Байзақов – ақын, әнші, күйші, әртіс. 1900 жылы Павлодар облысы, Ертіс өңірінде дүниеге келген.

• Тақырып – белгілі бір дәуірдегі қоғамдық шындық, автор ойының қазығы. Бұл өлеңнің тақырыбы – жазғы кештің әдемі, жанды көрінісі, кешкі шапақтың тууы.

• Жанр түрі – өлең. Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келген өрнекті сөз жүйесі.

• Идеясы дегеніміз – ақынның айтар ойы мен мақсаты. Өлеңнің идеясы – жазғы кештің сұлулығын, кешкі шапақтың қызыл нұрдай боп тууын суреттеп, көз алдымызға елестетеді.

• Шумақ дегеніміз – аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді.

• Поэма 13 бөлімнен тұрады.

• Тармақ дегеніміз – өлеңнің әр жолы.

• Бунақ дегеніміз – белгілі дауыс ырғағымен бөлінуі. Бунақ саны – 3.

• Буын саны – дауысты дыбыс санына байланысты. Өлең 11-12 буынды.

• Ұйқас түрі.

Ұйқас дегеніміз – өлеңнің бітім, мазмұнымен тамырлас келіп, оған әуен, ерекше саз беріп тұратын өлең тармақтарындағы сөздердің үндестігі екендігін айтып кетеді. Өлең қара өлең ұйқасына құрылғанда (а-б-а).

• Әдеби теориялық ұғымдар:

Тенеулер: жібектей, қызыл тудай, маяқтың шамындай.

Теңеу дегеніміз – заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеу.

Қызғылт теңбіл, көк шатыр, алыс аспан, күн шапағын, көк теңізі, қызыл нұрдан – эпитеттер.

Эпитет дегеніміз – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз.

Жұлдыздар жаңа шықты сейіл құрған – кейіптеу.

Кейіптеу дегеніміз – жансыз көрініске, затқа жан бітіре суреттеу.

Исаның ақындық таланты, әсіресе, оның поэмаларында кең ашыла түсті. Соның ішінде «Құралай сұлу» – XVII-XVIII ғасырлардағы көшпелі халықтар арасында болған жаугершілікті сипаттай отырып, халық шығармасында өшпес із қалдырған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларын сипаттап, қазақ елінің басынан өтіп, сүйегіне жеткен ауыр кезең болғанын жыр етеді. Сондықтан да, ол – осы тақырыпқа арналған, тарихи шындықты көркем бейнелеген сәулесі, ел ауызындағы ғажайып аңыз.

Тапсырма:

1. Монтай бейнесін тауып оқы;

2. Келден бейнесін тауып оқы;

3. Сейханға сипаттама бер;

4. Басты кейіпкер – Құралайға сипаттама бер.

IV. Сабақты қорытындылау:

1. INSERT (түртіп алу жүйесі).

Білемін V	Білдім +	Білгім келеді ?

V. Бағалау. Сабаққа белсенді араласып отырған оқушылардың білімін бағалап, тиісті бағасын қою.

VI. Үйге тапсырма. «Құралай сұлу» поэмасын оқып, әңгімелеу. Табиғат суретін жаттау, кейіпкерлерді жазып талдау.

Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 10.06.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 3980.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСИ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №6, 2014 ж., 144 бет, Алматы.